

ҚМДБ наиб мүфтиі,
«Әзірет Сұлтан» мешітінің
Бас имамы Серікбай ОРАЗ

ТӘПСІР ТҰНЫҒЫ

(30-ПАРА)

Алматы 2014

УДК 28
ББК 86.36
О-65

**Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының сараптау
комиссиясы мақұлдаған**

Ораз С.

О-65 Тәпсір тұңығы (30-пара) / С. Ораз – Алматы, 2014 – 208 б.

ISBN 978-601-7495-31-2

Кітапта Құранның соңғы парасындағы қысқа сүрелердің тәпсірі берілген. Онда әр сүренің түсу себебі, мазмұндық ерекшеліктері мен жалпы мағынасы сөз болады.

Еңбек барша оқырман қауымға арналған.

УДК 28
ББК 86.36

ISBN 978-601-7495-31-2

© Ораз С. 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Құран – Ұлы Алланың ең соңғы Пайғамбарына түсіру арқылы бүкіл жер бетіне, барша адамзат баласына жіберген теңі жоқ, теңдесі жоқ ұлы нығметі. Жаратушы Иеміз осы ұлы сыйы арқылы адам баласын адастырмай, Алланың разылығына жекізетін даңғыл жолды көрсеткен, жақсы мен жаманның, адал мен арамның парқын білдірген.

Адам деген ардақты атқа ие болып, кемелдікке жетудің, екі дүниеде бақытты болудың жолдары мен тәртібін көрсеткен. Ендеше, кемелдікке де кісі Құран арқылы жетеді.

Құран намазда немесе марқұмдарға бағыштау үшін ғана оқылатын, түсініксіз, мәнсіз сөздер емес. Оның мазмұнында жаратылыстану ілімдерінің де, экономика, саясаттанудың да, заң ғылымы мен әлеуметтанудың да дәндері жатыр. Тіпті ғылыми әлемге енді ғана таныс бола бастаған эмбриология, бактериологияның да негізгі ұғымдарын осы қасиетті кітабымыздан табуға болады. Адамзат өркениеті мен мәдениетінің де бастауларын осы Құраннан көреміз. Бізге дейін қарт қара жерді кімдердің басып өткені, олардың басынан кешкендері, жетістікке жеткендері мен құрдымға батқандары – бәрі де тайға таңба басқандай сайрап тұр.

Жер жүзінде дәл Құрандай көп оқылатын, көп жатталатын, көп зерттелетін кітап жоқ. Дүниенің төрт бұрышындағы небір ұлттар мен ұлыстар қасиетті Құранды жаттап алуға, оның ішіндегі үкімдерді іске асыруға тырысып жүр.

Құранды оқу былай тұрсын, қолға ұстап, бетіне қарап отырудың өзі сауап саналады. Өйткені ол жай бір адамның емес,

барша болмысты «Бол!» деген жалғыз пәрменімен бар қылған ұлы Жаратушымыздың сөзі.

Кезінде осы Құранға ғылымның қайнар көзі ретінде қарайтын ұлы тұлғалар өткен. Оның әрбір әрпіне, тіпті әр әріптің асты-үстіндегі сызықша-белгілерге мұқият қарап отырып, адамзатқа пайдалы жаңалық ашқан мұсылман ғұламалары аз болмаған.

Құранды түсіну әр адамның ақысы болса, дұрыс біліп-үйренгендер оны түсіндіруге міндетті. Қасиетті Құранды дұрыс түсініп-білу бүгінгі қазақ жұртының өзекті істерінің қатарына жатады.

Бізді қоршаған ғаламның сырына да тек қана Құранның тереңіне бойлау арқылы көз жеткізе аламыз. Адам, табиғат, бүкіл болмыстың жаратылу мәнін Құраннан өзге кітаптан біле алмаймыз. Өйткені қандай ғалым болса да, оның адами ақылы бәрібір шектеулі. Алланың білімі болса – шексіз, қиырсыз.

Осы айтылғандар тұрғысынан келгенде, әр қазақтың діни кітапханасы «Тәпсір тұнығы» деген еңбекпен толығыуы көңілге медеу беретін жағдай. Ислам әлемінде тәпсір өте көп. Сонау Пайғамбарымыздың дәуірінде өмір кешкен Ибн Аббастан (р.а.) тартып, бірнеше рет Қазақстанда мейман болған марқұм, шейх Тантауи, бүгін көзі тірі Сабуни, Зухайли секілді небір саңлақтардың тәпсір саласындағы құнды еңбектері бар. Міне, сол дүниелердің нәрі ретінде қасиетті Құранның 30-парасына қазақ тілінде тәпсір жасалып отыр.

Менің орынбасарым, Наиб мүфти Серікбай қажы Ораздың бұл еңбегі қалың халыққа мол пайдасын тигізеді деген ойдамыз. Құранның соңғы парасы күнделікті құлшылықтарымызда, діни жиындарда жиі оқылатынын ескерсек, бұл бөлімнің тәпсірленуі, әсіресе, тиімді болмақ.

Момын жұртымыз осы еңбекке мән беріп оқып, ақылға салып, зерделеп шықса, қоғамның имандылығы да артары сөзсіз. Бір қоғам рухани дертке шалдықса, оның дауасын сөзсіз Құраннан табады.

Жинақтай келгенде, түсіне білген адамға қасиетті Құраннан қадірлі, Құраннан қастерлі, Құраннан әсерлі, Құраннан артық, Құраннан жақын, Құраннан жылы, Құраннан сіңімді, Құраннан жұғымды ештеңе жоқ.

Жүректерді ашушы Алла осы Құранды оқып-білу арқылы баршамыздың жүректерімізді иманға, мұсылманшылыққа, көркем мінезге ашсын. Ел-жұртымызға бірлік-ынтымақ нәсіп етіп, берекесі мен нұрын жаудырсын.

***ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти
Ержан қажы Малғажыұлы***

КІРІСПЕ

Құранның мән-мазмұнына жеке мұсылман ретінде де, дін саласының маманы ретінде де жастайымнан қызықтым. Өйткені Құран мұсылманның өмірінен ерекше орын алатын ең қастерлі кітап.

Сонау 90-жылдары Ташкент қаласында қарилар дайындайтын медреседе оқып, қасиетті кәламды жадыма тоқып жүрген кезімде де Құранда не айтылғанын білуге, ой елегіне салуға құмартқаным рас. Кейінірек Қазақстанда ашылған алғашқы Ислам институтында Құран тәпсірінен сабақ беру бақытына да ие болдым. Алланың сөзі – Құранды халыққа жеткізуден, түсіндіруден асқан қызмет жоқ шығар деген пікір санама әбден орнап алды. Ардақты Пайғамбарымыздың (р): «Адамдардың ең жақсысы Құранды өздері үйреніп, содан соң өзгелерге үйреткендер» деген хадисі де осы салада еңбектенуге, ізденуге қамшы болды. Өйткені Құранның сырлары ашылған сайын тек өзіміздің емес, елдің де рухани деңгейі, мәдениеті, ғылымға деген құштарлығы арта түседі.

Тарихтың талай зобалаңынан өткен момын жұртымыздың Құранға деген құрметін, терең сүйіспеншілігін бұрыннан білетінмін. Мағынасын толық білмесе де, «Жарықтық-ай!» деп Құранды құшағына басқан, көздері жасаурап тұрып сүйіп те алған ата-әжелерді көзім көрді. Сондықтан болар, осы Құранның мән-мазмұнын алдымен өзім түсініп, содан соң өзге бауырларымызға жеткізсем деген арманым болатын. Сол арманның нәтижесі, міне, араға бірталай жыл салып шағын бір кітап болып қолыңызға тиіп отыр.

Құранның қадірін бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Талай ғасырлардан қаншама қарилардың жүрегінде хат болып қатталған Ұлы сөздің астары өте тереңде жатыр. Құран – құлшылық, Құран – ғылым, Құран – шипа. Ол – мәдениет, ол – өркениет. Қысқасы, ол – бүкіл адамшылық қасиеттердің қайнар бастауы. Құран арқылы Алла Тағала өз пенделерін қараңғылықтардан жарық нұрға алып шығады.

Бүгінге дейін Ислам тарихында Құран жайлы, оның терең мазмұны жайлы сансыз көп еңбектер жасалды. Қаншама ұлы тұлғалар осы салада қызмет етті. Сонау сахабалардан бастап, небір ұлық имамдар, ғалымдар, ғұламалар Құранның сырын ашуға ат салысып келеді. Бірақ сонда да Құран қай ғасырда, қай дәуірде болмасын, ең биіктердің биігінде. Жан пенденің қолы жетпес көкжиктерде. Әр пенде өз деңгейіне қарай оның мазмұнынан інжу маржанын теруде. Алайда ол теңізге батырылып алынған иненің ұшындай ғана болып қала береді.

Елімізде де Құранның бірнеше аудармасы жасалды. Марқұм Халифа Алтай атамыздың, бұрынғы құрметті мүфтиіміз Рәтбек қажы Нысанбайұлының, Нұралы Өсеровтың, Зәріпбай Оразбайдың тәржімалары халыққа етене таныс. Сонымен қатар Уаһап қажы Қыдырханұлының, ағайынды Ғазиз бен Мақаш Ақытұлдарының да бұл салада елеулі еңбектері бар екенін білеміз. Тіпті шайхулислам Асадуллаһ Әл-Хамидидің 1906 жылы Қазанда басылып шыққан «Тәпсір Әл-Иткан фи Тәржұматұл - Құран» деген татар тіліндегі аудармасы да бір кездері қазақтың діни сауатының артуына өзіндік үлесін атап айтуға тиіспіз.

Ал енді біздің жасап отырған тәпсірімізде де қасиетті Құранды түгел қопарып, тыңнан сүрен салдық деп айта алмаймыз. Құранның мағыналық аудармасынан бөлек қысқаша

тәпсір беру арқылы әрбір аяттың санаға тереңдеу орнығуына себеп болсақ дегенді мақсат тұттық. Тәпсірлеу барысында кейбір аяттардың түсу себептерін, кейбір аяттардың астарындағы хикмет-сырларды аша кетуге де тырыстық.

Әрине, Құранның теңізден терең мәнін, мазмұн байлығын жеткізе алдық деген пікірден әлбетте аулақпыз. Бұл жағынан пенделік әлсіздігімізді мойындаймыз.

«Кірсіз Ай, мінсіз бір Құдай» демекші, еңбек болған соң онда кем-кетіктің болуы да заңды. Аудармасы жағынан болсын, берілу тәсілінен болсын, кейбір қателіктердің шығары сөзсіз. Бірақ көш жүре түзелетіні секілді, бұл еңбек те қайта басылып жатса, тағы да әрлене, екшеле түсетініне сенеміз.

Бұл жұмыс осымен тоқтап та қалмайды. Құранның осы 30-парасымен қоса өзге бөліктері де аударылып, тәпсірленеді деп үміттенеміз. Алла соған күш-қуат, қажыр-қайрат нәсіп етсін деп тілейміз.

Сөзіміздің соңында осы еңбекті жасап шығуға мұрсат берге Алла Тағалаға шексіз мадақ-мақтаулар, Оның соңғы елшісі, сүйікті Пайғамбарымызға жаратылыстың санындай сәлем салауаттар жолдаймыз. Қияметке дейін оның соңынан ерген барша мұсылман бауырларымызды Ұлы Раббымыз шексіз мейірім-рақымына алсын.

Автор

«НӘБӘ» СҮРЕСІ

«Нәбә» (Амма) Меккеде түскен сүре. Сүренің «Нәбә» (хабар) деп аталуы онда қиямет және қайта тірілу жайлы маңызды хабар баяндалады. Сүренің негізгі мазмұны мүшріктер мойындамайтын «қайта тірілуді» түрлі дәлелдермен көрсету. Сол себепті, сүре мүшріктердің бір-біріне қайта тірілу жайлы сауал қоюмен басталған. Және де, қиямет күні мен одан кейін орын алатын жаратылыстың тірілуі мен есеп-қисап жайы баяндалады. Соңынан, қайта тірілуді жоққа шығарған мүшріктерді күтіп тұрған қорқынышты салдарын ескертумен аяқталған.

«Қайта тірілу» туралы ой меккелік кәпірлердің басым көпшілігін мазалаған жайт еді. Тіпті, олар ішінара оны растаушы және жалғанға шығарушы боп екі топқа бөлінді.

Бұдан кейін Алла Тағала ғаламдағы түрліше ғажайыптарды жаратудағы құдіретін паш ете отырып, керемет жаратылыстар мен құбылыстарды жоқтан бар еткен құдірет Иесі адамды қайта тірілтуге дәрменсіз емес екенін жеткізеді.

Сүреде қайта тірілу уақыты мен мерзімі Жаратушы құзырында белгіленіп қойылғандығы және ол пенделер арасындағы төрелік шығарылатын күн екені айтылған. Бұл күні Алла Тағала адамзаттың әуелгі және кейінгілерін түгелімен бір жерге жинайды.

Кәпірлерге әзірленген алуан түрлі азап сөз етіледі. Және тақуа жандарға уәде етілген нығмет түрлері айтылады. Азап

және нығмет, жаза және сыйлық. Осылайша, қорқыту және қызықтыру әдісін қатар қолдану – Құранның тәсілі.

Сүре соңында қияметтің қорқынышы сөз етіледі. Қияметтің үрейінен кәпірлер қайта тірілмей-ақ және дүниедегі амалына есеп бермей бірден топырақ болып кетуді армандайтындығы баян етіледі.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

عَمَّ يَتَسَاءَلُونَ

1. Олар бір-бірінен не жайлы сұрасуда?

Мүшріктер бір-бірінен не жайлы сұрауда? Ибн Жарир және Әбу Хатим әл-Хасан әл-Басриден *«Пайғамбар (р) жіберілген кезде адамдар бір-бірінен сұрай бастады. Сонда осы сүре түсті»*, – деп риуаят етеді.

عَنِ النَّبِيِّ الْعَظِيمِ

2. Зор уақиғадан.

Олар өте қорқынышты және маңызды қайта тірілу күнінің хабарын сұрауда.

الَّذِي هُمْ فِيهِ مُخْتَلِفُونَ

3. Олардың өздері ол уақиға жөнінде таласуда.

Мүшріктер қайта тірілу күні жайлы бірі мойындаса, екіншісі жоққа шығаруда және бірі растаса, екіншісі өтірікке шығарып таласуда.

كَلَّا سَيَعْلَمُونَ

4. Жо-жоқ, олар таяу арада біледі.

Олар әлі-ақ, қайта тірілу мен есеп беру күні келгенде анық білетін болады.

ثُمَّ كَلَّا سَيَعْلَمُونَ

5. Мүлде олай емес, олар жақында біледі.

Олар өлген соң мұның рас екенін біледі. Бір аятты екі рет қайталау мәселенің аса маңызды екенін аңғартады. Олардың қайта тірілу жайында таласуы жөн емес. Бұл жөнінде Құран ақиқатты айтуда.

أَلَمْ نَجْعَلِ الْأَرْضَ مِهَادًا

6. Біз жерді төсеніш жасамадық па?

Келесі аяттарда Алла Тағала қайта тірілтуге құдіреті жететіндігін көрсететін тоғыз дәлел келтіруде. Ең біріншісі, жерді нәрестенің бесігіндей төсеніш етуі.

وَالْجِبَالَ أَوْتَادًا

7. Ал, тауларды болса қазық...

وَخَلَقْنَاكُمْ أَزْوَاجًا

8. Сендерді жұп-жұп етіп жараттық.

Жердің тепе-теңдігін сақтап әрі оны қимылдатпау үшін тауларды қазық еткені. Және барлық мақлұқаттар мен өсімдіктерді аталық және аналық етіп жұбымен жаратуы.

وَجَعَلْنَا نَوْمَكُمْ سُبَاتًا

9. Ал, ұйқыларыңды тынығу еттік.

Ұйқыны күндізгі дамылсыз іс-әрекетті тоқтату және тәнді демалдыру һәм рақат беру уақыты етуі.

وَجَعَلْنَا اللَّيْلَ لِيَاسًا

10. Һәм түнді жамылғы қылдық.

Түнді жамылатын және бүркенетін етуі.

وَجَعَلْنَا النَّهَارَ مَعَاشًا

11. Күндізді тіршілік мезгілі етіп жараттық.

Күндізгі уақытты өмір сүру және тіршілік қамын жасау уақыты еттік. Бұл – өмір сүру үшін табыс табу және несібе теру уақыты.

وَبَنَيْنَا فَوْقَكُمْ سَبْعًا شِدَادًا

12. Үстеріңе жеті қат берік көк құрдық.

وَجَعَلْنَا سِرَاجًا وَهَاجًا

13. Жарқыраған күнді шырақ еттік.

Сендердің үстілеріңнен берік құрылыс етіп жеті қабат аспанды жараттық. Ал, күнді аспандағы шырақ сияқты етті.

وَأَنْزَلْنَا مِنَ الْمُعْصِرَاتِ مَاءً ثَجَّاجًا

14. Сығылысқан бұлттардан мол су (жаңбыр) жаудырдық.

لِنُخْرِجَ بِهِ حَبًّا وَنَبَاتًا

15. Онымен дәнді дақыл, өсімдік шығару үшін.

Ақ және қара бұлттардан нөсерлетіп жаңбыр жаудырдық. Жаңбыр суымен адамдар үшін арпа-бидай және де басқа қоректі дәнді-дақылдарды, ал мал-жануарларға шөп сияқты өсімдіктер шығардық.

وَجَنَّاتٍ أَلْفَافًا

16. Және ну бақшалар.

Сонымен бірге, ағашы мол бау-бақшалар жаратты. Алла Тағала осы тоғыз дәлелді өзінің адамзатты және барлық мақұлықатты қайта тірілте алатындығын паш етіп, құдіретін көрсету үшін баяндауда. Өйткені, жоғарғы аяттарда айтылған

құбылыстарды жарата алған құдірет иесі, өліп жоқ болып кеткен тіршілікті де қайта тірілте алады.

إِنَّ يَوْمَ الْفَصْلِ كَانَ مِيقَاتًا

17. Расында Төрелік күні – белгіленген бір мерзім.

Есеп-қисап күні – Алла Тағала құзырында белгіленген күн. Қиямет күні ешбір ілгерілемейді және кейінге қалдырылмайды. Шын мәнінде, қияметтің мерзімі барлық жаратылысқа билік етуші Алла Тағалаға ғана аян. Қияметтің «бөлу, төрелік ету» күні деп аталуының себебі, ол күні Алла Тағала пенделерінің арасында төрелік етіп, жақсы мен жаманның арасын бөледі.

يَوْمَ يُنْفَخُ فِي الصُّورِ فَتَأْتُونَ أَفْوَاجًا

18. Сүр үрілген күні, сендер топ-топ болып келесіңдер.

Сүр екінші рет қабірдегілерді тұрғызу үшін үрленген кезде, пенделер қабірден топ-тобымен және тайпа-тайпа болып тіріліп келеді.

وَفُتِحَتِ السَّمَاءُ فَكَانَتْ أَبْوَابًا

19. Көктер ашылып, есіктер пайда болады.

Келесі аяттарда қиямет күнінде орын алатын қорқынышты жағдайлардың көрінісі суреттеледі. Төбедегі көк аспандар жарылып көптеген есіктер пайда болады.

وَسَيَّرَتِ الْجِبَالَ فَكَانَتْ سَرَابًا

20. Ал, таулар жүргізіліп, сағымға айналады.

Таулар өз орнынан жылжытылып, қарағанда сағым сияқты қалқып тұрады.

إِنَّ جَهَنَّمَ كَانَتْ مِرْصَادًا

21. Расында, тозақ күтіп тұрушы.

Тозақ, өз дұшпанынан есесін алу үшін тасада аңдып тұрған адамдай, кәпірлерді бақылап, күтуде. Тозақ Алла Тағаланың дұшпандарын жалындаған отымен азаптау үшін күтеді.

لِلطَّاعِينَ مَأْبًا

22. Шектен шыққандар үшін оралар жер.

Шындығында, тозақ шектен шыққандардың барар жері.

لَا يَثِينَنَّ فِيهَا أَحْقَابًا

23. Олар онда ғасырлар бойы қалып қояды.

Олар тозақта мәңгі шектеуі жоқ уақытқа тұрақтайды. Құртуби: *«Кәпірлер тозақта ғасырлар бойы қалады. Бір ғасыр кетсе, артынан тағы бір ғасыр келеді. Өйткені, ақырет уақытының шегі жоқ»*, – деген.

لَا يَذُوقُونَ فِيهَا بَرْدًا وَلَا شَرَابًا

24. Олар онда салқынды да, сусын да татпайды.

Олар тозақта жантүршіктірер ыстықтан қорғайтын салқынды да, шөлді басатын сусынды да сезіне алмайды.

إِلَّا حَمِيمًا وَعَسَاقًا

25. Бірақ қайнап тұрған су және ірің ішеді.

Сусын етіп тек қатты қайнап тұрған су және тозақта азапталушылардың бойынан аққан ірің беріледі.

جَزَاءً وَفَاءً

26. Қылмыстарына сай жаза ретінде.

Бұл олардың дүниедегі істеген күнәлары мен күпірлігіне тиісті «сыбағасы».

إِنَّهُمْ كَانُوا لَا يَرْجُونَ حِسَابًا

27. Шындығында олар, есепке тартылуды ойламаған еді.

Тозақтағы кәпірлер тіршілігіндегі істеріне есебін береміз деп ойламады. Олар Алла Тағала құзырына баратындығына сенбеді. Сондықтан да, оларға берілген жаза әділ.

وَكَذَّبُوا بِآيَاتِنَا كِذَابًا

28. Ал, аяттарымызды болса өтірікке шығарған еді.

Сондай-ақ, кәпірлер Алла Тағаланың қайта тірілтуді көрсететін белгілерін жоққа шығарып, Құран аяттарын өтірік деп мойындамады.

وَكُلَّ شَيْءٍ أَحْصَيْنَاهُ كِتَابًا

29. Біз әр нәрсені жазып, есепке алып сақтадық.

Әрине, олардың бұл жасаған қылмыстары мен күнәларын, айтқан сөздерін, істеріне лайықты жаза беру үшін амал дәптеріне жаздық.

فَذُوقُوا فَلَنْ نَزِيدَكُمْ إِلَّا عَذَابًا

30. Енді татындар, ал енді сендерге азаптан басқа еш нәрсені еселемейміз» (делінеді).

Тәпсіршілер: «Құран Кәрімде тозаққа түскендерге бұл аяттан ауыр келетін аят жоқ. Олар бір азаптан сақтауды сұрап жалбарынған кезде, екінші азаптың түрімен жауап беріледі¹», – деген екен. Бұл аяттарда тозаққа түскен бақытсыздардың жағдайы бейнеленген.

إِنَّ لِلْمُتَّقِينَ مَفَازًا

31. Негізінде тақуалар үшін құтылу бар.

¹ Құртуби

Алла Тағаланың әмірін орындап, тыйымынан сақтанған ізгі тақуалар тозақтан құтылады. Және жаннат нығметтеріне қол жеткізеді. Бұл нығметтер келесі аяттарда айтылады.

حَدَائِقَ وَأَعْنَابًا

32. Бақшалар һәм жүзім бақтары бар.

Оларға түрлі жемісті баулар, гүлдер мен жүзімдік алқаптар бар. Адам құмартқан жүзімнің сан-түрі беріледі.

وَكَوَاعِبَ أُنْرَابًا

33. Және жас құрдас, толық омыраулы қыздар бар.

Және жастары құрдас жап-жас тұла бойында мін жоқ хор қыздары.

وَكَأْسًا دِهَاقًا

34. Толы кесе бар.

لَا يَسْمَعُونَ فِيهَا لُعْوًا وَلَا كِذَابًا

35. Олар онда (жұмақта) бос сөз және өтірік естімейді.

Жаннатта адамдар пайдасыз бос сөз және жалған сөз естімейді. Өйткені, жаннат – амандық мекені. Сондықтан, жаннаттағы әрбір нәрсе жалған және кемшілік атауынан аман болады.

جَزَاءً مِّن رَّبِّكَ عَطَاءً حِسَابًا

36. Міне, бұл – Раббыңнан толық бір сыйлық.

Алла Тағаланың оларға уәде еткендей мол сыйлықтар бар. Сондай-ақ, сый-сияпаттарын үстемелеп асыра береді.

رَبِّ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَا بَيْنَهُمَا الرَّحْمَنِ

لَا يَمْلِكُونَ مِنْهُ خِطَابًا

37. Көктер мен жердің әрі ол екеуінің арасындағы барлық нәрсенің Раббысы – Рахман Алла. Оған (рұқсатсыз) ешкім тіл қата алмайды.

Бұл пәрмен аспандар мен жердің һәм арасындағы барлық жаратылыстың Раббысы барлығын өз мейірімділігіне бөлеген Алла Тағаладан. Ешкім сол күні басынан пәлекетті кетіру және азаптан құтылу үшін үн қатуға шамасы келмейді.

يَوْمَ يَقُومُ الرُّوحُ وَالْمَلَائِكَةُ صَفًّا لَا يَتَكَلَّمُونَ إِلَّا

مَنْ أذِنَ لَهُ الرَّحْمَنُ وَقَالَ صَوَابًا

38. Ол күні Жәбірейіл және періштелер, сап түзеп тұрады. Рахман Алланың рұқсатынсыз ешкім сөйлемейді әрі дұрысын ғана айтады.

Үрейлі қиямет күні Жәбірейіл және періштелер қорыққан күйде сап түзеп тұрады. Олардың ешқайсысы Мейірімді Алла шапағат етуге рұқсат бермейінше сауапты көбейту немесе азапты азайтуды сұрай алмайды. Сауи: *«Періштелер жаратылыстың ең абзалы бола тұра, Алла Тағаланың рұқсатынсыз ешкімге шапағат ете алмайды. Періштелерге рұқсат етілмеген нәрсе басқаларға қалайша рұқсат етілсін?!»*, – дейді.

Әрі шапағат сұраушы ақиқатты әрі шындықты айтуы керек. Шапағат етілетін жан бір Аллаға иман еткен адам болуы тиіс.

ذَلِكَ الْيَوْمِ الْحَقِّ فَمَنْ شَاءَ اتَّخَذَ إِلَىٰ رَبِّهِ مَآبًا

39. Сол күн – хақ. Ендеше кім қаласа, Раббысына барар жол тұтсын.

Бұл күн сөзсіз келетін қиямет күні. Ал, кімде-кім Алла Тағала құзырына иманмен, ізгі амалдармен қайтуды қаласа, қамдансын. Бұл үндеу және ынталандыру сөздері.

إِنَّا أَنْذَرْنَاكُمْ عَذَابًا قَرِيبًا يَوْمَ يَنْظُرُ الْمَرْءُ
مَا قَدَّمَتْ يَدَاهُ وَيَقُولُ الْكَافِرُ يَا لَيْتَنِي كُنْتُ تُرَابًا

40. Негізінде жақын бір азапты ескерттік. Ол күні алдын ала не істегеніне қарайды. Сол шақта кәпір: «Әттең! Топырақ болып кеткен болсам ғой», – дейді.

«Ей, қайта тірілуді жоққа шығарушы құрайыш кәпірлері. Расында біз сендерді таяуда келетін ақырет азабынан сақтандырудамыз. Қияметті «жақын күн» деп айтуының мағынасы, әрбір келе жатқан күн жақын екенін білдіреді. Ол күні адам өзі жасаған жақсы да жаман ісінің амал кітабына бекітілгенін көреді. Міне, сол күні кәпір мүлде жаратылмаған және құлшылық міндетін алмаған болуын қалап: «Әттең, есеп-қисап астында қалмау үшін топырақ болып кетсем ғой», – дейді. Тәпсіршілер: «Қиямет күні Алла Тағала жан-жануарларды тірілтіп, тоқал жануар мүйізді жануардан өз ақысын алады, соңынан жан-жануарлар түгелімен топыраққа айналады. Міне, сол кезде кәпірлер де азаптан құтылу үшін топыраққа айналып кетуді қалайды», – деген.

«НАЗИҒАТ» СҮРЕСІ

«Назиғат» басқа да меккелік сүрелердей мазмұны Алла Тағаланың бірлігі, пайғамбарлық, қиямет күні және есеп-қисап сияқты сенім негіздері жайлы. Сүре қиямет және сол күндегі қорқынышты оқиғалар мен құбылыстар және күнәһарлар мен тақуалар төңірегінде әңгіме өрбітеді.

Сүре мұсылмандардың жанын жұмсақтықпен алатын, ал кәпірлердің жанын қинап қатты алатын және Алла Тағала әмірімен жаратылыстың ісін бақылайтын періштелерге серт етіп басталады.

Сосын, қайта тірілу күнін мойындамайтын мүшріктердің сол күнгі жағдайын суреттейді.

Шектен шыққан перғауынның өзін құдай деп жария еткені айтылады. Сонда Алла Тағала оны және қауымы қыбт халқын суға батырып жоқ еткені баяндалады.

Бұған қоса, меккеліктердің Алла елшісіне (р) қарсылық танытып, шектен шығуы. Сонымен бірге, Алла Тағаланың басқа жаратқан құбылыстарынан меккелік мүшріктердің әлдеқайда дәрменсіз екені ескертіледі.

Сүре соңында мүшріктер алыс деп санаған қиямет күнінің мерзімі туралы сөз қозғалады.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

وَالنَّازِعَاتِ غَرْقًا

1. Жұлып шығарушылармен.

Кәпірлердің жанын қинап, жұлып алушы періштелерге серт!

وَالنَّاسِطَاتِ نَسْطًا

2. Жеңіл етіп алушылармен.

Мұсылмандардың жанын оңай ғана, ешбір қинамай жұмсақ етіп алушы періштелерге серт. Ибн Масуд (р.а.): «Расында өлім періштесі және оның жәрдемшілері кәпірдің жанын жүннен тісі көп темірді суырғандай етіп қинап алады. Кәпірдің жаны суға кеткен адамдай болып шығады. Ал, мұсылманның жанын жұмсақ та, жеңіл етіп алады. Оны түйенің аяғынан шылбырын пешкендей етіп оңай ғана алады», – деген.

وَالسَّابِحَاتِ سُبْحًا

3. Және жылдам жүзушілермен.

Алла Тағаланың әмірі мен уахиын алып түсуде аспаннан суда жүзгендей болып түсуші, Жаратқанның жарлығын орындауда тым асығыс періштелерге серт.

فَالسَّابِقَاتِ سَبْقًا

4. Жарысып озушылармен

Мұсылманның жанын жаннатқа жарыса алып барушы періштелерге серт

فَالْمُدَبِّرَاتِ أَمْرًا

5. Әрі істі меңгеруші (періштелермен) серт.

Алла Тағала әмірі бойынша әлемде жел, жаңбыр, ризық-несібе, адамдардың өмірі және басқа да құбылыстарын реттеуші періштелерге серт.

Алла Тағала періштелердің осы бес түрімен серт ете отырып қиямет күнінің ақиқат екендігін айтуда. Әлбетте, қайта тірілесіндер және істегендеріне есеп бересіндер деуде.

يَوْمَ تَرُجُّفُ الرَّاجِفَةُ

6. Ол күні сілкінуші сілкінеді.

Бірінші рет сүр үрленген кезде барлық тіршілік қырылып, жер сілкініп, таулар қирайды.

تَتَّبِعُهَا الرَّادِفَةُ

7. Оның артынан ілесіп тағы бір сілкінеді.

Екінші рет сүр үрленген кезде барлық тіршілік қайта тіріліп, қабірден шыға бастайды. Бірінші сүр үрленгенде Алла Тағаланың қалауымен барлығы өледі, екінші рет үрленгенде Алла Тағаланың қалауымен қайта тіріледі.

قُلُوبٌ يَوْمَئِذٍ وَاجِفَةٌ

8. Ол күні жүректер тігірейді.

Қиямет күні кәпірлердің жүрегі қорқыныштан қатты дірілдеп, шошиды.

أَبْصَارُهَا خَاشِعَةٌ

9. Ал, көздері болса қорлана төмен қарайды.

Сол жүрегі қорыққан кәпірлер өздері көрген жан түршігерлік жағдайдан көздерінде қорлық пен үрей пайда болады.

يَقُولُونَ أَأَنَّا لَمَرْدُودُونَ فِي الْحَافِرَةِ

10. Олар (сенбеушілер): «шын, біз қайта кері қайтарыламыз ба?»

Сенбеушілер дүниеде жүргенде мазақ етіп: «Өлген соң қайта тірілеміз бе, алғашқы қалпымызға қайта кіреміз бе?» – деуші еді.

أَإِذَا كُنَّا عِظَامًا نَجْرَةً

11. «Тіпті, қоқымға айналған сүйек болсақ та ма?»

Және де: «Біз құраған сүйекке айналған соң қайта жанданамыз ба?», – дейді.

قَالُوا تِلْكَ إِذًا كَرَّةٌ خَاسِرَةٌ

12. Олар: «ендеше ол қайғылы бір қайту екен», – дейді.

Мойындамайтындар: «Егер қайта тірілу рас болса, өлімнен кейін қайта өмір болса, біз зиянға ұшырағандар қатарынан боламыз. Өйткені, біз тозақ иелерінен болып қаламыз», – дейді.

فَأَنَّمَا هِيَ زَجْرَةٌ وَاحِدَةٌ

13. Негізінде ол қатты бір дауыс қана.

Шын мәнінде, қайта тірілу бір (екінші) рет қана сүрге үрлеу. Міне, сол кезде қабірдегілер қайта тіріледі.

فَإِذَا هُمْ بِالسَّاهِرَةِ

14. Сол уақытта олар жерде тіріліп тұрады.

Жер қойнауында жатқан барлық өлген жаратылысқа қайта жан бітіп, жердің бетіне шығады. Ал, Сахира – Шам жері деген риуаят бар.

هَلْ أَتَاكَ حَدِيثُ مُوسَى

15. Саған Мұсаның хабары келді ме?

Алла Тағала пайғамбары Мұхаммедті (р) көңіліне медет беру үшін және шектен шыққан елдің басына келетін апаттарды еске салу үшін елін құлағдар етіп, Мұсаның перғауынмен болған қиссасын айтуда.

إِذْ نَادَاهُ رَبُّهُ بِالْوَادِ الْمُقَدَّسِ طُوًى

16. Сол уақытта, Раббысы оған қасиетті Тұуа ойпатында

үн қатты:

Мұсаның Раббысы оған пәк те құтты Тұуа ойпатында үн қатты. Тұуа – Тур Сина тауының етегінде орналасқан.

أَذْهَبَ إِلَى فِرْعَوْنَ إِنَّهُ طَغَى

17. «Перғауынға бар. Өйткені ол шектен шықты»

Алла Тағала Мұсаға : «Мысырдың перғауынына барып айт, ол бұзықтықта, тәкаппарлықта және Алла Тағалаға күпірлікте тым шектен шығып кетті».

فَقُلْ هَلْ لَكَ إِلَىٰ أَنْ تَزَكَّىٰ

18. Және оған: «Тазарғың келе ме?»

Оған жұмсақтықпен: «Алла Тағалаға иман етіп күпірлік пен күнәдан тазарғың келеді ме, қалайсың ба?», – де

وَأَهْدِيكَ إِلَىٰ رَبِّكَ فَتَخْشَىٰ

19. «Саған Раббыңа баратын жолды көрсетейін. Одан қорқарсың», – де.

«Раббыңды тануға, сондай-ақ, иманға жол көрсетейін. Парыздарын орындап, харамнан қашып Оның жазасынан қорқар боларсың», – де. Қорку – істің негізі. Өйткені, Алла Тағаладан қорыққан адам бойынан тек жақсылық тарайды.

فَأَرَاهُ الْآيَةَ الْكُبْرَىٰ

20. Мұса перғауынға ірі мұғжизаны көрсетті.

Мұса перғауынға барып, оны тура жолға шақырды және сөйлесті. Перғауын Алла Тағалаға иман етуден бас тартқан кезде, Мұса пайғамбар оған ең үлкен мұғжизасын көрсетті. Үлкен мұғжиза – пайғамбардың қолындағы аса таяқтың айдаһарға айналуы.

فَكَذَّبَ وَعَصَىٰ

21. Алайда, ол өтірікке балап, қарсылық танытты.

Перғауын Мұса пайғамбарға өтірікші деп жала жауып, өз көзімен ұлық мұғжизаны көрсе де Алла Тағала өміріне қарсы шықты.

ثُمَّ أَدْبَرَ يَسْعَىٰ

22. Кейін ол теріс айналып, шара қолдануға бел

буды.

Жаратушыға иман етпей және Мұсадан да теріс айналып, жер бетінде бұзықтық жасаудан тиылмады. Мұсаның пайғамбарлығын жоққа шығарумен болды.

فَحَشَرَ فَنَادَى

23. Адамдарды жинап, жар салып:

فَقَالَ أَنَا رَبُّكُمُ الْأَعْلَى

24. «Мен сендердің ең ұлы иелеріңмін», – деді.

Перғауын сиқыршыларды, әскерін, нөкерлерін және ел-жұртты жинап: *«Сендердің жағдайларыңды жасап отырған құдай менмін, менен жоғары құдай жоқ»,* – деді.

فَأَخَذَهُ اللَّهُ نَكَالَ الْأَخْزَةِ وَالْأُولَى

25. Сондықтан Алла оны ақырет және дүние азабымен жазалады.

Сол үшін Алла Тағала оны қорлыққа кіріптар етті. Дүниеде суға батырып, ақыретте отқа жағып азапқа салды. Міне, бұл басқаларға ғибрат болуы тиіс.

إِنَّ فِي ذَلِكَ لَعِبْرَةً لِمَن يَخْشَى

26. Расында мұнда қорыққан кісі үшін әлбетте бір ғибрат бар.

Шын мәнінде перғауынның жазалануында Алла Тағаладан қорқатын жан үшін ғибрат болмақ.

أَأَنْتُمْ أَشَدُّ خُلُقًا أَمْ السَّمَاءُ بَنَاهَا

27. Сендерді жарату қиын ба немесе аспанды ма? Алла оны да жасады.

Ақыретті жоққа шығарушыларға: *«Сендерді жарату қиын ба, әлде құрылысы бекем аспанды жарату ма?»* – деп ескертуде.

رَفَعَ سَمَكَهَا فَسَوَّاهَا

28. Оның биіктігін көтеріп, оны теңестірді.

Аспанды жоғары да биік етті. Аспанның жан-жағы тең етілді. Ибн Касирде: *«Шатырын биік, айналасын тең ешбір*

тесік және кемшіліксіз тіреуішсіз жаратты. Түнде жұлдыздармен безендірді», - делінген.

وَأَعْطَشَ لَيْلَهَا وَأَخْرَجَ ضُحَاهَا

29. Оның түнін қараңғылатып, күндізін жарыққа шығарды.

وَالْأَرْضَ بَعْدَ ذَلِكَ دَحَاهَا

30. Мұнан соң жерді төседі.

Аспанды бекем еткен соң жерді жаратты. Жерді домалақтығына қарамай адам баласына өмір сүруін оңай етіп төсеп жайды.

أَخْرَجَ مِنْهَا مَاءَهَا وَمَرْعَاهَا

31. Одан (жерден) су және жайылымын шығарды.

Жерді жарып астынан бұлақ пен өзен суларын шығарып, адам және жан-жануарлар жейтін өсімдік өсірді.

وَالْجِبَالَ أَرْسَاهَا

32. Оған таулар орналастырды.

Тауларды жерге орналастырды. Жер тұрақтап, қозғалмауы үшін тауларды оған қазық етіп қақты.

مَتَاعًا لَكُمْ وَلِأَنْعَامِكُمْ

33. Сендердің пайдалануларың үшін және малдарың да.

Барлық зат пен нығметті сендерге және жануарларға арнап жараттық. Алла Тағала жерден өсірген өсімдік, ағаш, дәнді-дақыл, жеміс, киім-кешек пен дәрі-дәрмек және басқа да қорек пен заттар адамзат пен жануарларға арналған. Тіпті, судан шығатын тұз бен ағаштан алынатын от та. Алла Тағала жеті қабат аспан мен жерді жаратқанын, жер мен көкте сан-алуан

ғажайып жаратылыстарды жоқтан бар еткенін айтуы мақұлықаттың қайта тірілуіне ақыли дәлел.

فَإِذَا جَاءَتِ الطَّامَّةُ الْكُبْرَى

34. Бірақ үлкен қайғы (қиямет) келген сәтте

Қорқынышы барлық нәрсені жайлап кететін және басқа уақиғалардан да жоғары тұратын ірі уақиға «таммат кубра» қиямет күні келген шақта

يَوْمَ يَتَذَكَّرُ الْإِنْسَانُ مَا سَعَى

35. Сол күні адамзат не нәрсеге ұмтылғанын еске түсіреді.

Сол бір ғаламат күн келген сәтте адам баласы дүниеде жасаған жақсы да жаман ісін есіне түсіре бастайды. Істеген ісі амал дәптерінде жазылып тұрады.

وَبُرَّرَتِ الْجَحِيمُ لِمَنْ يَرَى

36. Жалындаған от көрушілерге көрсетіледі.

Жанып тұрған тозақ ешкімнің көзінен таса болмайды. Барлығы да оны өз көзімен көреді. Қиямет күніндегі үрейлі де қорқынышты уақиғаларды суреттеген соң адамзаттың екіге бөлінуін баяндайды. Олар бақытсыздар мен бақыттылар.

فَأَمَّا مَنْ طَغَى

37. Ал енді кім шектен шықса,

Енді, кімде-кім күпірлік және күнә жасаумен шектен шыққан болса.

وَأَنَّزَ الْحَيَاةَ الدُّنْيَا

38. Һәм бұл пәни дүниені артық деп білген болса,

Пәни дүниені бақилық ақыреттен артық санаса. Дүниенің күнәларына белшесінен батса. Ақыретіне ізгі амал жасап дайындық көрмесе.

فَإِنَّ الْجَحِيمَ هِيَ الْمَأْوَى

39. Сөз жоқ, оның тұрақ ететін орны тозақ.

Онда, ол адамның баратын орны жанып тұрған тозақ. Одан басқа мекенге бармайды.

وَأَمَّا مَنْ خَافَ مَقَامَ رَبِّهِ وَنَهَى النَّفْسَ عَنِ الْهَوَى

40. Ал енді кім Раббысы құзырында тұрудан қорқып, нәпсісі соққан нәрседен өзін тежеген болса,

فَإِنَّ الْجَنَّةَ هِيَ الْمَأْوَى

41. Ақиқатында, оның тұрақ мекені – жаннат.

Ал, кімде-кім Ұлық Алладан қорқып, ертеңгі қияметте Жаратушының құзырындағы қиын күннен қорқып, нәпсісін құмарлықтан тыйса, оның мекен етер жері жаннат болмақ. Иә, күнәһарға тозақ, ал мойынсұнушыға жаннат.

يَسْأَلُونَكَ عَنِ السَّاعَةِ أَيَّانَ مُرْسَاهَا

42. (Мұхаммед ғ.с.) олар сенен «Қиямет қашан болады?», – деп сұрайды.

فِيمَ أَنْتَ مِنْ ذِكْرَاهَا

43. Ол жөнінде сен не айта алар едің?

«Уа, пайғамбар! Сенен Мекке кәпірлері қиямет қашан болады, Алла қашан қиямет орнатады», – деп мазақ етіп сұрайды. Уа, пайғамбар! Ол күннің қашан болатынынан өзіңнің де хабарың жоқ. Ибн Әбу Хатим Ибн Аббастан (р.а.): «Мекке мүшріктері Пайғамбардан (р): «Қиямет күні қашан?», – деп

мазақ етіп сұрады. Сонда осы аят уахи етілді», – деген риуаят жеткізген.

إِلَى رَبِّكَ مُنْتَهَاهَا

44. Оның (қиямет жайлы толық хабар) жайы Раббыңда.

Қияметтің уақытын Алла Тағаладан басқа ешкім білмейді. Жаратушыдан басқа ешкім қияметтің мерзімін білмейді және білуі мүмкін емес.

إِنَّمَا أَنْتَ مُنْذِرٌ مَّنْ يَخْشَاهَا

45. Негізінде, сен қиямет күнінен қорыққандар-ды ескертуші ғанасың.

«Уа, Мұхаммед! Сенің міндетің қиямет күнінен қорқушыларды ескерту ғана. Ол күннің уақытын хабарлау міндетіңе кірмейді». Өйткені, ескерту тек қияметтен қорқатын адамға ғана пайдасын тигізеді.

كَأَنَّهُمْ يَوْمَ يَرَوْنَهَا لَمْ يُلْبِثُوا إِلَّا عَشِيَّةً أَوْ ضُحَاهَا

46. Олар қияметті көрген күні дүниеде бір кеш немесе бір сәске (мезгілі шамасынша) ғана тұрғандай болады.

Бейне бір, мойындамайтындар қияметті өз көзімен көргенде, пәни дүниеде тек жалт еткен бір сәт қана өмір сүргендей күй кешеді. Ибн Касир: «Олар дүниелік өмірді тым аз деп қабылдайды. Тіпті, ол өмірі бір кеш немесе сәске уақыты секілді ғана болады...», – дейді. Алла Тағала сүрені алғашқы аяттарында серт еткен құбылыстармен тамамдады.

«Ғабаса» меккелік сүре. Сүре сенім тақырыбын және пайғамбарлыққа қатысты мәселелерді қамтиды. Сонымен бірге, Алла Тағала құдіретінің айғақтарымен қоса адамзат, өсімдік әлемі және қоректі жаратудағы Алла Тағаланың бірлігі айтылады. Сонымен қатар, ең ауыр күн қиямет және ондағы үрейлі оқиғалар баяндалады.

Сүре туғанынан соқыр Абдулла ибн Үмму Мактум (р.а.) сахабаның қиссасымен басталады. Ол Алла елшісіне (р) келіп дін үйретуін сұрайды. Бұл кезде пайғамбар (р) Құрайыштың үлкен көсемдерін дінге үндеп әңгімелесіп тұрған. Сондықтан қабағын түйіп, теріс айналады. Нәтижесінде, осы аяттар ескерту болып түскен.

Ары қарай, пенденің өзіне берілген көптеген нығметтерге қарамастан Раббысына күпірлік етіп, қарсы шығуы айтылады. Сондай-ақ, Алла Тағаланың мына ғаламдағы шексіз құдіреті сөз етіледі. Жаратқан Ие адамға жер бетінде өз ризығын табуды өте жеңіл етіп қойған.

Сүре соңында Қияметтегі болатын үрейлі жайттар баяндалады. Ол күні адам қорыққандықтан өзінің ең жақын да сүйіктілерінен қашады. Сол ауыр күндегі мұсылман мен кәпірдің хал-жағдайы әңгімеленеді.

Сүренің түсу себебі:

Риуаят бойынша, пайғамбарымыз (р) Құрайыштың атқамінерлерін Исламға үндеп әңгімелесіп тұрған. Пайғамбарымыздың (р) олар мұсылман болса, артынан ергендер де иманға келер деген үміті бар еді. Осы кезде олардың жанына Абдулла ибн Үмму Мактум (р.а.) атты көзі көрмейтін сахаба келіп: *«Уа, Алла елшісі! Алла Тағала сізге үйреткен жақсылықты маған да үйретіңізіші»*, – деп өтінеді. Бірақ ол сахаба Алла елшісінің (р) қолы тимей тұрғанынан бейхабар еді.

Алла елшісі (р) сөзін бөле бергені үшін жақтырмай қабағын түйіп, теріс айналады. Ішінен: *«Мыналар оған ілескендер көзі көрмейтін, жағдайы төмен және құлдар деп айтатын болды»*, – деп қабағын түйіп, әлігі кісілерге қарайды. Сонда осы сүре түскен еді.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

عَبَسَ وَتَوَلَّى

1. Қабағы қатайып, теріс бұрылды.

Айша (р.а.) анамыз: *«Алла Тағала «Қабағы қатайып, теріс бұрылды» сүресін көзі көрмейтін Ибн Үмму Мактумге байланысты түсірді. Ол пайғамбарға (р) келіп: «Уа, Алла елшісі! Мені тура жолға салыңыз», – деп айта бастады. Ал, Алла елшісінің (р) жанында беделді мүширіктердің бірі бар еді. Сонда Алла елшісі (р) оған қарамай, екіншісіне бұрылып: «Менің айтқанымнан бір жамандық көріп тұрсың ба?» – дейді. Ол болса: «Жоқ» – деп жауап берді. Сонда осы «Қабағы қатайып, теріс бұрылды» сүресі уахи етілді²», – деп риуаят еткен.*

أَنْ جَاءَهُ الْأَعْمَى

2. Оған соқыр адамның келуімен.

Көзі көрмейтін Ибн Үмму Мактум келгендіктен. Осы уахидан соң пайғамбарымыз (р) Абдулла ибн Умму Мактум келе қалса: *«Мені Раббым жазғыруға себеп болған кісі, қош келдің»*, – деп шапанын төсеп қошемет көрсететін болған екен.

وَمَا يُدْرِيكَ لَعَلَّهُ يَزَّكَّى

3. Қайдан білесің, мүмкін ол тазарған болар?

² Тирмизи, Хаким

Уа, пайғамбар! Қайдан білесің, мүмкін мынау көзі көрмейтін жан сенен естіген ақиқат себепті күнәдан тазарып, иманы күшейіп, ізгі амалды көбейте түсетін шығар?

أَوْ يَذَّكَّرُ فَتَنْفَعَهُ الذِّكْرَى

4. Не үгіт алар, оған үгіт пайда берер.

Әлде, сөзіңнен ғибрат алып, уағызың оған пайда беретін болар.

أَمَّا مَنْ اسْتَعْنَى

5. Ал енді қажетсінбейтін әлде біреу (құрайыш бастықтары) келсе

Ал, енді Алла Тағаланы және иманды қажетсінбейтін, байлығы, мал-дүниесі және атақ-абыройы себепті Құранды тыңдауға және сен дәріштеген жақсылыққа немқұрайлық танытқан адам болса.

فَأَنْتَ لَهُ تَصَدَّى

6. Оған көңіл бөлесің.

Сен оған әңгіменді айтып, оның сөзіне құлақ түресің де оған насихатыңды жеткізуде аса мән бересің.

وَمَا عَلَيْكَ أَلَّا يَزَّكَّى

7. Ол тазармаса саған не?

Оның күнә және күпірлік батпағынан тазармауында саған ешбір айып жоқ. Оның тура жолға түсуі сенен талап етілмейді. Сен тек дұрыс жеткізуге міндеттісің.

وَأَمَّا مَنْ جَاءَكَ يَسْعَى

8. Ал енді саған біреу ынталанып келсе

Ал, Алла Тағала жолында асығып сенен ілім мен насихатты сұрап, жақсылыққа жаны құштар адам болса.

وَهُوَ يَخْشَى

9. Және ол (Алладан) қорыққан күйде.

Міне, ол көзі соқыр болса да Алла Тағаладан қорқып тұр. Харам істерден өзін аулақ ұстауда.

فَأَنْتَ عَنْهُ تَلَهَّى

10. Сонда да оған көңіл аудармайсың.

Ал, сен одан теріс айналып, шаруаң бар сыңай танытудасың. Күпірлік пен адасушылық көсемдеріне бет бұрудасың.

كَلَّا إِنَّهَا تَذْكِرَةٌ

11. Жоқ, олай емес. Әлбетте (аяттар) бір насихат.

Уа, пайғамбар! Бұдан былай олай етуші болма! Бұл аяттар пенделер амал етуге тұрарлық насихат.

فَمَنْ شَاءَ ذَكَرْهُ

12. Сондықтан кім қаласа, үгіт алады.

Алла Тағала құлдарынан кім қаласа, Құраннан ғибрат алады. Құранның көрсеткен бағыт-бағдарынан үлгі алады. Тәпсіршілер: *«Пайғамбар (р) осы жазғыру аяттарынан кейін ешбір кедейдің жүзіне қабат шытып қараған емес. Және ешуақытта бай-дәулеттілерге көңіл бөлген емес. Кедейлер ол кісінің мәжілісінде төрелер сияқты отыратын...»*, – дейді.

فِي صُحُفٍ مُّكَرَّمَةٍ

13. Құрметті нұсқаларда (жазулы)

Ендігі кезекте, Құран Кәрімнің ұлық дәрежесі жайлы: *«Бұл Алла Тағала құзырында ерекше құрметті нұсқалар»*, – деп айтылуда.

مَرْفُوعَةٍ مُطَهَّرَةٍ

14. Жоғары бағаланған тап-таза.

Бұл насихат Алла құзырындағы қадірлі де қастерлі нұсқаларда. Бұлар Алла құзырында дәрежесі биік. Шайтандардың қолы тимеген. Оған тек пәк адамдар қол тигізеді.

بِأَيْدِي سَفَرَةٍ

15. Елшілердің (періштелердің) қолында

Алла Тағала мен пайғамбарлар арасында елші болған періштелер қолымен

كِرَامٍ بَرَرَةٍ

16. Ардақты, игі.

Бұл періштелер Алла Тағала құзырында ұлық мәртебелі. Олар Алла Тағаладан қорқушы және ізгі періштелер.

قُتِلَ الْإِنْسَانُ مَا أَكْفَرَهُ

17. (Иман етпеген) адамның жаны шықсын! Игілікті мойындамауда неткен қатты еді.

Кәпір қарғысқа қалып, Алла Тағаланың рақымынан қуылды. Өйткені, Алла Тағала көп жақсылық берсе де, оның Жаратушыны мойындамауы және күпірлік етуі тым қатты.

مِنْ أَيِّ شَيْءٍ خَلَقَهُ

18. Алла оны (адамды) не нәрседен жаратты?

Адамның күпірлік пен күнәға белшесінен батқанына таң қалып: *«Жаратушысына қарсы шығып, тәкаппарланатындай ол неден жаратылған еді?»* – деп айтылуда.

مِنْ نُطْفَةٍ خَلَقَهُ فَقَدَّرَهُ

19. Бір тамшыдан жаратты да белгіледі.

Оның жаратылысы болмашы бір тамшы судан басталды. Анасының құрсағында тамшы су, ұйыған қан болып бірнеше кезеңнен өтіп, бейнесі қалыптасып, белгіленді. Ибн Касир: «белгіленді» деген сөзді адамның ризық-несібесі, ажалы, амалы және бақытсыз немесе бақытты болатыны белгіленді, – деп түсіндірген.

ثُمَّ السَّبِيلَ يَسَّرَهُ

20. Сосын оған жолды оңайластырды.

Сосын адамға ана құрсағынан шығар жолды жеңіл етті. Хасан Басри: «Зәр жолынан екі рет шыққан адам қалайша тақаппарланады?» – деп, бірінші әке белінен және екінші рет ана жатырынан шыққанын еске салған екен.

ثُمَّ أَمَاتَهُ فَأَقْبَرَهُ

21. Кейін оған өлім беріп, (сүйегін) қабірге қойдырды.

Сосын адамның жанын алып, тәнін құрметтеп жер қойнауына табыстады. Адамның өлген денесін жыртқыш ит-құсқа жем етпеді. Хазин: «Бұл да бір адамның басқа тіршілік иелеріне қарағанда құрметті екендігін көрсетеді», – дейді.

ثُمَّ إِذَا شَاءَ أَنْشَرَهُ

22. Қалаған сәтте оны тірілтеді.

Алла Тағала қалаған кезде есеп-қисап пен жаза үшін қайта тірілтеді. «Қалаған кезде» дегені қайта тірілту уақыты ешбір жанға аян еместігі және ол тек Алла Тағала қалауында екендігін ұғындырады.

كَأَلَّا لَمَّا يَقْضِ مَا أَمَرَهُ

23. Жоқ! Ол Алланың әмірін орындамады.

Кәпір тәкаппарлануын, өзін жоғары санауын доғарсын. Ол Жаратушыға иман етпеді, құлшылығын жасамады. Адамның жаратылысынан кейін, оған берілген ризық-несібесі айтылуда. Оның себебі, пенде Алла Тағаланың өзіне берген нығмет түрлеріне қарап ойланып, Раббысына шүкіршілік етіп, бойұсынуы үшін.

فَلْيَنْظُرِ الْإِنْسَانُ إِلَى طَعَامِهِ

24. Ал енді адамзат жеген тамағына бір назар салсын.

Қарсы шығушы адам зер салып қарасын, өміріне, қалай жаратылғанына, ризығы қалай келіп жатқанына.

أَنَا صَبَبْنَا الْمَاءَ صَبًّا

25. Шын мәнінде, Біз суды мол етіп бердік.

Біздің құдіретімізбен бұлттардан жерге ғажайып түрде су түсірдік.

ثُمَّ شَقَقْنَا الْأَرْضَ شَقًّا

26. Сосын қара жерді қақ айырдық.

Жерді жарып, одан керемет түрде өсімдік шығардық.

فَأَنْبَتْنَا فِيهَا حَبًّا

27. Сонда жерде дәнді дақылдар өсірдік.

وَعِنَبًا وَقَضْبًا

28. Жүзім мен жоңышқаны,

Сол судан дән-дақыл мен өсімдіктің түр-түрін шығардық. Адамзат қорек ететін және сақтайтын дәнді-дақылдар, дәмді де тәтті жүзімді және басқа көкөніс түрлерін өсірдік.

وَزَيْتُونًا وَتَخْلًا

29. Зәйтүн, құрманы,

Және зәйтүн мен құрма ағаштарын. Одан зәйтүн майы мен сулы да, кепкен құрма алынады.

وَحَدَائِقَ غُلْبًا

30. Және ну бақшаларды,

Бұтағы қалың, көп ағашты бақшаларды жаратты.

وَفَاكِهَةً وَأَبًّا

31. Жемістер, шөптер,

Жемістің алуан түрін, сол сияқты жан-жануарлар қорек ететін көк шөпті.

مَتَاعًا لَّكُمْ وَلِأَنْعَامِكُمْ

32. Сендер пайдалану үшін және де малдарың.

Бұлардың барлығын сендер қорек ету үшін және малдарың жеу үшін өсірдік. Ибн Касир: «Бұл аяттар пенделерге жасалған кеңшілікті көрсетеді. Сонымен қатар, жансыз жерден өсімдіктің өсіп шығуы қурап кеткен сүйектердің қайта тірілуіне дәлел», – деген. Аталмыш аяттардан кейін қиямет күнінің қорқынышты оқиғалары баян етіледі.

فَإِذَا جَاءَتِ الصَّاحَّةُ

33. Ал енді қатты дауыс (қиямет) келген сәтте

Құлақты тас керең ететін қатты дауыс келген күні

يَوْمَ يَفِرُّ الْمَرْءُ مِنْ أَخِيهِ

34. Сол күні адам өз туған бауырынан қашады.

وَأُمِّهِ وَأَبِيهِ

35. Шешесінен, әкесінен,

وَصَاحِبَتِهِ وَبَنِيهِ

36. Әйелі мен балаларынан.

Міне, сол қорқынышты күні адам ең сүйікті жандары: бауыры, анасы мен әкесі, әйелі мен бала-шағасынан өз қара басын ойлап қашады. Тасһилде: *«Алла Тағала пенденің өзі жақсы көретін ет жақын адамдарынан қашатынын айта келе, оларды мейірім мен жақсы көрудегі ең төменінен бастап, жоғарыға қарай реттеген. Әдетте, адам баласы басқалардан қарағанда бала-шағасын қатты жақсы көреді»*

لِكُلِّ امْرِئٍ مِنْهُمْ يَوْمَئِذٍ شَأْنٌ يُغْنِيهِ

37. Ол күні әркім өз қара басымен әлек болады

Сол ауыр күні әрбір адам өз қара басының қамымен болады. Басқаның жағдайын ойлауға мұршасы келмейді. Алла Тағала қиямет пен оның үрейін баян еткен соң, сол күні адамдардың бақытты және бақытсыз болып бөлінуін айтады.

وَجُودٌ يَوْمَئِذٍ مُّسْفِرَةٌ

38. Сол күні кейбір жүздер жарқырайды

Сол күні біреулердің жүзі қуаныш пен шаттықтан жарық та нұрлы келеді.

ضَاحِكَةٌ مُّسْتَبْشِرَةٌ

39. Күлімсіреген, қуанышты.

Алла Тағаланың өздеріне деген құрметі мен ризашылығынан қатты қуанып және мәңгілік нығметпен сүйіншіленгендіктен.

وَوُجُودٌ يَوْمَئِذٍ عَلَيَّهَا غَبْرَةٌ

40. Ол күні кейбір жүздерді шаң басады

Ал, кейбіреулердің жүздері сол күні шаң-тозаң басқан болып келеді.

تَرَاهُهَا قَتْرَةٌ

41. Оны қара түнек қаптаған болады.

Жүздері түнеріп, түтігіп тұрады.

أُولَٰئِكَ هُمُ الْكَافِرَةُ الْفَجْرَةُ

42. Міне, солар – қарсы келуші (кәпірлер) және бұзақылар.

Жүздері қап-қара болып бейнеленген күпірлік пен күнәні қатар істеген бақытсыздар. Сауи: «Олардың күпірлік пен күнәні қоса істегені үшін Алла Тағала бұл аятта кәпірлердің жүздерінің түнергендігі мен шаң-тозаң болатындығын бірге айтуда», – деген.

«ТӘКУИР» СҮРЕСІ

«Такуир» де меккелік сүрелердің қатарына кіреді. Бұл сүреде екі маңызды ақиқат айтылады. Ол қиямет күні мен уахи және пайғамбарлық ақиқаты. Бұл екеуі иманшарттың құрамдас бөлігі.

Қасиетті сүре қиямет күні және сол күндегі ғаламдағы: күн, жұлдыздар, таулар, теңіздер, жер мен аспан, жануарлар мен жабайы аңдарды қамтитын құбылыстарды баян еткен. Сонымен бірге, қияметтегі адамзаттың күйі де сөз етіледі. Әлем үрейлі де ұзақ сілкініске енеді. Бұдан барлық жаратылыс бытырап, қорқыныштан өзгеріп басқа күйге түседі.

Сосын уахи ақиқаты айтылады. Және уахи түсетін пайғамбардың бейнесі суреттеледі. Сонымен бірге, Аллаға серік қосу һәм адасушылық қараңғылығынан иман мен ілім нұрына үндеуші уахи жіберіліп отырған қауымға үн қатады.

Сүре соңында мүшріктердің Құран Кәрім төңірегіндегі ойларының түкке тұрғысыз екендігі сөз етіледі. Құранның Алла Тағала тарапынан пенделеріне насихат үшін түсірілген иләһи пәрмен екені жеткізіледі.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

Абдулла ибн Омар (р.а.) Пайғамбарымыздың (р):

من سرّه أن ینظر إلی القیامة رأی العین فلیقرأ:
إِذَا الشَّمْسُ كُوِّرَتْ, إِذَا السَّمَاءُ انْفَطَرَتْ, إِذَا السَّمَاءُ انشَقَّتْ

«Кімде-кім өз көзімен қияметті көргісі келсе «Күн бүктелген сәтте», «Көк жарылған сәтте» және «Аспан жарылған сәттені» оқысын»³, – деген сөздерін риуаят етеді.

إِذَا الشَّمْسُ كُوِّرَتْ

1. Күн бүктелген сәтте

Күн бүктеліп сәулесі сөніп, нұры өшкен сәтте. Осы аяттарда алғашқы сүр үрленіп, есеп-қисап бітіп үкім (жаза) жарияланғанға дейінгі 12 оқиға бейнеленеді. Ал, кейбірі екінші рет сүр үрленген соң болатын оқиғалар легі. Және қияметтегі корқынышты да ауыр оқиғалар баяндалады.

وَإِذَا النُّجُومُ انْكَدَرَتْ

2. Жұлдыздар өз орындарынан төгіліп, жан-жаққа шашыраған сәтте.

وَإِذَا الْجِبَالُ سُيِّرَتْ

3. Таулар (орнынан) жүргізілген сәтте.

³ Ахмед, Тирмизи

Ал, таулар болса жер қатты сілкінгендіктен орындарынан суырылып, ауада тозаңдай қалықтайды.

وَإِذَا الْعِشَارُ عُطِّلَتْ

4. Және он айлық буаз інгендер қараусыз қалған сәтте

Төлін құрсағында он ай көтерген інген болса, төлдеуіне екі ай қалғанында қараусыз қалады. Буазы інген арабтар үшін ең бағалы жануар. Бұл адамдардың қара басымен әлек болатындығын білдіретін көрініс.

وَإِذَا الْوُحُوشُ حُشِرَتْ

5. Жабайы аңдар жиналған сәтте

Жабайы аңдар да апандары мен індерінен шығып, қайта тіріліп бір жерге топтала бастайды, бір-бірінің ақысы алынған соң топыраққа айналған сәтте.

وَإِذَا الْبِحَارُ سُجِّرَتْ

6. Теңіздер от болған сәтте

Ал, теңіз атаулы от болып жанып, жалындай түседі.

وَإِذَا النُّفُوسُ زُوِّجَتْ

7. Жан тәнмен бірлестірілген сәтте.

Адамдардың жаны тәнімен біріккен сәтте. Адамдар өздері секілділермен бір-біріне жақындастырыла түседі. Азғындаған мен азғындаған, ізгі мен ізгі бір-біріне жақындайды. Табари: *«Ізгі адам мен ізгі адам жаннатта, ал жаман адаммен жаман адам тозақта бас қосады»,* – дейді.

وَإِذَا الْمَوْءُودَةُ سُئِلَتْ

8. Тірідей көмілген қыз сұралған сәтте

بِأَيِّ ذَنْبٍ قُتِلَتْ

9. «Қай күнә үшін өлтірілді?» (деп).

Ал, енді тірідей көмілген қыздан, осы қылмысты істеген қаныпезерді айыптай отырып: «Сені осылайша өлтіретіндей, не күнәң бар еді?» – деп сұралады. Бұл сұрақ бейкүнә сәбиді өлтірген қанды қолға қойылып, оны жазғыру.

Әт-Ташил: *«Тірідей көму – кейбір арабтар қыз баласын жек көргендіктен немесе намысымыз тапталмасын деген сылтаумен қыздарын тірідей көметін жан түршіктірер әдеттері бар еді»,* – дейді.

وَإِذَا الصُّحُفُ نُشِرَتْ

10. (Амал) дәптерлер ашылған сәтте

وَإِذَا السَّمَاءُ كُشِطَتْ

11. Аспан сыдырылып сыпырылған сәтте

Амал дәптерлер ашылып, есеп-қисап үшін жайылған кезде. Және көк аспан қойдың терісі сияқты сыпырылған сәтте.

وَإِذَا الْجَحِيمُ سُعِّرَتْ

12. Тозақ қыздырылған сәтте

وَإِذَا الْجَنَّةُ أُزْلِفَتْ

13. Жұмақ жақындатылған сәтте

Тозақ оты болса Алла Тағала дұшпандары үшін қыздырыла түссе, жаннат болса тақуаларға жақындатыла түссе.

عَلِمَتْ نَفْسٌ مَّا أُخْضِرَتْ

14. Әрбір жан (өзі үшін) нені әзірлеп, алып келгенін біледі.

Міне, сол кезде жан баласы өзіне әзірленген жақсылықты немесе жамандықты көріп біледі. Бұл аят әуелгі аяттардың жауабы. Қияметте жоғарыда аталып өткен қорқынышты

құбылыстар болған соң ізгі және жаман адам өзіне дайындалған нәрсені біледі.

Келесі аяттарда Алла Тағала Құран Кәрімнің ақиқаттығына және Мұхаммед (р) пайғамбарымыздың Алла елшісі екендігіне серт беруде.

فَلَا أُفْسِمُ بِالْخُنَّسِ

15. Жоқ! Күндіз жасырынып, түнде көрінетін (жұлдыздарға) серт

Күндіз көрінбейтін, түнде жарқырайтын (Қоңырқай, Есекқырған, Шолпан және Балпан⁴) жұлдыздарына серт

الْجَوَارِ الْكُنَّسِ

16. Қозғалушы, жасырынушы (жұлдыздармен) ант.

Күн және аймен бірге жүретін, күн сәулесінен көрінбейтін жұлдыздарға серт.

وَاللَّيْلِ إِذَا عَسَسَ

17. Қараңғылығы түсе бастаған түнге серт

وَالصُّبْحِ إِذَا تَنَفَّسَ

18. Және тыныс алып, ағара бастаған таңға серт

إِنَّهُ لَقَوْلُ رَسُولٍ كَرِيمٍ

19. Расында, Бұл (Құран) – ардақты елшінің Жәбірейілдің сөзі.

⁴ Сатурн, Юпитер, Меркурий

Шын мәнінде, Құран – Алла Тағаланың сөзі. Ол Алла құзырында құрметті Жәбірейіл періште арқылы түсірілді. Тәпсіршілер: «Елші деп Жәбірейіл періштені айтып тұр. Құранды «елшінің сөзі» деп оған тиесілі етіп айтуының сыры, иләһи пәрменді алып түсуші періште Жәбірейіл болғандықтан.

ذِي قُوَّةٍ عِنْدَ ذِي الْعَرْشِ مَكِينٍ

20. Жәбірейіл күшті һәм Ғаршы иесінің қасында беделді Жәбірейіл – орасан күш иесі һәм Алла Тағала құзырында жоғары мәртебеге ие.

مُطَاعٍ ثَمَّ أَمِينٍ

21. Ықпалды, онда сенімді.

Аспанда оған игі періштелер түгелдей бойұсынады. Жәбірейілге (р) пайғамбарларға уахи түсіру жүктелген.

وَمَا صَاحِبُكُمْ بِمَجْنُونٍ

22. Сендердің жолдастарың Мұхаммед (р) жынды емес.

Ей, Құрайыш қауымы! Сендер сенімді, таза және ақыл-парасаты жоғары деп білген жолдастарың Мұхаммед (р) эсте жынды емес. Әл-Хазин: *«Алла Тағала серт етіп, Құранды сенімді өкіл Жәбірейіл түсіргенін және меккеліктер ойлағандай Мұхаммед (р) пайғамбар жынды емес екенін айта отырып Құран пайғамбардың ойынан айтылған сөз екенін жоққа шығаруда».*

وَلَقَدْ رَأَاهُ بِالْأُفُقِ الْمُبِينِ

23. Расында ол оны (Жәбірейілді) анық көкжиекте көрді.

Мұхаммед (р) пайғамбар Жәбірейілді Алла Тағала жаратқан шынайы періштелік кейпінде күн шығыс жақтан айқын көрді. Бахрда: *«Пайғамбардың (р) Жәбірейілді көруі Хира үңгірі*

оқиғасынан кейін болды. Жәбірейілді аспан мен жер ортасында күрсіде отырғанын көргенде, алты жүз қанатымен шығыс пен батыс арасын жауып қалды», – делінген.

وَمَا هُوَ عَلَى الْغَيْبِ بِضَنِينٍ

24. Ол (Мұхаммед (p) ғайыптан келген уахи туралы кемшілік істемеді.

Мұхаммед (p) пайғамбар өзіне түскен уахиды халыққа жеткізуде және оны үйретуде ешбір сараңдық танытпайды. Керісінше, ол Раббысының уахиын бар ынты-шынтысымен аманатшылдықпен және шындықпен жеткізеді.

وَمَا هُوَ بِقَوْلِ شَيْطَانٍ رَجِيمٍ

25. Құран – қуылған шайтанның сөзі емес.

Құран Кәрім мүшріктер айтып жүргендей Алла Тағала рақымынан қуылған және қарғысқа ұшыраған шайтанның сөзі емес.

فَأَيُّنَ تَذْهَبُونَ

26. Ендеше, сендер қайда кетіп барасыңдар?

Құран Кәрім аяттары айқын және дәлелдері ашық бола тұра оны жалғанға шығармақ болып оған сиқыр, сәуегейлік және өлең деп жала жабумен қайда бет алып барасыңдар? Бұл аят, тура жолды тастап теріс кетіп бара жатқан адамға: «*Мына жол тура, ал сен қайда кетіп бара жатырсың?*» – деп айтылатын сөз тәрізді.

إِنْ هُوَ إِلَّا ذِكْرٌ لِلْعَالَمِينَ

27. Ол (Құран кәрім) – бүкіл әлемге насихат қана.

Құран Кәрім жаратылысқа жаппай насихат пен ескерту.

لِمَنْ شَاءَ مِنْكُمْ أَنْ يَسْتَقِيمَ

28. Әрине, сендерден тура жолды қалаған кісілер үшін

Құран Кәрім – ақиқат жолмен жүруді, Алла Тағаланың шариғатын ұстануды және ізгілер жолымен жүріп өтуді қалаған жандар үшін.

وَمَا تَشَاءُونَ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ

29. Әлемдердің Раббы Алла қаламайынша тілеулерің жүрмейді.

Алла Тағала оңғармаса және мейірімділік етпесе еш нәрсеге қауқарларың жетпейді. Сондықтан Алла Тағаладан ең дұрыс жолға салуын тілеңдер.

«ИНФИТАР» СҮРЕСІ

Меккелік сүрелер қатарына жататын «Инфитарда» да өзінен алдыңғы сүредегідей қиямет күні ғаламда болатын қорқынышты да алпауыт өзгерістер баян етіледі. Сонымен бірге, ізгілер мен бұзылғандар күйі айтылады. Және де қайта тірілу жайлы әңгімеленеді.

Сүреде аспанның жарылуы, жұлдыздардың төгілуі, теңіздердің тасуы, қабірдегі жандардың шығуы сияқты ғаламдағы құбылыстар және оның артынан болатын есеп-қисап баяндалады.

Іле Алла Тағала берген нығметтерін мойындамай адамның күпірлік етуі айтылады. Адам Жаратқанның қисапсыз нығметтеріне кенелуде, алайда ол нығметтердің қадірін

білмейді. Раббысының қадіріне жете бермейді. Өзіне берілген кеңшілік, нығмет пен құрметке шүкіршілік ете алмайды.

Сүренің жалғасында адамзаттың бұл әрекетінің себебі айтылады. Бұған қоса, Алла Тағала әрбір пендеге оның амалын тіркеп жазып отыратын және іс-әрекеттерін бақылап жүретін періште тағайындағанын ашық айтуда.

Ақырет күні адамзаттың: ізгілер мен бұзықтар болып екіге бөлінетіндігі. Сонымен қатар, осы екі топтың барар жері баян етіледі.

Сүре соңында қиямет күнінің алапат құбылыстары, адамның ол күні барлық күш пен әрекеттен қолы үзілетіндігі баяндалады.

Абдулла ибн Омар (р.а.) Пайғамбарымыздың (р):

من سرّه أن ينظر إلى القيامة رأي العين فليقرأ:
إِذَا السَّمَاءُ كُوِّرَتْ, إِذَا السَّمَاءُ انْفَطَرَتْ, إِذَا السَّمَاءُ انشَقَّتْ

«Кімде-кім өз көзімен қияметті көргісі келсе «Күн бүктелген сәтте», «Көк жарылған сәтте» және «Аспан жарылған сәттені» оқысын»⁵, – деген сөздерін риуаят етеді.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِذَا السَّمَاءُ انْفَطَرَتْ

1. Көк аспан жарылған сәтте,

وَإِذَا الْكَوَاكِبُ انْتَثَرَتْ

2. Жұлдыздар төгілген сәтте,

Аспанның төбесі сөгіліп, жұлдыздар шашырай төгілгенде

⁵ Ахмед, Тирмизи

وَإِذَا الْبِحَارُ فُجِّرَتْ

3. Теңіздер тасыған сәтте,

وَإِذَا الْقُبُورُ بُعْثِرَتْ

4. Қабірлер қопарылған сәтте,

Теңіздердің жиектері жарылып, араларындағы бөгеттер кетіп, барлық теңіз бір теңізге айналған сәтте. Қабірлердің топырағы сыртқа тасталып, ішіндегі барлық мәйіт жер бетіне шыққан кезде.

عَلِمَتْ نَفْسٌ مَا قَدَّمَتْ وَأَخَّرَتْ

5. Әркім ілгері не жіберілгенін, артына не қалдырғанын біледі.

Міне, сол қиямет күні әрбір жан өзінің жасаған істері мен жалқаулық себепті орындамаған ісін біледі.

يَا أَيُّهَا الْإِنْسَانُ مَا غَرَّبَكَ رَبِّكَ الْكَرِيمِ

6. Әй, адамзат! Әл-Карим (Ардақты, аса Жомарт) Раббың туралы сені не алдады?

الَّذِي خَلَقَكَ فَسَوَّاكَ فَعَدَلَكَ

7. Ол (Алла) сені жаратты және теңестіріп, түзуледі.

Әй, адамзат! Раббыңа қарсы батылдануыңа және осыншама алдануыңа не нәрсе түрткі болды? Раббың сені жоқтан бар етті, дене-мүшенді сау-саламат етті, тұла-бойынды тең және жаратылысыңды үйлесімді етті.

فِي أَيِّ صُورَةٍ مَا شَاءَ رَكَّبَكَ

8. Ол сені қалаған бейнеде құрастырды.

Сенің бейнеңді ең ғажап, ең кемел суретте жаратты. Сен бұл бейнені өзің таңдап алған жоқсың.

كَلَّا بَلْ تُكْذِبُونَ بِالَّذِينَ

9. Жоқ! Осылай бола тұра есеп-қисап күнін өтіріксінесіңдер.

Жоқ, Алла Тағаланың өзіне жасаған кеңшілігін жоққа шығарма. Сендер ақырет күні амалдарың үшін есеп-қисапты жалған дейсіңдер.

وَأِنَّ عَلَيْكُمْ لَحَافِظِينَ

10. Ал, шындығында, сендердің үстілеріңнен бақылаушылар бар.

Шын мәнінде, сендердің амалдарыңды бақылап, әрбір іс-әрекеттеріңді парақшаларға тіркеп отырушы періштелер бар.

كِرَامًا كَاتِبِينَ

11. Ардақты жазушылар (періштелер),

يَعْلَمُونَ مَا تَفْعَلُونَ

12. Олар сендердің не істеп жүргендеріңді біледі.

Ол періштелер Алла Тағаланың құзырында ардақты. Олар әрбір үлкен де, кіші амалды жазуда. Олар барлық іс-әрекеттерден хабардар.

إِنَّ الْأَبْرَارَ لَفِي نَعِيمٍ

13. Шын мәнінде ізгілер, әлбетте нығмет (жаннат) ішінде.

وَأِنَّ الْفُجَّارَ لَفِي جَحِيمٍ

14. Ал, бұзықтар болса міндетті түрде тозақта.

Имандарында шынайы болған мұсылмандар нығметке тола жаннатта, ал Алла Тағала заңын тәрк еткен кәпірлер жалындаған тозақта.

يَصَلُّونَهَا يَوْمَ الدِّينِ

15. Олар тозаққа есеп-қисап күні (қияметте) салынады.

وَمَا هُمْ عَنْهَا بِغَائِبِينَ

16. Олар одан құтыла алмайды.

Кәпірлер ақыретте тозаққа лақтырылып, сол оттың азабын тартады. Әрі тозақтан еш уақыт шықпайды. Өйткені, олар онда мәңгіге тасталады.

وَمَا أَدْرَاكَ مَا يَوْمُ الدِّينِ

17. Есеп (қиямет) күнінің не екенін қайдан білесің?

تُمْ مَا أَدْرَاكَ مَا يَوْمُ الدِّينِ

18. Сосын тағы, есеп күннің не екенін саған не білдірді?

Есеп-қисап күнінің ақиқаты жайлы не білесің? Ол күн туралы не білгенің бар? Бір нәрсені қайталап сұраумен оның аса маңызды екендігін аңғару – Құранның әдісі.

يَوْمَ لَا تَمْلِكُ نَفْسٌ لِنَفْسٍ شَيْئًا وَالْأَمْرُ يَوْمَئِذٍ لِلَّهِ

19. Ол күні біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді. Әрі ол күні билік – Аллаға тән.

Ол күні пенденің өзгеге, көмектесуге шамасы келмейді. Қиямет күні барлық іс тек бір Алла Тағаланың иелігінде.

Хикая

Халифа Сүлеймен ибн Абдулмалик ғалым Әбу Хазим әл-Музниге: *«Шіркін, қиямет күні барар жерімізді білсек қой? Алла құзырында бізді не күтіп тұр екен?»* – дейді. Сонда ғұлама: *«Амалыңызды Алла Тағала кітабына көрсетіңіз, сонда Алла құзырында не күтіп тұрғанын білесіз»,* – деді. Халифа: *«Оны Алла Тағала кітабының қай жерінен табамын?»* – дейді. Ғалым: *«Алла Тағаланың: «Шын мәнінде ізгілер, әлбетте*

нығмет ішінде болады. Негізінен бұзықтар тозақта болады»⁶ сөзінде», – дейді. Халифа Сүлеймен: «Онда Алла Тағаланың рақымдылығы қайда?» – дегенде ғалым: «Шын мәнінде Алла Тағала рақымдылығы жақсылық жасаушыларға жақын», – деп жауап берген екен⁷»

«МУТАФФИФИН» СҮРЕСІ

Сүре «Мұтаффифин» (таразыдан алдаушылар) деп басталғандықтан осылай аталады. Таразыдан алдаушылар – өздеріне өлшеп алса артығымен, ал басқа біреуге өлшеп берсе азайтып берушілер еді.

Бұл қасиетті сүре меккелік. Аталмыш сүреде айтылған мақсаттар меккелік сүрелердің мазмұнымен мағыналас. Сүреде имани мәселелерді және Ислам насихаты жайы баян етіледі.

Сүре таразыдан алдаушыларға қарсы күрес жариялаумен басталады. Мұндай күнәһарлар әділ төрелік етуші Алла Тағала құзырындағы ақырет есебінен қорықпайды.

Сосын бақытсыз бұзықтар жайы айтылады. Олардың қиямет күні тартатын жазалары суреттеледі. Бақытсыздар жаһаннамға қорлықпен айдалып барады.

Бұған қоса, тақуа да ізгі жандардың жағдайлары көрсетіледі. Оларға құрмет пен қадір мекені жаннатта сыйланатын мәңгілік те бақи жақсылықтар айтылады. Осылайша, қызықтыру мен қорқытуды қатар айту – Құран Кәрімнің дәстүрі.

⁶ Инфитар сүресі, 13-14 аяттар

⁷ Ағраф сүресі, 56-аят

Сүре бақытсыз және адасқандардың иманды да жақсы адамдар жайлы көзқарастарын көрсетумен тәмамдалады. Өйткені, адасушылар имандыларды дүниеде мазақ етіп, иманы және тура жолда жүргені үшін кемсітетін.

Сүренің түсу себебі:

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етеді:

لما قدم النبي المدينة، كانوا أبخس الناس كيلاً، فأنزل الله: وَيَلِّ لِلْمُطَفِّينَ،
فأحسنوا الكيل بعد ذلك.

«Алла елшісі (р) Мәдинаға келген кезде, қала халқы таразыдан қатты жейтін. Алла Тағала «Өлшеу, тартуда кеміткендерге нендей өкініш!» аятын түсірген соң, олар таразыдан жемейтін болды»⁸.

Әс-Судди: «Мәдиналық Әбу Жаһина атымен танымал кісі болатын. Оның екі таразысы бар еді. Дұрысымен тартып алса, бұзығымен өлшеп беретін», – дейді. Бұл Меккеде түскен ең соңғы сүре. Ибн Масуд, Даххак және Муқатил бұл сүрені меккелік деп таниды. Ал, әл-Хасан мен Икрима мәдиналық сүрелер қатарына жатқызады. Оған «Пайғамбар (р) Мәдинаға келгенде жұрт таразыдан алдаушы еді, осы сүрені оқып берген соң дұрыс өлшеп беретін болды» деген риуаят негіз ретінде қарастырылады. Міне, осы хадиске сай мәдиналық сүре. Егер, меккелік болған күннің өзінде көшіп келген соң оқып берген. «Мутаффифин» сүресін оқып болған соң пайғамбарымыз (р):

خمس بخمس، قال ما نقض قوم العهد إلا سُلط عليهم عدوهم ، وما حكموا بغير
ما أنزل الله إلا فشا فيهم الفقر ، وما ظهرت فيهم الفاحشة إلا فشا فيهم الموت ،

⁸ Нәсаи, Ибн Мажә

ولا طَفَّفُوا المكيالَ إِلا مُنِعُوا النِّباتَ وأُخِذُوا بالسِّنِينِ ، ولا مَنَعُوا الزَّكَاةَ إِلا حَبَسَ عَنْهُم المَطَرَ.

«Бес нәрсенің бес салдары бар. Адамдар уәдесін бұзса, оларға жауы басшы болады. Алла Тағала түсіргенмен төрелік етпесе, орталарында кедейлік жайлайды. Азғындық белең алса, өлім көбейеді. Таразыдан алдайтын болса, өсімдік шықпайды. Ал, зекетін бермейтін болса жаңбыр жаумай қалады»⁹, – деген екен.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

وَيَلِّ لِلْمُطَفِّفِينَ

1. Өлшеу-тартуда кеміткендерге нендей өкініш!

Біреуге өлшеп берсе біраз кемітіп, ал өздеріне тартып алса біраз көбейтіп жататындарға азап пен құрдым болсын!

الَّذِينَ إِذَا اكْتَالُوا عَلَى النَّاسِ يَسْتَوْفُونَ

2. Олар қашан өлшеп алса, толық (өлшеп) алады да

Олар адамдардан өздеріне өлшетіп алатын болса, толық етіп алады. Бұл аят әрбір таразыдан алдайтын адамға қатаң ескерту. Алла Тағала Шұғайып пайғамбардың қауымын таразыдан ұрлағаны үшін жойып жіберген еді.

وَإِذَا كَالُوهُمْ أَوْ وَزَنُوهُمْ يُخْسِرُونَ

3. Ал, өздері өлшеп немесе тартып беретін болса, кемітеді.

⁹ Табарани

Ал, адамдарға тартып беретін болса, таразыдан азайтып, кемітіп береді.

أَلَا يَظُنُّ أُولَئِكَ أَنَّهُمْ مَبْعُوثُونَ

4. Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма?

Таразыдан алдайтындар өздері ертең тірілетіндігін, амалдары үшін есеп беретіндігін ойламай ма екен? Бұл іс-әрекетінің соңы немен тынарын ойламай ма?

لِيَوْمٍ عَظِيمٍ

5. Ауыр күн (қиямет) үшін

يَوْمَ يَقُومُ النَّاسُ لِرَبِّ الْعَالَمِينَ

6. Ол күні адамдар бүкіл әлемнің Раббысының алдында тұрады.

Олар өте қорқынышты ұлық күні, қияметте қайта тіріледі. Адамдар қабірлерінен шығып, есеп-қисап беру үшін Раббыларының құзырында тұрады.

كَلَّا إِنَّ كِتَابَ الْفُجَارِ لَفِي سِجِّينٍ

7. Жоқ, олай емес! Негізінен бұзықтардың амал дәптері сижжинде

Жоқ, кәпірлердің жазылған кітабы тозақ иелерінің тіркеуінде болмақ!

وَمَا أَذْرَاكَ مَا سِجِّينٌ

8. «Сижжин» не екенін қайдан білесің?

«Сижжин» не екенін білесің бе? Олардың амалдары жаман кітапқа тіркелген. Ал, тозақилар кітабы «сижжинде» (сижжин – тар қапас). Иә, кәпірлер тозақтың түбінде тар және төменгі қабатта болады.

كِتَابٌ مَّرْقُومٌ

9. Ол – жазулы бір кітап.

Ол жазуы айқын кітап, онда барлық күнәһарлардың есімі жазылған. Онда шайтандарды, кәпірлердің және пасықтардың істейтін амалдары қамтылған. Көрген адам оның ешбір жақсылығы жоқ екені білінетіндей белгісі бар кітап. Міне, осы кітап «*сижжин*» деп аталады. Бұл үлкен кітапта әрбір күнәһардың амал дәптері бар.

وَيَلُّ يَوْمَئِذٍ لِلْمُكَذِّبِينَ

10. Сол күні өтірікке шығарушыларға нендей өкініш!

Құранды және қайта тірілуді жалған деушілерге азап болсын!

الَّذِينَ يُكذِّبُونَ بِيَوْمِ الدِّينِ

11. Олар – есеп (қиямет) күнін өтіріксігендер.

Олар есеп-қисап болатын қиямет күнін жалғанға шығарады.

وَمَا يُكذِّبُ بِهِ إِلَّا كُلُّ مُعْتَدٍ أَثِيمٍ

12. Оны тек шектен шығушы күнәһар ғана өтірік дейді.

Қиямет күнін шариғат, ой-сана және ақыл шегінен шыққан кәпір және көп күнә жасайтын әрі нәпсіқұмарлыққа салынып кеткен адам ғана өтірік дейді.

إِذَا تُلِيَتْ عَلَيْهِ آيَاتُنَا قَالَ أَسَاطِيرُ الْأَوَّلِينَ

13. Оған аяттарымыз оқылса: «Бұрынғылар-дың ертегісі» дейтін

Бұл жалғанға шығарушыға Құран аяттары оқылса «*ол ертегі, әңгімелер һәм көненің аңызы*» дейді. Міне, осы үш аятта қиямет күнін мойындамайтын адамның үш белгісі көрсетілуде:

1. Ақиқат жолынан тайып, шектен шығу;
2. Күнә іске белшесінен бату;

3. Құран оқылса: «әуелгілер ертегісі, жалған өтірік сөздер» деген ойда болу.

كَأَلَّا بَنَ رَانَ عَلَى قُلُوبِهِمْ مَا كَانُوا يَكْسِبُونَ

14. Жоқ, керісінше, олардың жүректерін істеген қылықтарының (күнәларының) таты басты.

Бірақ Құран көне ертегі емес. Алайда олар көп күнә жасағандықтан жүректері қарайып, саналары тұмшаланып ақиқат пен жалғанды ажырата алмай қалған. Олардың көп күнә жасауы, қателік етулері жүректерінің Құранға деген жолын көрсетпей қойды.

Әбу Хұрайра (р.а.) риуаят еткен хадисте: *«Егер пенде бір күнә жасаса, оның жүрегіне бір қара дақ түседі. Егер тәубе етіп Алла Тағаладан кешірім сұраса, жүрегі тазаланады. Қайта күнә істесе нүкте көбейіп, жүрегін орап тастайды. Міне, Құранда айтылған тат осы»*¹⁰, – делінген.

كَأَلَّا إِنَّهُمْ عَنْ رَبِّهِمْ يَوْمَئِذٍ لَمَحْجُوبُونَ

15. Жоқ, олай емес. Олар ақырет күні өздерінің Раббысынан тосылушылар

Керісінше, кәпірлер қиямет күні Раббысын көруден мақұрым қалады. Олар дәл мұсылмандардай көріп тамашалай алмайды. Дүниеде өздерінің жаман амалы себепті таухидтен құр алақан қалғанындай, қиямет күні де Алла Тағаланы көруге рұқсат етілмейді.

ثُمَّ إِنَّهُمْ لَصَالُو الْجَحِيمِ

16. Сосын олар сөзсіз тозаққа кіреді.

¹⁰ Ибн Жарир, Ахмед, Тирмизи, Нәсаи

Сосын кәпірлер жанып тұрған тозаққа тасталып, сонда қалады. Әрбір істелген жақсы да, жаман іс Алла Тағала құзырында жазылып, бекітілген. Құранды «*Бұрын өткен адамдардың сөзі ғана, ол Алла Тағала құзырынан келген уахи емес*» деп мойындамауының бірден-бір себебі, олар күнәға белшесінен батып, ақ пен қараны ажырата алмайтын дәрежеге жеткендіктен. Соңынан олар Алла Тағала рақымынан алыстатылып тозаққа тасталады.

Ал, әл-Хасан әл-Басри «тат» жайлы: «*ол жүрек көзі көрмей қалғанша күнә үстін күнәмен қаптау. Осылайша жүрек күнәлармен қарайып кетеді. Ал, мөр басу таттан ауыр*», – деп тәпсірлеген.

ثُمَّ يُقَالُ هَذَا الَّذِي كُنْتُمْ بِهِ تُكَذِّبُونَ

17. Бұдан кейін (оларға): «Міне, сендердің өтірік дегендерің осы!» – делінеді.

Оларға тозақ сақшылары, азаптаушы періштелер: «*Дүниеде жалған деп есептеген тозақ оты осы, ал қараңдар және азабын тартыңдар*», – дейді.

كَلَّا إِنَّ كِتَابَ الْأَبْرَارِ لَفِي عَلِّيَيْنَ

18. Жоқ, олай емес. Негізінен ізгілердің амал дәптері – Иллиунде.

Айқын етіп жазылған, ол жаннаттың ең биігінде. Өздерінің де барар жері жаннат. Ақиқатында ол – иманды, ықыласты, амал етуші және бойұсынушы ізгілер амал дәптері.

وَمَا أَدْرَاكَ مَا عَلِيُّونَ

19. «Иллиун» не екенін қайдан білесің?

كِتَابٌ مَرْقُومٌ

20. Ол – жазулы бір кітап.

Уа, Мұхаммед! «Иллиун» не екенін білесің бе? Ол тіркелген кітап, онда ізгілердің есімдері мен амалдары жазылған үлкен кітап.

يَشْهَدُهُ الْمُقَرَّبُونَ

21. Оны Аллаға жақын періштелер бақылайды

Періштелер оны лаухул-махфузды қорғағандай қорғайды.

إِنَّ الْأَبْرَارَ لَفِي نَعِيمٍ

22. Негізінен ізгілер, әрине нығмет ішінде.

عَلَى الْأَرَائِكِ يُنظَرُونَ

23. Олар жұмсақ сәкілер үстінен қарайды.

Бойұсынушылар қиямет күні үлкен нығметте болмақ. Мәңгі жаннатта. Олар Алла Тағала өздеріне жаннатта әзірлеп қойған нығметтерді тамашалайды. Оларға материалдық және мағнауи нығметтер беріледі. Материалдық нығметтер: түрлі дәмді тағамдар, алуан дәмді сусындар, ғажайып көліктер, керемет үйлер. Ал, мағнауи нығмет: Алла Тағаланы көру, ризашылығын сезіну, өздерін қауіпсіздікте және мәңгілік бақытта сезінуі.

تَعْرِفُ فِي وُجُوهِهِمْ نَضْرَةَ النَّعِيمِ

24. Олардың бақытқа бөленгендіктерін шырайларынан танысың.

Оларға берілген қисапсыз нығметтің белгісін шаттыққа бөленген нұрлы жүздерінен көресің. Алла Тағала жаннаттықтардың жүзін көркем етіп, суреттеуге тіл дәрменсіз болатындай етіп жаратады.

يُسْقَوْنَ مِنْ رَحِيقٍ مَخْمُومٍ

25. Олар мөрленген шәрбаттан сусындайды.

Олар миск исі аңқып тұрған ыдыстармен мас етпейтін шарап ішеді. Бұл сусынның соңғы дәмі миск.

خَتَامُهُ مِسْكٌ وَفِي ذَلِكَ فَلْيَتَنَافَسِ الْمُتَنَافِسُونَ

26. Оның сарқыны жұпар аңқиды. Ұмтылушылар міне осыған талпынсын.

Міне, адамдар осыған қызығып, қол жеткізу үшін жарысыңыздар. Жаннат шарабы мас етпейді. Рахиқ шарабының 4 қасиеті:

1. Мөрленген шарап. Әдетте, қадірлі де бағалы затты сақтау үшін мөрлеп бекітіп қояды;

2. Шараптың ең соңы миск болады. Шарапты ішіп болғанда адамнан миск жұпар исі шығып тұрады;

3. Рахиқ ерекше жақсы және жоғары болғандықтан қызығатын және таласатын шарап;

4. Бұл шарап тасним бұлағынан алынады. Тасним – жаннаттың жоғары жағынан төменге қарай ағатын бұлақ. Абдулла ибн Масуд (р.а.): «Тасним – жаннат бұлағы, оны тек қана Алла Тағалаға жақын адамдар ішеді...», – деген.

وَمِزَاجُهُ مِنْ تَسْنِيمٍ

27. Оның қоры – Тәсним бастауынан.

عَيْنًا يَشْرَبُ بِهَا الْمُقَرَّبُونَ

28. Ол – Аллаға жақын болғандар ішетін бастау (бұлақ).

إِنَّ الَّذِينَ أَجْرَمُوا كَانُوا مِنَ الَّذِينَ آمَنُوا يَضْحَكُونَ

29. Расында қылмыскерлер (күнәһарлар) иман келтіргендерге күлетін.

Әбу Жаһл, Уалид ибн Мұғиға және Ас ибн Уаил Саһми сияқты мүшріктердің азулылары Аммар, Суһайб және Біләл сияқты кедей мұсылмандарды мазақ етіп, олардың үстінен

күлуші еді. Келесі аяттарда Алла Тағала мүшріктер көсемдерінің қарым-қатынастағы ең жаман 4 белгісін паш етуде:

1. Құрайыш кәпірлері және олармен ойы бір адамдар мұсылмандарды мазақ ететін. Әр заманда күшті және бай-дәулеттілер намаз оқитын мұсылманға немесе Құраннан өнеге алған кедейлерге осылай мәміле жасайды. Әдетте, өз күштеріне, байлықтарына арқа сүйеп дінмен жүрген кедейлерді мазақ етеді.

وَإِذَا مَرُّوا بِهِمْ يَتَغَامَزُونَ

30. Олар (иман еткендер) жандарынан өтсе, бір-біріне көз қысып ымдасатын.

2. Мұсылмандардың жанынан өтсе көздерімен және қабақтарымен мазақ етіп қарайды да: *«Мына, өздерін шаршатқандарға қараңдаршы, өздерін ләззаттан мақұрым етуде, сауап табамыз деп жанын аямай жатыр»*, – дейді.

وَإِذَا انْقَلَبُوا إِلَىٰ أَهْلِهِمْ انْقَلَبُوا فَكِهِينَ

31. Ал, үйлеріне қайтып барған кезде, күңкілдесетін.

3. Кәпірлер көшеден үйіне отбасына қайтып келсе, өздеріне дән риза болып қайтады. Істеріне рахаттанып, мұсылмандарға жасаған арамдықтарына масайрауда. Өздерінің мұсылмандарды мазақ етіп, келемеждеп иман еткендерді ойлары дәрменсіз һәм ақылы аз деп мәз болады.

وَإِذَا رَأَوْهُمُ قَالُوا إِنَّ هَؤُلَاءِ لَضَالُونَ

32. Және егер оларды (мұсылмандарды) көрсе: «Сөз жоқ, анығында бұлар – адасқандар» дейтін еді.

4. Жаратқанға серік қосушылар мұсылмандарды көрсе адасқан деп баға береді. Өйткені, мұсылмандар мүшріктердің дінінде емес. Сондықтан, олар сияқты сенімде болмағандықтан Мұхаммед (р) пайғамбарға ілескені үшін ақыреттің сауабын

дүниенің ләззатынан жоғары қойғанын көріп, «бұлар сөз жоқ, адасқандар» дейді.

وَمَا أَرْسَلُوا عَلَيْهِمْ حَافِظِينَ

33. Олар (мұсылмандарға) бақылаушы ретінде жіберілмеді.

Бұл күнәһарлар Алла Тағала тарапынан мұсылмандардың ісіне, сөзіне бақылаушы болып жіберілмеген. Мойындарында ондай міндет жоқ. Керісінше, олар өз жағдайына қарауға жауапты.

فَالْيَوْمَ الَّذِينَ آمَنُوا مِنَ الْكُفَّارِ يَضْحَكُونَ

34. Ал енді бүгін (қияметте) мүміндер кәпірлердің үстінен күледі.

Ал, қиямет күні кәпірлер өздері адасқанын, екі дүниесін жоғалтқанын, нағыз ақымақ өздері екеніне көз жеткізеді.

عَلَى الْأَرَائِكِ يَنْظُرُونَ

35. Сәнді жұмсақ сәкілердің үстінен қарап

Мұсылмандар болса, биік көрпешелерде отырып өткінші пәниден әлденеше жоғары жаннаттың мәңгілік рақатын көреді.

هَلْ تُؤْتَبُ الْكُفَّارُ مَا كَانُوا يَفْعَلُونَ

36. Кәпірлер істегендерінің қайтарымын (жазасын) көрді ме?

Алла Тағала имандыларға: «Кәпірлер өздерінің сөзі мен ісіне лайықты жазасын тартып жатыр ма? Сендер де жасаған ізгі амалдарыңның қарымын алдыңдар ма?» – деп, еселеп қуанта түседі.

«ИНШИҚАҚ» СҮРЕСІ

«Иншиқак» – Меккеде түскен сүре. «Иншиқакта» меккелік сүрелерде айтылатын иманшарт жайы әңгіме болған. Сүре ақыреттегі кейбір көріністерді суреттеп басталады. Қиямет күнгі ғаламның төңкерісін бейнелейді. Сосын адамның ризық-несібе жолындағы шаршап-шалдығуы, ақыретке өзі үшін әзірлейтін жақсылық немесе жамандық жайы қозғалған.

Сонымен бірге, мүшріктердің Құранға деген көзқарастары айтылады. Серт жасалып, олардың басына келетін қорқыныш пен қиындықтарды айтады. Адамға мал-дүние мен бала-шағаның ешбір пайдасы тимейтін ауыр күндегі жағдайлары сөз етіледі.

Сүре соңы, Алла Тағаланың құдіретін көрсететін айқын дәлелдерді көре тұра Жаратушыға иман етпеген мүшріктерді жазғырумен аяқталады. Олар үшін тозақта жан түршігерлік азап бары айтылады.

Иншиқак және алдыңғы үш сүрелердің барлығында қиямет күнінің жағдайы баяндалады. Бұл сүрелерде қиямет тәртіппен суреттелген. Қияметте орын алатын көп оқиға «Тәкуир» сүресінде, «Инфитар» сүресіндегі оқиғалар қиямет күнінің басында, ал «Мутаффифин» сүресінде бұзғын бақытсыздар мен бақытты тақуалар жағдайы баяндалған. Ал, «Иншиқак» сүресінде қиямет күнінің басы, ондағы қорқынышты көріністер, артынша болатын оң жақта тұрғандарға жеңіл есеп, ал солшылдарға ауыр есеп берілетіндігі айтылады. Алдыңғы

сүреде амал кітаптардың тұрағы айтылса, бұл сүреде қиямет күні сол амал кітабы қалай берілетіндігі баяндалады.

Иншиқақтың дінгегі басқа да меккелік сүрелер сияқты иманшарт төңірегінде. Бұған қоса, қияметтегі құбылыстар айтылады. Сүреде қиямет орнаған күні болатын ғаламдағы қорқынышты ғаламат өзгерістер. Соңынан, қиямет күні дүниедегі әрбір амалына есеп беруге жиналған халайықтың жағдайы көрсетіледі. Адамдар екі топқа: оңшылдар мен солшылдар болып бөлінеді.

Алла Тағала шапақ уақыты, түн мен толған айға серт етіп, серік қосушылардың қияметте тап болатын ауыр жағдайын баяндайды.

Серік қосушылар, кәпірлер, Құдай жоқ деушілер және сол сияқтыларды Алла Тағалаға иман етпегендіктен жазғырып, оларға ауыр азап барын ескертуде. Және де иман мен ізгі амалдың басын біріктіріп ұстаған мұсылмандардың құтылатындығын да айтуда. Оларға ешбір үзілмейтін мол сауап беріледі.

Сүренің түйінінде екі маңызды жайт қамтылған: адамзаттың қияметте өз амалдарының қорытындысын алуы және оның барар жері шектеулі. Ол жаннатқа немесе азапты тозаққа ғана барады.

Артықшылығы:

Әбу Хұрайра (р.а.) көпшілікке «Аспан жарылған сәттені» оқып, тиләуат сәждесін жасады. Болған соң Алла елшісі (р) осы сүрені оқығанда, сәжде жасағанын түсіндірді¹¹.

Әбу Рафиғ: *«Мен Әбу Хұрайрамен құптан намазын оқыдым, ол «Аспан жарылған сәттені» оқыды да сәжде жасады.*

¹¹ Мүслим, Нәсаи

Себебін сұрағанымда: «Әбу Қасымның (ρ) артында тұрып сәжде жасағанмын. Мен ол кісімен (пайғамбармен (ρ) жолыққанға дейін сәжде жасай беремін¹²», – деп жауап қайырды.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

اِذَا السَّمَاءُ انشَقَّتْ

1. Аспан жарылған сәтте,

وَأَدْنَتْ لِرَبِّهَا وَحُقَّتْ

2. Раббысына бойұсынып әрі міндетті болып,

Аспанның жарылуы қиямет белгілерінің бірі. Жарылған бойда Раббысына лайықты түрде бойұсынады. Осылай болуы да керек. Өйткені, Ол Ұлық ешкім және еш нәрсе оған тосқауыл бола алмайтын үстемдік Иесі. Барлық жаратылыс Оның алдында тізе бүгіп, бойұсынады.

وَإِذَا الْأَرْضُ مُدَّتْ

3. Және жер созылған сәтте,

وَأَلْقَتْ مَا فِيهَا وَتَخَلَّتْ

4. (Жер) ішіндегісін шығарып, босаған сәтте,

Таулар мен жоталар тегістеліп, жер созылып һәм жайылып бос теп-теңіз жазыққа айналады. Жер қойнауындағы өліктер мен қазыналар тысқа шығарылады да жер асты толығымен босатылады.

وَأَدْنَتْ لِرَبِّهَا وَحُقَّتْ

5. Раббысына бойұсынып, әрі міндетті болып,

¹² Бұхари, Мүслим, Әбу Дәуіт, Нәсаи, Тирмизи, Ибн Мажә

Жер Раббысына құлақ салып, әмірлеріне бойұсынады. Өйткені, жер де басқа жаратылыстар сияқты иләһи құдірет уысында.

يَا أَيُّهَا الْإِنْسَانُ إِنَّكَ كَادِحٌ إِلَىٰ رَبِّكَ كَدْحًا فَمُلَاقِيهِ

6. Әй, адамзат! Негізінде сен Раббыңа іс-әрекетіңмен ұмтылып барудасың, және де Оған жолығасың.

Әй, адамзат! Сен бұл жалғанда әрекет етіп еңбек етесің, амалыңның нәтижесін Раббыңның құзырында көресің немесе өліммен бетпе-бет келгенде білесің. Жабир ибн Абдулла (р.а.): «Жәбірейіл: «Уа, Мұхаммед! Қалағаныңша өмір сүр, әлбетте сен өлесің. Қалағаныңды жақсы көр, әлбетте онымен қош айтысасың. Қалаған ісінді жаса, әлбетте онымен жолығасың¹³», – деген риуаят жеткізген.

فَأَمَّا مَنْ أُوْتِيَ كِتَابَهُ بِيَمِينِهِ

7. Ал енді кімнің дәптері оңынан берілсе;

فَسَوْفَ يُحَاسَبُ حِسَابًا يَسِيرًا

8. Ол дереу жеңіл есеппен есептеледі.

وَيُنْقَلَبُ إِلَىٰ أَهْلِهِ مَسْرُورًا

9. (Жаннаттағы) отбасына қуанышты күйде қайтады.

Қияметте адамдар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ – мұсылмандар. Амал кітаптары оң жағынан беріледі. Олардың есебі жеңіл әрі оңай болмақ. Ал, күнә және қате амалдары өздеріне көрсетіліп, сосын күнәларын Алла Тағала кешіреді. Ешбір таласқа салмайды. Міне, осы жеңіл есеп болып табылады.

¹³ Әбу Дәуіт әт-Тайасили

Амал кітабы оң жағынан беріліп, есебі жеңіл соққан мұсылман жаннаттағы отбасына қуанышты күйде оралады.

وَأَمَّا مَنْ أُوتِيَ كِتَابَهُ وَرَاءَ ظَهْرِهِ

10. Ал және кімнің дәптері арт жағынан берілсе;

فَسَوْفَ يَدْعُو ثُبُورًا

11. Сол кезде ол өлім шақырады.

وَيَصَلَّى سَعِيرًا

12. Қайнаған тозаққа түседі.

Екінші топ – кәпірлер. Амал кітабы арқа тұсынан, сол жақтан беріледі. Қолы арқасын тесіп шығып кітабын алады. Ал, оң қолы мойнына оралып тұрады. Амал кітабын оқыса: «Құрдымға кеттің» деген үн келеді. Осылайша ол тозаққа тасталады да, жалындаған оттың қатты ыстығына азапталады.

إِنَّهُ كَانَ فِي أَهْلِهِ مَسْرُورًا

13. Өйткені ол (пәни дүниеде) өз үйінде мээ-мейрам еді.

Бұл бейбақ пәни дүниеде істеген амалының салдарын ойлап ешбір уайымдамайтын, мээ-мейрам еді. Алдында не күтіп тұрғанынан ешбір қорықпайтын, нәпсісіне еріп, құмарлық пен рақат соңынан жүретін. Енді сол аз қуанышының артынан үлкен қасірет келді.

إِنَّهُ ظَنَّ أَنْ لَنْ يَحُورَ

14. Негізінде ол (Аллаға) еш уақытта қайтпаймын деп ойлады.

Пәнидің алдамшы шаттығына бойлап кетудің бірден бір себебі – ол Жаратушының құзырына баратынын, есеп-қисап

үшін қайта тірілетінін және өлімнен кейін тірілу барын еш ойламайтын.

بَلَىٰ إِنَّ رَبَّهُ كَانَ بِهِ بَصِيرًا

15. Жоқ, олай емес. Расында Раббысы оны көруші.

Әлбетте, адамзат Алла Тағала құзырына қайтады. Жаратушының жанында жақсы да жаман амалы үшін есеп береді. Себебі, Жаратушы адам баласының әрбір амалын білуші және хабардар. Ешбір нәрсе Оның назарынан таса қалмайды. Бұл аят құлшылық парыз болған мына пәниден бөлек, жасалған амалдардың қарымы берілетін дүние болуын талап ететіндігіне айғақ. Бұл шексіз даналық, күдірет пен иләһи ілімнің қалауы.

فَلَا أُفْسِمُ بِالشَّقِيقِ

16. Жоқ, шапақ уақытына серт

وَاللَّيْلِ وَمَا وَسَقَ

17. Түнге әрі ол ішіне қамтыған нәрсеге серт,

وَالْقَمَرِ إِذَا اتَّسَقَ

18. Және толған кездегі аймен серт.

Алла Тағала үш құбылыспен: күн батқаннан кейінгі қызыл шапақпен, тас қараңғы түнмен және толғай аймен серт етуде. Серт етілген құбылыстар жаратылысы мен болмысы ғажайып екендігін аңғартады. Демек, бұл серттен кейін айтылатын сөздер ерекше маңызды.

لَتَرْكَبُنَّ طَبَقًا عَن طَبَقٍ

19. Әлбетте сендер бір жағдайдан тағы бір жағдайға өтесіндер.

Сендер бірінен-бірі ауыр түсетін жағдайды бастан өткересіндер. Ол өлімнен кейін қияметтің қорқынышты жағдайлары. Ең соңында мәңгілікке барып тоқтайды. Ал, мәңгілік – жаннат немесе тозақ.

فَمَا لَهُمْ لَا يُؤْمِنُونَ

20. Оларға иманға келмейтіндей не көрінді?

Сендерге қайта тірілу, қиямет күні, Мұхаммедтің (ρ) пайғамбарлығы және Құранда айтылған сөздерге иман етуге не нәрсе кедергі? Әлемде Алла Тағаланың құдіретін көрсететін бұлтартпас айғақтар және пайғамбарлықтың һәм Құранның иләһи сөз екендігін көрсететін мұғжизалар бола тұра неге сенбейсіңдер?

وَإِذَا قُرِئَ عَلَيْهِمُ الْقُرْآنُ لَا يَسْجُدُونَ

21. Және оларға Құран оқылған кезде, сәжде етпейтіндей?!

Алла Тағала құзырынан түскен ғажайып Құранды естігенде құлдық ұрып сәжде етпеулеріңнің себебі неде? Шешен тілді болған араб халқы Құран Кәрімнің мұғжиза екендігін білген соң сәжде етіп, аяттарға құрмет білдіріп, ұлық тұтулары керек еді. Әбу Ханифа осы аятты сәжде етудің уәжіптігіне дәлел еткен. Өйткені, бұл аятты ести тұра сәжде етпеу қорлық болып табылады.

بَلِ الَّذِينَ كَفَرُوا يُكْذِبُونَ

22. Әрине, кәпірлер (ақиқатты) өтіріксінеді.

Кәпірлер Алла Тағаланың бірлігін, қайта тірілу, сауап пен жазаны қамтыған иләһи кітапты мойындамауы Алла елшісіне (ρ) деген көреалмаушылықтан немесе дүниелік пайда мен

басшылықты жоғалту қаупінен туындаған. Немесе ата-бабаларына соқыр ілесуден туған қырсықтықтан болуы мүмкін.

وَاللَّهُ أَكْبَرُ بِمَا يُوعُونَ

23. Алла олардың бүкпелеген нәрселерін жақсы біледі.

Анығында, Алла Тағала олардың күпірлік немесе серік қосуда табан тіреп тұрып алуларының себебінен хабардар.

فَبَشِّرْهُمْ بِعَذَابٍ أَلِيمٍ

24. Мұхаммед, сол себепті оларды күйзелтетін азаппен сүйіншіле.

Ақиқатты мойындамағаны үшін оларды ауыр азап күтіп тұрғанын пайғамбарға «сүйіншілеуді» әмір етуде. Әсілі, «сүйіншілеу» қуанышты хабарға байланысты. Бұл жерде кәпірлерді қорлау үшін осы сөз қолданылған.

إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ لَهُمْ أَجْرٌ غَيْرُ مَمْنُونٍ

25. Бірақ иман келтіріп, түзу амал істеушілерге таусылмайтын сыйлық бар.

Ал, Алла Тағалаға, Оның елшісіне, ақырет күніне иман еткен және Құран Кәрімге бас иген, Құран үкімдеріне амал еткен, ізгілікте табандылық танытқан мұсылмандарға ақыретте ешбір кемітпестен толайым жақсылық беріледі.

«Буруж» сүресінің бұрынғы сүрелермен үш жағынан байланысын көруге болады:

1. Сүрелердің басталуындағы ұқсастық. Барлығы аспанды тілге тиек етіп басталады. Тіпті, осы төрт сүрені меңзей отырып «аспандар» сүресі деп келген хадис те бар.

2. Екі сүре де мұсылмандарға уәде мен кәпірлерге ескертуді және Құран Кәрімнің ұлылығын қамтыған.

3. Алдыңғы сүреде Алла Тағала мүшріктердің Пайғамбарға (р) және мұсылмандарға түрлі ұру, өлтіру және күн ыстығында азаптау сияқты зәбір көрсетуінің және көре алмау, қастасу, дұшпандық пен айла жасау сияқты залал келтіруіндегі ойларын білетіндігі айтылуда. Ал, бұл сүреде аталмыш әрекеттер бұрын өткен кәпір халықтың әдеті екендігін ескерте отырып, серік қосушыларға ғибрат, ал мұсылмандарға имандары одан сайын күшейе түсуі үшін насихат етілуде.

Меккелік сүрелердің қатарына жататын «Буружда» иманның ең маңызды тұсы ерекше айтылады. Ол иман мен сенім жолында құрбан болу. Оны сүреде шұңқырға түскендер оқиғасы арқылы көрсетуде.

Қасиетті сүре жұлдыздардың қозғалу орны аспанмен, қиямет күнімен, өз үмбеттеріне куәлік етуші пайғамбарлармен серт етуде. Мұсылман ер мен әйелдерді ақиқат дінінен қайтару үшін отқа лақтырған қылмыскерлерді жойып жіберуге серт етуде.

Кейін шектен шыққан бұзық елге тозақ азабын айтып ескертуде, ал мұсылмандарға жаннат уәде етілуде.

Сүре соңында, Алла Тағала дұшпандарынан есе алуда ұлық әрі құдіретті екендігін көрсетеді. Және шектен шыққан перғауын қиссасынан ғибрат алуға шақырады.

Артықшылығы:

Әбу Хұрайра (р.а.): Алла елшісі (ρ) құптан намазында «зәтил буруж» бен «уәс сәмәи уәт тариқ» сүрелерін оқитын еді¹⁴, – дейді.

Сүренің түсу себебі:

Сүре кәпірлерден қорлық көрген пайғамбар мен сахабалардың еңсесін көтеру үшін түсті. Бұл сүреде сөз етілген бұрынғы өткен үмбеттер де меккеліктер сияқты еді. Мәселен, Йемендегі Нажрандағы ор иелері, перғауын мен самуд қауымы сияқты. Олардың барлығы да пайғамбарды мойындамады. Ақыры, Алла Тағала олардан кек алды. Себебі, барлық жаратылыс Алла Тағаланың күдіретті уысында.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

وَالسَّمَاءِ ذَاتِ الْبُرُوجِ

1. Жұлдызды аспанға ант,

Он екі жұлдыздың орны мен жүретін жеріне серт. Олардың ішінде күн де бар.

وَالْيَوْمِ الْمَوْعُودِ

2. Уәделі күнге серт,

Алла Тағала пенделеріне есеп-қисап алуды уәде еткен күн қияметке серт.

وَشَآهِدٍ وَمَشْهُودٍ

3. Куәлік берушіге, куәлік берілгенге серт.

Сол күні бір-біріне куә болатын, сондай-ақ, өз амалдары өздеріне куә болатын күн. Бұл пайғамбарлар мен олардың үмбеттерін қамтиды.

¹⁴ Ахмед

فَتِلْ أَصْحَابُ الْأُخْدُودِ

4. Ордың иелері жойылып кетсін!

Ор қазғандар лағынетке ұшырады. Олар кәпір қауым еді. Йемендегі иман еткен бір топ мұсылмандарды отқа лақтырды. Жазықсыз құрбан болғандар таухид дініндегі Нажран насаралары еді.

النَّارِ ذَاتِ الْوُقُودِ

5. Отынмен жанған отты (ордың).

إِذْ هُمْ عَلَيْهَا قُعُودٌ

6. Сол уақытта олар оның (ордың) маңында отырған;

Қатты лаулаған от еді. Ал адамдар қазылған ордың шетінде отырған болатын.

وَهُمْ عَلَىٰ مَا يَفْعَلُونَ بِالْمُؤْمِنِينَ شُهُودٌ

7. Олар мүміндерге не істегендеріне өздері куә болып.

Алла Тағалаға иман еткендерді отқа лақтырумен азаптап жатқанына куә болды.

وَمَا نَقَمُوا مِنْهُمْ إِلَّا أَنْ يُؤْمِنُوا بِاللَّهِ الْعَزِيزِ الْحَمِيدِ

8. Олардың өшігуінің себебі, мұсылмандардың Азиз (барлығынан үстем), Хамид (ерекше мақтаулы) Аллаға сенуі ғана еді.

Мұсылмандарға қарадай өшігуінің бір ғана себебі олардың Алла Тағалаға иман еткендері болды.

الَّذِي لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاللَّهُ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ شَهِيدٌ

9. Ол аспандар мен жердің иелігі – Өзінікі болған (Алла Тағала). Әрі Алла – әр нәрсенің үстінен Шаһид (куә).

Ал, көктер мен жердің Иесі әрине жалғыз Өзіне ғана иман етуге лайықты. Алла Тағала кәпірлердің іс-әрекеттерін білуші және бақылаушы әрі жазасын беруші

إِنَّ الَّذِينَ قَاتَلُوا الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ ثُمَّ لَمْ يَتُوبُوا فَلَهُمْ
عَذَابُ جَهَنَّمَ وَلَهُمْ عَذَابُ الْحَرِيقِ

- 10. Негізінде мүмін ерлер мен мүмін әйелдерді сынаққа салып (азаптап) кейін жасаған күнәларына (қылмысына) шын жүректен өкінбегендер үшін тозақтың азабы әрі күйдіретін азап бар.**

Негізінде мұсылман ер кісілер мен әйелдерді діннен қайтару үшін азаптап, отқа лақтырғандар, осы сорақы істері үшін тәубе етпегендерге қиямет күні иман етпегені және мұсылмандарды отқа лақтырғандары үшін тозақ оты күтіп тұр.

إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ لَهُمْ جَنَّاتٌ تَجْرِي
مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ ذَلِكَ الْفَوْزُ الْكَبِيرُ

- 11. Негізінде, иман келтірген және ізгі іс істегендерге астарынан өзендер ағатын (пейіштер) бақтар бар. Бұл – мұратқа жетушілік.**

Алла Тағалаға, Оның елшісіне және қиямет күніне иман келтіріп, Алла әмір еткен ізгі амалдарды орындағандарға қиямет күні бақшалары мен бөлмелерінің астына өзендер ағатын жаннаттар әзір. Міне, ол ең үлкен жетістік, ешбір басқа жетістік онымен салыстыруға келмейді.

إِنَّ بَطْشَ رَبِّكَ لَشَدِيدٌ

- 12. Анығында, Раббыңның қолға алуы – орасан қатты.**

Негізінде, Раббыңның қолға алуы орасан қатты. Мұндағы мақсат Алла Тағала кәпірлерге еселеп жаза беретіндігін ескерту.

إِنَّهُ هُوَ يُبْدِي وَيُعِيدُ

13. Расында, Ол бастапқыда жаратып, әрі қайта тірілтеді.

Расында Алла жоқтан бар етіп бастапқыда жаратады, сосын қиямет күні өлгендерді қайта тірілтеді, әуелгі қалпына қайтарады.

وَهُوَ الْعَفُورُ الْوَدُودُ

14. Ол – Ғафур (тым жарылқаушы), Уәдуд (аса жақсы көруші).

ذُو الْعَرْشِ الْمَجِيدُ

15. Ғаршының иесі, Мәжид (аса мақтаулы).

Алла Тағала тәубе етушілерге көп кешірім жасаушы, оларды жақсы көруші. Расында Алла аршыны жаратушы, оның Иесі және заты мен сипаттарында ұлық.

فَعَالٌ لِّمَا يُرِيدُ

16. Ол қалағанын бұлжытпай істеуші.

Алла Тағала көп іс жасаушы, қалаған ісін жасайды. Оның үкімін ешкім және еш нәрсе өзгерте алмайды.

هَلْ أَتَاكَ حَدِيثُ الْجُنُودِ

17. Мұхаммед, саған әскерлердің хабары келді ме?

Уа, Алла елшісі! Саған қадірлі елшілермен соғысып, оларды өлтіргендер жайы жетті ме?

فِرْعَوْنَ وَثَمُودَ

18. Перғауын және Сәмүд әскерлерінің?

Ол елшілермен соғысу үшін қару-жарағын түгел сайлаған әскер перғауынның және Мысырға қарасты елдердің әскерлері

еді. Сондай-ақ, Салих пайғамбардың елі Самуд қабиласы. Аяттың меңзегені: олардың Алла Тағалаға сенбеуі, қасарысуы, ақыр соңында азапқа ұшырауы.

بَلِّ الَّذِينَ كَفَرُوا فِي تَكْذِيبِ

19. Дегенмен, қарсы болғандар (кәпірлер) өтіріксініп мойындамауда.

Ал, мынау араб кәпірлерінің Алла елшісі мен Құранды өтірік деуі одан да сорақы. Олар өздерінен бұрын өткен имансыздар оқиғасынан ғибрат алып отырған жоқ. Сондықтан, Құрайыш кәпірлерінің жағдайы бұрынғы өткен имансыз қауымдардың күйінен де сорақы еді.

وَاللَّهُ مِنْ وَرَائِهِمْ مُحِيطٌ

20. Алла оларды сырттай орап, қамтушы.

Алла Тағала оларға құдіреті жетуші. Барлығы да Алла Тағаланың уысында және иелігінде. Оларды бұрынғы кәпір елдерді азаптағандай азапқа салады

بَلِّ هُوَ قُرْآنٌ مَجِيدٌ

21. Әрине ол – ұлы Құран.

Расында Ол кітап – ұлық Құран. Кәпірлер ойлағандай өлең, сәуегейлік немесе сиқыр емес.

فِي لَوْحٍ مَّحْفُوظٍ

22. Лаухы Махфұзда сақтаулы.

Құран – аспандағы Лаухы Махфұзда. Ол артық бір нәрсе жазылудан немесе кемітуден сақталған және бұрмалау мен өзгертуден қорғалған кітап.

«ТАРИҚ» СҮРЕСІ

«Тарик» сүресінің өзінен бұрынғы сүремен екі жақты байланысы бар. Біріншісі, екі сүре де аспанға серт етумен басталған. Екіншісі, қайта тірілу және Құранды суреттеудегі ұқсастық. *«Буруж»* сүресінде *«Өйткені Ол бастап та жаратып, әрі қайта тірілмеді»* десе, бұл сүреде *«Сөз жоқ. Алла адамзатты қайта тірілту күшіне ие»* деп айтылған.

Бұл сүре басқа да меккелік сүрелердей қайта тірілуге иман және Алла Тағала құзырындағы есеп-қисап жайын әңгіме етеді. Алла Тағаланың адамды жоқтан бар етіп жаратқандығын дәлелдеуде. Әрине, жоқтан жаратқан құдірет Иесі, өлгенді қайта тірілтуге де құдіреті жетеді.

Сүре аспанға және жарқыраған жұлдызға серт етумен бастап, адамның әрбір амалын бақылаушы періште бар екенін баяндайды.

Сосын, Алла Тағала өлген және қурап жоқ болып кеткен тіршілікті қайта жан бітіруге құдіретті екендігін көрсетіп, адамды әуелде топырақтан, екінші рет тамшы судан жаратқанын айтуда.

Бұдан кейін ақыретте барлық құпиялар толық ашылады. Міне, сол күні адам ешбір күш-қуатсыз және жәрдемшісіз иләһи әділет құзырында тұрады.

Сүре соңында, аспан мен жерге серт ете отырып, Құранның растығын және оның ақиқат пен жалғанның арасын ажыратушы кітап екендігін айтып, бұл ақиқатты мойындамаған кәпірлерге қатаң естерту беруде.

Жабир ибн Абдулла (р.а.): *«Мұғаз ақшам намазын оқыды. Ол намазда «Бақара» мен «Ниса» сүрелерін оқыды. Сонда*

пайғамбар (ρ): «Ей, Мұғаз! Сен бүлік шығарушысың ба? «Уас самаи уат тариқ», «Уаш шамси уа духахә» секілді қысқа сүрелерді оқысаң болмас па еді?»¹⁵, – деді.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالسَّمَاءِ وَالطَّارِقِ

1. Аспанға, Тарыққа (жарық жұлдызға) серт.

Аспан мен жарқыраған жұлдызға серт. Тәпсіршілер: «Жұлдыз «Тарық» деп аталуының себебі ол түнде пайда болып күндіз көзден таса болады», – дейді. Ал арабтарда түнделетіп келушінің барлығын да «Тарық» деп атайды.

وَمَا أَدْرَاكَ مَا الطَّارِقُ

2. Ей, Мұхаммед, Тарықтың не екенін қайдан білерсің?

النَّجْمِ الثَّاقِبِ

3. Ол – (жарығы) тесіп өтуші жұлдыз.

Тарық – жарығымен қара түнек түнді тесіп өтетін жұлдыз. Сауи: «Алла Тағала Құран Кәрімде күн, ай және жұлдыздарды көп айтады. Өйткені, бұл аспан денелерінің көрінісі, қозғалысы, батуы мен шығу жағдайлары гажайып құбылыс. Бұл олардың Жаратушысы бір екенін аңғартады. Себебі, жасалған бұйым ұстаның барлығына дәлел»¹⁶, – дейді.

إِنَّ كُلَّ نَفْسٍ لَّمَّا عَلَيْهَا حَافِظٌ

4. Расында, әркімнің үстінде бір бақылаушы бар.

¹⁵ Нәсан

¹⁶ Хашиат әс-Сауи, 4/309

Бұл аят жоғарыдағы серт аяттардың жауабы. Әрбір жанның бір бақылаушы періштесі бар. Ол періште адамның амалын бақылап, жақсы да жаман іс-әрекетін тіркеп отырады. Ибн Касир: «Әрбір жанға Алла құзырынан пәлекет-апаттан қорғайтын періште болады»¹⁷, – дейді.

فَلْيَنْظُرِ الْإِنْسَانُ مِمَّ خُلِقَ

5. Ал енді адам (өзінің) не нәрседен жаратылғанына бір қарасын.

Бұл аятта Алла Тағала адам баласын өзінің жаратылуына зер салып, пікірлеуге әмір етуде. Осылайша қайта тірілуді көрсетуде. Адам өзінің бастапқы жаратылуына оймен зер салсын, оны Алла Тағала не нәрседен жаратты?

خُلِقَ مِنْ مَّاءٍ دَافِقٍ

6. Бір тамшы атылып шыққан судан жаратылған.

Адам еркек пен әйелдің бойынан атылып шығатын судан пайда болады. Міне, сол тамшыдан Алланың қалауымен адам жаратылады.

يَخْرُجُ مِنْ بَيْنِ الصُّلْبِ وَالتَّرَائِبِ

7. Бел сүйек пен кеуде сүйегінің арасынан шығады.

Ол су еркектің бел сүйегі мен әйелдің кеуде сүйегі арасынан шығады.

إِنَّهُ عَلَى رَجْعِهِ لَقَادِرٌ

8. Анығында, Алла адамзатты қайта тірілту күшіне ие.

Ақиқатында, адамды бастапқыда жоқтан жаратқан Алла Тағала оны өлгеннен кейін қайта тірілтуге әрине құдіреті жетеді.

¹⁷ Мұхтасар Ибн Касир, 3/629

Ибн Касир: «Алла Тағала адамға оның жаратылысының негізі әлсіз екендігін ескертіп, қайта тірілуді мойындауға шақыруда. Өйткені, жоқтан жаратуға құдіреті жеткен құдірет Иесі жеңіл түрде қайта тірілте алады», – дейді.

يَوْمَ تُبْلَى السَّرَائِرُ

9. Сыр-құпиялар сынға тартылған күні.

Ол – жүректер сыналатын күн. Сол күні адамның сенімі мен ішкі ниеті білінеді. Бұл күні жақсылық пен жамандықтың арасы ажыратылады.

فَمَا لَهُ مِنْ قُوَّةٍ وَلَا نَاصِرٍ

10. Оның (имансыздың) шама-шарқы да, жәрдем берушісі де болмайды.

Міне, сол күні адамның өзінен азапты алыстататындай күш-қуаты болмайды. Сондай-ақ, пана болып көмек беретін ешкім таппайды. Ташил тәпсірінде: «Бұл пәниде жамандықты адам өз күш-қуатымен немесе басқа біреудің жәрдемімен жеңетіні мәлім. Алла Тағала адамға қиямет күні сол күш-қуатын жоғалтатындығын айтуда»¹⁸, – делінген.

وَالسَّمَاءِ ذَاتِ الرَّجْعِ

11. Қайталаушы (жаңбырлатқан) аспанға серт.

Ибн Аббас (р.а.): «Қайталай жауған жаңбыр болмаса адамдар мен үй жануарлары құрдымға кетер еді»¹⁹, – дейді.

وَالْأَرْضِ ذَاتِ الصَّدْعِ

12. Жаралып өсімдік шығарушы жерге серт.

¹⁸ Ташил либулум танзил, 4/192

¹⁹ Мұхтасар Ибн Касир, 3/628

Ибн Аббас (р.а.): «Бұл – жерді өсімдіктер мен жемістердің жарып шығуы²⁰», – дейді. Алла Тағала нөсер жаңбыр жауатын аспанмен және жеміс пен өсімдік шығаратын жермен серт етуде. Аспан барлық жаратылыс үшін – әке тәрізді. Ал, жер – ана. Осы екеуінен адамзат пен жан-жануарлардың тіршілігі үшін қажетті мол нығмет және көптеген жақсылықтар туындайды.

إِنَّهُ لَقَوْلٌ فَصْلٌ

13. Ақиқатында, ол (Құран) – төрелік сөз.

Бұл аят – жоғарыдағы қос серт аяттың жауабы. Расында, бұл Құран ақиқат пен жалғанның арасын ажыратушы. Құран сөзі, үкімі мен мұғжизасында шек жоқ иләһи кітап.

وَمَا هُوَ بِالْهَزْلِ

14. Ол – әзіл емес.

Ол кітапта ешбір бос, жалған һәм орынсыз сөз жоқ. Өйткені, бұл Хақим Алла Тағаланың сөзі. Оны оқушы аяттарынан насихат алуы және нұсқаулықтарынан тура жол табуы тиіс.

إِنَّهُمْ يَكِيدُونَ كَيْدًا

15. Шын мәнінде, олар (имансыздар) айла жасауда.

Расында бұл мүшріктер, Мекке қаласының кәпірлері, Алла Тағаланың нұрын сөндірмек болып және Мұхаммед (ρ) пайғамбардың шарифатын көзге ілмей түрлі айла-қулық ойластыруда.

وَأَكِيدُ كَيْدًا

16. Мен де (қулық-сұмдықтарына) шара қолданамын.

²⁰ Тафсир Табари, 30/95

Олардың жасаған айла-қулықтарын күтіп, артынан ауыр жаза береді.

فَمَهْلٍ الْكَافِرِينَ أَمْهَلُهُمْ رُوَيْدًا

17. (Мұхаммед,) кәпірлерге мұрсат беріп, оларды аз еркіне қой.

Олардың құрдымға кетуіне асықпа. Аз ғана мұрсат бер. Соңынан не боларын өздері де көреді.

«АҒЛӘ» СҮРЕСІ

«Ағлә» сүресі меккелік сүрелер қатарына жатады. Сүреде төмендегі мағыналар қамтылған:

1. Алла Тағаланың кейбір сипаттары және Алла Тағаланың құдіреті мен жалғыздығы;

2. Уахи және елшілердің соңғысы Мұхаммедке (ρ) түсірілген Құран жайы және оны пайғамбарға жаттап алуды жеңіл еткендігі;

3. Ояу жүректер пайда алатын көркем насихат. Бұл насихат бақытты да иманды жандарға күш береді.

Сүреде Алла Тағаланың мінсіз екендігі баяндалуда. Ол Алла барша мақұлықатты Жаратушы һәм ғажайып етуші. Ол бейне беріп, оны көркем етуші. Жер бетіне көп шөп пен өсімдіктер шығарушы.

Соңында уахи және Құран жайлы әңгіме өрбиді. Алла елшісіне (ρ) бұл қасиетті кітап Құранды жаттауды жеңіл еткендігі және оны ешқашан ұмытпайтындығы сүйіншілеп хабарланады.

Құранда адамдардың есіне салу жайлы иләһи әмір берілуде. Себебі, Құранның нұрынан мұсылмандар күш алады. Ал, насихатынан тақуалар ғибраттанады.

Сүре соңында, өзін күнә-қателіктерден арылтқан және ізгі амалдармен жуып-шайған адамның жетістікке жететіндігі баяндалады.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

سَبِّحْ اسْمَ رَبِّكَ الْأَعْلَى

1. (Мұхаммед) Аса ұлық Раббыңның есімін ұлықта.

Ей, Мұхаммед! Ұлық Раббыңды залымдар айтқан кемшілік пен нұқсан сипаттардан пәктеп, мінсіздігін дәріпте. Ибн Аббас (р.а.) риуаят еткен хадисте пайғамбар (р) осы аятты оқығанда «*субхана Раббиал Аелә*²¹» (мағынасы: «Менің Ұлық Раббым кемшілік атаулыдан пәк), – деген»

الَّذِي خَلَقَ فَسَوَّى

2. Ол жаратып, теңестірген (Алла)

Ол Алла Тағала барлық мақұлықатты жаратқан және оларды өте кемел түрде жасаған. Жаратылысты ерекше көркем кейіпте жаратты. Әлемдегі бүкіл тіршілік Жаратушының барлық нәрсені білуші һәм ерекше дана екенін көрсетуде.

وَالَّذِي قَدَّرَ فَهَدَى

3. Және де алдын ала белгілеп, бағыттаған.

Ол Алла әрбір жаратылысқа ақыл мен сана таңданатындай етіп өзіне тән ерекшеліктер мен қасиет берген. Сондай-ақ, адамзат әлемді өз игілігіне пайдалану үшін оған ақыл мен ой-

²¹ Ахмед

сана беріп жол көрсетуде. Адам өсімдік әлемінің ерекшелігі мен қасиеті жайлы ой жүгіртсе, жер қойнауындағы байлықтың пайдасына зер салса, сол өсімдіктен емдік дәрі-дәрмек, ал қазба байлықтан өміріне қажетті өндіріс құралдарын жасайды. Егер Алла Тағала адам баласына осыларды қалай пайдалану керектігін ақыл-ойына салмаса, қараңғылықтан көз ашпас еді.

وَالَّذِي أَخْرَجَ الْمَرْعَى

4. **Һәм жайылымдарды шығарған.**

Ол Алла Тағала жануарлар жайылып қорек ететін жасыл жайлауларды жаратты.

فَجَعَلَهُ غُثَاءً أَحْوَى

5. **Сосын оны қап-қара қоқымға айналдырған.**

Бұдан кейін жасыл шөпті қап-қара қураған күйге айналдырды. Жасыл шөп шұрайлы да қоректі еді. Жайлаудың шөбі күйіп кетсе ешбір пайдасы болмайтындығы жасырын емес. Әлемнің әрбір жаратылысын кемел еткен құдіретті Алла нұқсан және кемшілік атаулыдан пәк, мінсіз.

سَنُقْرُكَ فَلَا تَنْسَى

6. **(Мұхаммед) Біз саған (Құранды) оқытамыз және сен (оны) ұмытып қалмайсың.**

Уа, Мұхаммед! Бұл Құранды сенің көкірегіңе орнықтырамыз. Оны есте ұмытпайсың.

إِلَّا مَا شَاءَ اللَّهُ إِنَّهُ يَعْلَمُ الْجَهْرَ وَمَا يَخْفَى

7. **Бірақ, Алланың қалағанын ғана (жадыңнан шығарасың). Негізінде, Ол жарияны да, жасырылғанды да біледі.**

Алайда, тек Алла Тағала қалаған жайтты ғана ұмытасың. Осы аят Пайғамбарымыздың (р) мұғжизасы. Пайғамбар (р) оқу

және жазуды танымаған кісі еді. Соған қарамай өзіне
Жәбірейіл оқып берген аяттарды мүлде ұмытпайтын. Бұл ұлық кітапты ешбір үйретусіз, қайталаусыз ұмытпай жаттап алуы оның пайғамбарлығының ең айқын дәлелінің бірі. Ибн Касир: *«Бұл Алла Тағала тарапынан пайғамбарымызға (р) берілген уәде. Пайғамбарға Құран аяттарын ешбір ұмытпайтындай етіп оқып беру»*, – дейді.

Расында ол Алла пенделердің жария және жасырын амалдарын толық білуші. Алла Тағалаға жер мен аспанда ешбір нәрсе беймәлім емес.

وَنُيَسِّرُكَ لِلْيُسْرَى

8. Және де Біз саған оңай болғанды жеңілдетеміз.

Расында сені Біз жеңіл және аса оңай шариғатқа бағыттаймыз. Ол аспаннан түскен барлық шариғаттардың ең жеңілі һәм ыңғайлысы. Бұл – Ислам шариғаты.

فَذَكِّرْ إِن نَّفَعَتِ الذِّكْرَى

9. Естеріне салу пайда беретін болса, насихат ет.

Уа, Мұхаммед! Құранмен олардың есіне сал. Өйткені бұл насихат пен еске салу оларға пайдалы. Ибн Касир: «Осы аяттан білім беру (тарату) әдебін үйренеміз. Білімді лайықты адамнан басқа біреуге табыстамаймыз. Әли (р.а.) айтқандай: *«Сен ақылы жетпейтін адамдарға бір хадис айтар болсаң, айтқаның олардың кейбіріне фитна (бүлік) болады»*, – деген. Сондай-ақ, ол кісі: *«Адамдарға олардың танымына сай білім жеткізіңдер. Әлде, сендер олардың Алланы және елшісін өтірікші дегенін қалайсыңдар ма?»* – деген.

سَيَذَكَّرُ مَنْ يَخْشَى

10. Әлдекім Алладан қорықса, есіне (үгіт-насихат) алады.

Бұл еске салу насихатынан Алла Тағаладан қорқушы тақуа жан ғибрат алады.

وَيَتَجَنَّبُهَا الْأَشْقَى

11. Ал, ең бақытсыз болған ғана өзін аулақ ұстайды.

Ал, бақытсыздық батпағына батқан шектен шыққан кәпір насихатты қабылдаудан бас тартады.

الَّذِي يَصِلَى النَّارَ الْكُبْرَى

12. Ол (бақытсыз) зор тозаққа салынады.

Ол бейбақ жанып тұрған жаһаннамға тасталады. Хасан: «Үлкен от – ақыреттегі от, ал кішкене от – дүниедегі от», – деген екен.

تُمْ لَا يَمُوتُ فِيهَا وَلَا يَحْيَا

13. Сосын ол онда өлмейді де, өмір де сүрмейді.

Ал, тозақ отына түскен бейбақ өліп, жаны жай таппайды. Және де тыныш бір тіршілік те жоқ оған. Ол мәңгі азапқа душар болмақ.

قَدْ أَفْلَحَ مَنْ تَزَكَّى

14. Анығында, өзін тазартқан – мұрат-мақсатына жетті.

Нәпсісін иманмен тазалаған және Алла Тағала алдындағы амалын ықыласпен орындаған жан жамандықтан құтылады.

وَذَكَرَ اسْمَ رَبِّهِ فَصَلَّى

15. Және Раббысының атын еске алып, намаз оқыған.

Ол тақуа адам Раббысының ұлылығы мен құдіретін еске алып, Алла Тағаланың әміріне бойұсынып намаз оқиды.

بَلْ تُؤْثِرُونَ الْحَيَاةَ الدُّنْيَا

16. Алайда, сендер дүние тіршілігін артық көресіндер.

Алайда, уа, адамдар! Сендер мәңгілік ақыреттен пәни дүниені артық көресіндер. Дүниемен әлек болып ақыретті ұмытып кетесіндер.

وَالْآخِرَةُ خَيْرٌ وَأَبْقَى

17. Ал, ақырет (мәңгілік өмір) қайырлы да, тұрақты.

Бірақ, ақырет дүниеден қайырлы әрі мәңгі. Өйткені дүние – пәни, ал ақырет – мәңгілік. Ал, мәңгілік қашанда пәниден артық. Қалайша ақылды жан пәниді бақидан абзал көрмек? Ибн Масуд (р.а.) өз жолдастарына осы аятты оқып беріп: «Біз не үшін дүниені ақыреттен артық санайтынымызды білесіңдер ме? – деді. Жолдастары: «Жоқ», – десті. Ибн Масуд (р.а.): «Өйткені дүние бізге өзінің тағамын, сусынын, әйелдерін, рақаттары мен қуанышып жылдам ұсынды. Ал, ақырет болса бізден тасада тұр. Сондықтан біз жылдам келген нәрсені жақсы көріп, кейін келетін нәрседен бас тарттық», – деген екен.

إِنَّ هَذَا لَفِي الصُّحُفِ الْأُولَى

18. Негізінде, бұл бұрынғы жазбаларда бар.

وَمُوسَى

صُحُفِ إِبْرَاهِيمَ

19. Ибраһим мен Мұсаның жазбаларында (сухуфтарында).

Сүреде айтылған бұл насихаттар көнеде Ибраһим мен Мұсаға түскен парақшаларда да бар. Бұл бұрынғы және қазіргі шариғаттардың келіскен мәселесі. Аталмыш насихат Құран Кәрімде болғандай әуелгі қасиетті кітаптарда да жазылған болатын.

Аятқа қатысты жайт:

□ □ Мұсаның парақшалары Таурат емес. Риуаят бойынша Мұсаға он парақша түсірілген. Оның барлығы да □ гибратты әңгімелер. Әбу Зарр (р.а.): *«Мен Алла елшісінен (р) Мұсаның парақшалары жайлы сұрадым».* Пайғамбар (р): *«Оның барлығы гибратты әңгімелер, «Өлімнің ақиқат екеніне көзі жеткен адам қалайша қуанады, тозақтың барлығын білген адам қалайша күледі, дүниенің және ондағы барлық нәрсенің құбылмалы екенін көре тұра қалайша одан рақат іздейді, тағдырға сене тұра қалайша бал ашады, қияметте есеп-қисаптың болатындығын біле тұра қалайша амал (жақсылық) етпейді»,* – делінген.

«ҒАШИЯ» СҮРЕСІ

«Ғашия» – меккелік сүре. Сүреде маңызды екі тақырып қамтылған.

1.Қиямет жағдайы мен қорқынышы. Қияметте кәпірдің бетпе-бет келетін қиыншылығы және мұсылманға берілетін бақыт.

2.Әлемдер Раббысы Алла Тағаланың бірлігі мен құдіретінің айқын дәлелдері. Бұл дәлелдер сүреде түйенің ғажайып жаратылысы, аспанның кереметі, биік таулар және кең етіп төселген жерді айтумен баяндалады. Бұл жаратылыс пен құбылыстардың барлығы да Алла Тағаланың бірлігі мен құдіретінің белгісі. Сүре соңында барша адамзаттың есеп-қисап

үшін Алла Тағала құзырына қайтатыны еске салынып тәмамдалған.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

هَلْ أَتَاكَ حَدِيثُ الْعَاشِيَةِ

1. (Мұхаммед) саған ғашияның хабары келді ме?

Уа, Мұхаммед! Саған «Ғашияның» (адамдарды түгел өзінің қорқынышы және алапатымен орап алатын күннің) хабары жетті ме? Бұл – қиямет күні.

وَجُودٌ يَوْمَئِذٍ خَاشِعَةٌ

2. Ол күні кейбір жүздер қорқуда.

عَامِلَةٌ نَّاصِبَةٌ

3. Қатты қиналған шаршаған болады.

Тәпсіршілер: «Бұл кәпірлер жайындағы аят. Олар шынжыр мен тұсауларын сүйреп, құмға батқан түйедей отқа батып, тозақтың жотасына бір шығып, сайына бір түсіп, өлесе шаршайды. Бұл олардың дүниеде құлшылық етуге тәкаппарланып, құмарлыққа белшесінен батқандығының жазасы», – дейді.

تُصَلَّى نَارًا خَامِيَةً

4. Ыстығы қатты отқа тасталады.

Ибн Аббас (р.а.): «Тозақ оты қатты жануда, ол Алланың дұшпандары үшін жалындап тұрады», – дейді.

تُسْقَى مِنْ عَيْنٍ أَنِيَّةٍ

5. Қайнап тұрған бастаудан ішкізіледі.

Оларға ішуге қайнауы ыстықтық дәрежесінің ең соңғы сатысына жеткен қайнардан беріледі.

لَيْسَ لَهُمْ طَعَامٌ إِلَّا مِنْ ضَرِيحٍ

6. Оларға улы тікеннен басқа ешбір тамақ жоқ.

Тозаққа түскендердің тағамы – тікенді және исі өте нашар өсімдік.

لَا يُسْمِنُ وَلَا يُغْنِي مِنْ جُوعٍ

7. Ол семіртпейді де, аштықты да баспайды.

Аталмыш тамақ аштықты басып, бойға күш-қуат бермейді. Әбу Сағуд: *«Бұл тағам дүниенің тамағы сияқты тойдырмайды және күш-қуат бермейді»,* – дейді. Риуаятта: *«Тозақтық адамдарды аштық қинағандықтан сасық «дариг» тікенін жеуге мәжбүр болады. Оны жеген соң оларды шөл қысады да «хамимді» ішуге мәжбүр болады. Хамимның ыстықтығынан жүздері күйіп, ішектері бөлініп үзіледі»,* – деп айтылған.

وَجُودٌ يَوْمَئِذٍ نَاعِمَةٌ

8. Ол күні кейбір жүздер шаттықта,

Тозақтағы бақытсыздар жағдайы айтылған соң, артынша жаннат иелерінің жайын әңгіме етуде. Қиямет күні имандылардың жүздері қуанышты, көркем және нұрланып тұрады.

لِسَعْيِهَا رَاضِيَةٌ

9. Амалдарына разы,

Дүниеде жасаған ізгі амалдары және Алла Тағала ризашылығы үшін істеген құлшылықтары себепті қуанышты. Һәм жандары тыныштық тапқан. Өйткені, амалдары себепті тақуалардың мәңгілік мекені Фирдаусқа қолдары жетуде.

فِي جَنَّةٍ عَالِيَةٍ

10. Биік бақтарда болады.

Олар тұрған жері де, мәртебесі де биік саналатын жаннат бақшаларында болады.

لَا تَسْمَعُ فِيهَا لِأَغْيَةً

11. Олар онда (жаннатта) бос сөз естімейді.

Жаннатта балағат сөз, ұрыс-керіс сөз және бұзақы сөз мүлде естімейсің. Ибн Аббас (р.а.): «Жаннатта зиян тигізетін және жалған сөз естімейсің», – деген.

فِيهَا عَيْنٌ جَارِيَةٌ

12. Ол жерде ағып жатқан бұлақ бар.

Жаннатта сәлсабил суы бұлақтардан тоқтаусыз ағып тұрады.

فِيهَا سُرُرٌ مَّرْفُوعَةٌ

13. Онда биік жайлы орындар бар.

Жаннатта биік төсектер бар, олар жақұт пен забаржад тастарымен әшекейленген. Және онда хор қыздары бар. Алла Тағаланың сүйген құлы сол төсекке отырғысы келсе, төсектің өзі төмендеп иіле түседі.

وَأَكْوَابٌ مَوْضُوعَةٌ

14. Және қойылған кеселер.

Бұлақтар жағасына қойылған кеселер бар.

وَنَمَارِقٌ مَّصْفُوفَةٌ

15. Әрі тізілген жастықтар.

Жастықтар мен төсеніштер сүйеніп демалу үшін тізіліп тұрады.

وَزَرَائِبٌ مَبْنُوتَةٌ

16. Төселген кілемдер.

أَفَلَا يَنْظُرُونَ إِلَى الْإِبِلِ كَيْفَ خُلِقَتْ

17. Олар түйеге қарамай ма, қалай жаратылған?

Уа, адамдар зер салып, түйенің жаратылысына қарамайсындар ма? Алла Тағала оны ғажайып етіп жаратқан. Аят Жаратушының құдіретін көрсетеді. Ташилде: *«Бұл аяттар түйенің жаратылысына пікір етуге үндеуде. Түйенің бойында керемет күш бола тұра әлсіз адамның баласына бойұсынады. Шөлге шыдамдылығы, көлік ретінде және жүк тасымалдаушы жануар ретінде пайдасы, еті ас, сүті сусын және т.б.»*, – дейді.

وَإِلَى السَّمَاءِ كَيْفَ رُفِعَتْ

18. Аспанға қарамай ма, қалай көтерілген?

Ғажайып тіреусіз тұрған аспанға зер салмай ма? Алла Тағала аспан құрылысын қалайша көтеріп қойған. Соншама аспан қабаттары ешбір тіреусіз, демеусіз қалайша тұр?

وَإِلَى الْجِبَالِ كَيْفَ نُصِبَتْ

19. Тауларға қарамай ма? Қалайша қадалған?

Ал, жерге мықтап қазық болып қағылған ешбір қимылдамайтын, жер сілкінсе де қозғалмайтын аспанмен таласқан тауларға неге қарамайды?!

وَإِلَى الْأَرْضِ كَيْفَ سُطِحَتْ

20. Жерге қарамай ма, қайтып төселген?

Өздерің өмір сүретін жерге неге қарамайсындар? Жер қалайша жайылып төселген. Оның үстіне егін егіп тіршілік етесіндер. Әлуси: *«Бұл аят жердің домалақ тәрізді екендігін жоққа шығармайды»*, – дейді. Осы аяттарда: түйе, аспан, тау және жер сияқты жаратылыстарды айтуының өзіндік сыры бар. Құран арабтарға түскен. Сондықтан олардың тұрмыс-салтына сай мысалдар айтылуда. Арабтар шөлде, елден жырақта

жападан-жалғыз сапар шегетін. Адам өлкесінен алыстаса ойға берілетіні мәлім. Ең әуелі астындағы көлігі түйеге көзі түседі. Ал жоғары қараса, аспаннан басқа еш нәрсе көрмейді. Оң-солына зер салса тек тауды ғана көреді. Ал, аяғының астында төселіп жер жатыр.

فَذَكِّرْ إِنَّمَا أَنْتَ مُذَكِّرٌ

21. (Мұхаммед) енді еске сал (насихат ет), шын мәнінде, сен еске салушысың (насихат-шысың)

Уа, Мұхаммед! Оларға насихат айтып, қияметті естеріне сал. Олардың жаратылысқа көз салып, пікірлемейтініне еш уайымдама, расында сен тек тура жолды көрсетуші және насихатшысың.

لَسْتُ عَلَيْهِمْ بِمُسيِّرٍ

22. Сен оларға (күшпен) үстемдік жасаушы емессің.

Оларды иманға күштеп алып келе алмайсың.

إِلَّا مَنْ تَوَلَّى وَكَفَرَ

23. Ал, енді кім теріс бұрылса және күпірлік етсе (қарсы келсе)

Ал, кімде-кім сенің насихатың мен еске салуыңнан теріс айналып, Алла Тағалаға қарсы шықса.

فَيُعَذِّبُهُ اللَّهُ الْعَذَابَ الْأَكْبَرَ

24. Сонда Алла оны ең зор азаппен қинайды.

Оны Алла Тағала мәңгі зор тозақ азабына салады. Олар бұдан бұрын дүниеде аштық, құрғақшылық, өлім сияқты азапты көргендіктен тозақ азабын «ең зор азап» деп айтуда.

إِنَّ إِلَيْنَا إِيَابَهُمْ

25. Расында олардың қайтар жері – Біздің құзыр.

ثُمَّ إِنَّ عَلَيْنَا حِسَابَهُمْ

26. Сосын сөз жоқ. Олардың есебі – Бізде.

Алайда, өлімнен кейін тек Біздің құзырымызға қайтасындар. Және тек Бізге ғана дүниедегі амалдарыңның есеп-қисабын бересіндер.

Сүреге қатысты жайт:

Халифа Хаттабұлы Омар (р.а.) Шам еліне келгенде, шіркеудің үлкен жастағы қарт қызметкері келеді. Оны көргенде Омар көзіне жас алған екен. Жанындағылар одан: *«Уа, мұсылмандар әміршісі! Неге жыладыңыз, ол жай ғана насара дініндегі біреу емес пе?»* – дейді. Халифа Омар (р.а.): *«Алла Тағаланың «Қатты қиналып, шаршайды. Жанып тұрған отқа тасталады», – деген аяты есіме түсіп әлігіге жаным ашып жылап тұрмын²²», – деген екен.*

«ФӘЖР» СҮРЕСІ

«Фәжр» сүресі меккелік сүрелер қатарына жатады. Бұл сүреде үш маңызды жайт қозғалады, олар:

1. Алла Тағала елшілерін мойындамаған Ғад, Самуд және перғауын қауымы сияқты халықтардың киссалары баян етіледі. Шектен шығуының салдарынан олардың бастарына келген пәлекет пен азап айтылады;

2. Бұл пәни жалғанда адамдарды жақсылық пен қиындық, байлық пен кедейлік арқылы сынау Алла Тағаланың – сүннеті,

²² Құртуби, 19/37

иләһи заңы. Және адам табиғатының дүниені қатты жақсы көретіндігі;

3. Ақырет, оның үрейі мен қорқыныштары. Қиямет күні адамдардың бақытты және бақытсыз болып бөлінуі. Сонымен қатар, жаман адам мен жақсы адамның барар жері айтылады.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

وَالْفَجْرِ

1. Таңғы арайға серт

وَاللَّيْلِ عَشْرٍ

2. Және он түнге серт

Қараңғылықты өз жарығымен қуатын таңға серт және Зул-хиджа, қажылық айының құтты он кешіне серт.

Бұл қажылық құлшылығымен шұғылданатын күндер. Тәпсіршілер: «Алла Тағала таңғы уақытқа серт етуінің себебі, бұл уақытта пенденің жүрегі Жаратушыдан ерекше қорқады. Таңғы уақыт ой таза сәт. Ал, қажылықтың алғашқы он күндері жылдың ең мүбәрак күндері. Хадисте: *«Алла Тағалаға ізгі амал жасаудағы ең ұнамды күндер осы зул-хиджаның он күні. Адамдар: «Алла жолындағы жиһадтан да ма?» – деді. «Иә, Алла жолындағы жиһад та (бұл күннен артық емес). Тек егер бір кісі өзі және мал-дүниесімен шығып, кері оралмаса²³», – делінген.*

وَالشَّفَعِ وَالْوٰثِرِ

3. Әрі жұп пен таққа серт

Әрбір жаратылыстың жұбы және тағына серт.

²³ Бұхари

وَاللَّيْلِ إِذَا يَسْرِ

4. Және өтіп бара жатқан түнге серт.

Ғажайып қозғалыспен өтіп жатқан түнге серт. Мұның барлығы Жаратушының шексіз құдіретінің айғағы.

هَلْ فِي ذَلِكَ فَسَمٌ لِّذِي حِجْرِ

5. Міне, осылар ақыл иелері үшін (жеткілікті) серт емес пе?

Осы жаратылыс және құбылыстар ақыл иелері үшін қанағаттанарлық серт емес пе? Бұл ақыл мен парасат иелері үшін маңызды серт. Ақылды да, парасатты жан зер салып қараса, Алла Тағала серт еткен құбылыстардың ғажайып екенін көреді.

أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِعَادٍ

6. (Мұхаммед) Ғад қауымына Раббыңның не істегенін көрмедің бе?

إِرمَ دَاتِ الْعِمَادِ

7. Ұзын бағаналы Ирамға (қаласына)?

Ирам қаласының тұрғындары – Ғад қауымы. Олар Оман мен Хадрамаут арасындағы құмды жоталарды мекендеді.

الَّتِي لَمْ يُخْلَقْ مِثْلُهَا فِي الْبِلَادِ

8. Дәл ондай іс басқа елдерде жасалмаған еді.

Алла Тағала бұл қауым сияқты күш-қуатты, мықты да алып денелі адам жаратпаған еді. Аятта Алла Тағала Ғад қауымына не істегенін айта отырып меккеліктерді қорқытпақшы. Ғад қауымы ұзақ өмір сүрген халық. Күш-қуаттары меккеліктерден едәуір мықты болса да құрдымға кетті. Ибн Касир: «Бұл алғашқы Ғад қауымы. Бұл қауымға Алла Тағала Өз елшісі Һудті жіберген болатын. Алайда, олар мойындамай пайғамбарға қарсы шықты. Ғад шектен шыққан, тәкаппар қауым еді. Міне сондықтан, олардың оқиғасын кейінгі ұрпаққа гибрат етті», – деген.

وَتَمُودَ الَّذِينَ جَابُوا الصَّخْرَ بِالْوَادِ

9. Сондай-ақ, ойпаттарда жартастарды қашаған Сәмүд еліне (не істегенін)

Сол секілді таудың жартастарын кесіп үй салған Сәмүд елі. Олар Хижаз бен Табук арасында мекен етті. Тәпсіршілер: «Ең алғаш тауды, жартас пен мәрмәрды кесіп қашаған Сәмүд қауымы еді. Олардың күштілігі соншалық тауларды қазып, жартастарды шығарып өздеріне үй салатын. Сәмүд Уадилқурада тұтастай тастан мың жеті жүз қала тұрғызды», – дейді.

وَفِرْعَوْنَ ذِي الْأَوْتَادِ

10. Және қазықтар қожайыны Перғауынға (не істегенін)

Сонымен бірге өктем де шектен асқан Перғауын. Патшалығын күшейтіп тұрған әскері мен қалың қолы бар еді. Әбу Сағуд: «Перғауын «қазықшы» деп суреттелуінің себебі әскері мен әскери шатырының көптігінен. Өйткені, шатыр қазықпен қағылады. Ғәм қазық азап құралы еді», – дейді.

الَّذِينَ طَعَوْا فِي الْبِلَادِ

11. Олар елдерде шектен шығып.

Міне осылар: Ғад, Сәмүд және Перғауын қауымы Алла Тағалаға қарсы шығып, әміріне бойұсынбады. Бұлар астамшылыққа барып зұлымдық етті.

فَأَكْثَرُوا فِيهَا الْفَسَادَ

12. Әрі ол жерде бұзақылықты көбейткен еді.

Бұл құрып кеткен елдер жер бетінде азғындық, бұзғындық, кісі өлтіру және басқа күнәларды көбейткен еді.

فَصَبَّ عَلَيْهِمْ رَبُّكَ سَوْطَ عَذَابٍ

13. Сондықтан Раббың оларға азап қамшысын жаудырды.

Осы қылмыстары мен күнәларына жараса Алла Тағала оларға азаптың түр-түрін жаудырды. Тәпсіршілер: «жаудыру» сөзі қолданылуы азаптың жылдам келгендігін ұқтырады. Бұл қауымдардың әрқайсысына ерекше ауыр азап жіберілді. Ғад қауымы жел себепті, Сәмүд елі ащы дауыстан, ал перғауын қауымы суға батып құрыды», – дейді.

إِنَّ رَبَّكَ لَبِالْمِرْصَادِ

14. Негізінде, Раббың әлбетте бақылаушы.

Уа, Мұхаммед! Сенің Раббың адамдардың барлық амалдарын бақылаушы. Олардың әрбір ісі тіркеулі. Ешбір залым мен өктем етуші жазасыз қалмайды. Бұл Мекке кәпірлері әрекетінің түбі жаман болатындығын айтып қорқыту.

فَأَمَّا الْإِنْسَانُ إِذَا مَا ابْتَلَاهُ رَبُّهُ فَأَكْرَمَهُ وَنَعَّمَهُ فَيَقُولُ رَبِّي أَكْرَمَنِ

15. Ал енді адамды Раббысы сынап, оны құрметтесе және игілікке бөлесе, ол: «Раббым мені сыйлады», – дейді.

Алла Тағала қаһарына ұшыраған қауымдар хабарынан соң, күпірлік етуші адамның табиғаты, болмысы жайлы әңгіме

етілуде. Мұндай адам молшылықта тәкаппарланып, ал киыншылықта үмітсіздікке түседі.

Алла Тағала оған сынақ үшін молшылық берсе, бай-дәулетті етіп, дүниеде көп бала-шаға, билік және атақ-абырой берсе ол: *«Алла Тағала мен лайық болған нығметті берді», – дейді. Ол мұның барлығы оның шүкіршілік етеді ме, әлде күпірлік етеді ме?* деп сынау екенін түсінбейді.

وَأَمَّا إِذَا مَا ابْتَلَاهُ فَقَدَرَ عَلَيْهِ رِزْقَهُ فَيَقُولُ رَبِّي أَهَانَنِ

16. Ал, қашан оны сынап, несібесін тарылтса, ол: «Раббым мені қорлады», – дейді.

Ал, енді сынап кедейлік беріп, несібесін тарылтса, мұның барлығының сырынан бейқам күйде: *«Несібемнен қағып Алла Тағала мені қор етті», – дейді. Құртуби: «Бұл қайта тірілуге сенбейтін кәпірдің бейнесі. Өйткені, кәпір үшін дүниеде құрмет мал-дүниенің көптігі немесе аздығымен есептеледі. Ал, мұсылман үшін құрмет Алла Тағалаға бойұсыну. Ал, Алла Тағалаға құлшылық ету ақырет олжасына жетелейді. Егер мұсылманға дүниедегі несібесі мол және берекетті етіп берілсе, шүкіршілік пен мақтау айтады», – деген.*

كَلَّا بَلْ لَا تُكْرِمُونَ الْيَتِيمَ

17. Жоқ, олай емес! Сендер жетімге қамқорлық етпейсіңдер.

Сендер ойлағандай қадірлі ету бай-дәулетті етумен, ал қорлау кедей етіп қоюмен емес. Қадірлеу мен қорлау Алла Тағалаға құлшылық ету немесе күнә етумен болады. Алайда, сендер мұны білмейсіңдер. Мұнан да сорақы нәрсе бар екенін білесіңдер ме? Алла Тағала сендерге мол мал-дүние берсе де, сендер жетімді қадірлемейсіңдер.

وَلَا تَحَاضُّونَ عَلَى طَعَامِ الْمِسْكِينِ

18. Әрі кедей-кепшікті тамақтандыруға бір-бірінді ынталандырып, түрткі болмайсындар.

Және бірінді-бірін кедей мен мұқтаж жандарға тамақ беруге ешбір қызықтырмайсындар және үндемейсіндер.

وَتَأْكُلُونَ الثَّرَاثَ أَكْلًا لَمًّا

19. Және мирасты бөлмей, тұтас өздерің жейсіндер.

Ал, мұра боп келген мал-дүниені жейсіндер, оның адал немесе арам екенін тіпті сұрамайсындар. Ташилде: *«Бұл – мұрадан өз үлесімен қоса, басқаның үлесін алуды білдіреді. Өйткені, арабтар әйел мен жас балаға мұрадан үлес бермейтін. Тек еркек кіндіктілер ғана мұра алатын»,* – деп айтылған.

وَتُحِبُّونَ الْمَالَ حُبًّا جَمًّا

20. Сондай-ақ, дүниені қатты жақсы көресіндер.

Сендер дүниені қатты жақсы көресіндер. Бұл олардың дүниеге итше таласатындығын және сараңдығын көрсетеді.

كَلَّا إِذَا دُكَّتِ الْأَرْضُ دَكًّا دَكًّا

21. Жоқ, олай емес! Жер (сілкініп) теп-тегіс болған кезде.

Ей, ғапыл адам! Сені алда ауыр күн күтіп тұр. Зілзәлә болып жердің бетіндегі қылтиып тұрған әрбір нәрсе жермен жексен болады.

وَجَاءَ رَبُّكَ وَالْمَلَكُ صَفًّا صَفًّا

22. Әрі Раббың және сап-сап болып періштелер келген кезде.

Уа, Мұхаммед! Міне, сол кезде Раббыңның әмірі мен періштелер пенделерге төрелік етуге келеді. Ташил: *«Мунзир ибн Сағид: «Раббың келеді» сөзінің және осы сияқты аяттарға*

ешбір ұқсатусыз және теңеусіз иман ету мұсылманға міндет»,
– деген.

وَجِيءَ يَوْمَئِذٍ بِجَهَنَّمَ يَوْمَئِذٍ يَتَذَكَّرُ الْإِنْسَانُ وَأَنَّى لَهُ الذُّكْرَى

23. Сол күні тозақ келтірілген кезде міне, сол күні адамзат еске түсіреді. Бірақ, еске түсіруден оған не пайда?

Кәпірлер көру үшін тозақ көз алдыларына келтіріледі. Абдулла ибн Масуд (р.а.) риуаят еткен хадисте: *«Сол күні тозақ келтіріледі. Тоzaқтың жетпіс мың тізгіні болады. Әрбір тізгінді жетпіс мың періште сүйреп келеді²⁴»,* – делінген.

Міне, сол ауыр да қиын күні адам өзінің амалдарын есіне түсіреді. Жасаған күнәларына қатты өкініп, тәубе еткісі келеді. Бірақ, кеш өкінгеннен не пайда?

يَقُولُ يَا لَيْتَنِي قَدَّمْتُ لِحَيَاتِي

24. «Ол: «Әттең! Өмірім үшін (жақсы іс) жасаған болсам еді», – дейді.

Өкінген күйде: *«Әттеген-ай, бақилық өміріме пайдасын тигізетін ізгі амал жасасам ғой»,* – дейді.

فَيَوْمَئِذٍ لَا يُعَذِّبُ عَذَابَهُ أَحَدٌ

25. Сол күні Оның азабындай ешкім де азаптай алмайды.

Бұл күні Алла Тағалаға күнә жасаған адамнан ауыр азап тартатын пенде болмайды.

وَلَا يُؤْتِقُ وَتَأَقَهُ أَحَدٌ

²⁴ Мұслим

26. Және де, Оның байлағанындай ешкім байлай алмайды.

Және кәпір күнәһар адамдай ешкімді Алла Тағала шынжырға матамайды.

يَا أَيُّهَا النَّفْسُ الْمُطْمَئِنَّةُ

27. Әй, жаны жай тапқан нәпсі!

Әй, тыныштық тапқан жан! Алла Тағаланың берген уәдесінен жаны рақат тауып ешбір қорқыныш пен қауіп болмаған жан!

ارْجِعِي إِلَىٰ رَبِّكَ رَاضِيَةً مَّرْضِيَّةً

28. Раббыңа Ол сенен, сен Одан разы болған күйде қайт!

Алла Тағаланың өзіңе берген нығметіне дән риза болып, және жасаған ізгі амалдарыңмен Алла Тағаланы разы еткен күйде Раббыңның разылығы мен жаннатына қайт. Тәпсіршілер: *«Бұл сөз және үнқату өлім сәтінде айтылады. Мұсылман жантәсілім етер сәтте осы сөз айтылады»*, – дейді.

فَادْخُلِي فِي عِبَادِي

29. Енді құлдарымның қатарына кір!

Әй, нәпсі! Менің ізгі құлдарымның қатарына кір.

وَادْخُلِي جَنَّاتِي

30. Және Менің жаннатыма кір!

Сонымен бірге, ізгілердің мекені жаннатыма кір.

«БӘЛӘД» СҮРЕСІ

«Бәләд» Меккеде түскен сүре. Мазмұны меккелік сүрелерде айтылған тақырыптар. Оның ішінде сенім мен иманды күшейту, есеп-қисап пен жаза күніне деген иманды жүрекке орнықтыру. Және ізгілер мен бұзықтар арасын ажырату.

Сүре қасиетті қала атымен серт жасаумен басталған. Бұл пайғамбар (р) мекен еткен шаһар. Серт ету қала мен оның тұрғыны саналатын пайғамбардың Алла Тағала құзырындағы ерекше құрметке лайық екендігін көрсетеді. Және кәпірлерге Алла елшісіне (р) тыныштық қаласында қысым көрсету ең үлкен күнә екенін ойлануға шақыруда.

Сонымен қатар, Меккедегі күш-қуатына сеніп, ақиқатқа мойын бұрмай Алла елшісін (р) өтірікке шығарған, сондай-ақ мақтан үшін дүние сарп еткен кейбір кәпірлер жайы әңгіме етіледі. Ол кәпірлер дүниесін елге тарату Алла Тағала азабынан қорғайды деген сенімде. Алайда, оларға кесімді дәлел-дәйек аяттармен жауап берілуде.

Келесі кезекте қияметтегі қорқынышты да алапатты жағдайлар баяндалған. Ақыретте адам баласы тап болатын қиындықтар мен асулар жайы әңгіме етіледі. Бұл қиыншылықтарды тек жүректегі иман және ізгі амал арқылы ғана басып өтуге болады.

Сүреде сол ауыр күні мұсылман мен кәпір арасы ажыратылатындығы және есеп-қисап күні бақыттылар мен бақытсыздар баратын жер туралы айтылған.

سَمِ اللّٰهُ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

لَا اُقْسِمُ بِهٰذَا الْبَلَدِ

1. Жоқ, осы қаламен ант етемін.

Алла Тағала қасиетті Мекке қаласымен серт етуде. Мекке Қағба тұрған қала болғандықтан қасиетті. Қағба шығыс пен батыстың құбыласы. Бұл – Алла Тағаланың адамзатқа рақымет етіп жіберілген уахи түскен шаһар. Сондықтан, тыныштық пен қасиет мекені. Қала аспан мен жер жаратылғаннан бері қасиетті мекен. Қаланың осы артықшылықтары себепті Алла Тағала Меккемен ант етуде.

وَأَنْتَ حِلٌّ بِهَذَا الْبَلَدِ

2. (Ей, Мұхаммед) сен осы қалада тұрасың.

Уа, Мұхаммед, сен осы қасиетті қала тұрғынысың. Байдауи: *«Алла Тағала Меккемен серт ете тұра, пайғамбарының осы қалада тұратындығын тілге тиек етуі қаланың пайғамбармен қадірі арта түсетіндігін білдіру. Өйткені, мекеннің қадірі тұрғындарының абыройымен көтеріледі»,* – дейді.

وَوَالِدٍ وَمَا وَلَدَ

3. Әке және оның ұрпағымен ант етемін.

Алла Тағала Адам ата және оның ұрпағымен ант етуде. Үмму Қура (шаһарлар анасы) Меккемен ант еткен соң, оның көне тұрғыны адамзат атасы Адам пайғамбармен және оның ұрпағымен серт етуде. Хазин: «Алла Тағала Меккенің абыройы мен қасиеттілігі үшін серт еткен соң, Адам ата және оның ұрпағынан тараған пайғамбарлар және ізгілермен ант етуде. Кәпірлер оның ұрпағы болса да, олармен серт ететіндей қадірі жоқ», – дейді.

لَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ فِي كَبَدٍ

4. Анығында, Біз адамзатты ауыртпалықтарға жараттық.

Бұл аят жоғарыдағы серт аяттардың жауабы. Адам баласы қиындық пен ауыртпалықта жаратылған. Адам барлық

қиыншылықты басынан өткереді. Ол кеудесіне жан кірген сәттен жаны тәнін тәрк еткенге дейін қиыншылық тартады. Ибн Аббас (р.а.): «*Аяттағы қиыншылық: бала көтеру, босану, емізу мен емшектен шығару, күн көрісі, өмірі мен өлімі*», – деген.

Алла Тағала жаратқан тіршілік иелерінің ең дәрменсізі адам баласы, осыған қарамай ол ешбір тіршілік көрмеген қиыншылықты басынан өткереді, – деп айтылған.

Әбу Сағуд: «*Бұл аят меккелік кәпірлер тарапынан қысым көрген пайғамбарға демеу көрсету аяты*», – дейді.

أَيْحَسَبُ أَنْ لَنْ يَفْدِرَ عَلَيْهِ أَحَدٌ

5. Ол өзіне ешкімнің күші жетпейді деп ойлай ма?

Аятта Алла Тағаланың құдіретін мойындамайтын, қайта тірілуді теріске шығаратын адамның табиғаты айтылуда. Күнәһар бақытсыз, күшіне ғана сенуші Алла Тағаланың өзіне күші жетпейді деген ойда ма? Тәпсіршілер: «Бұл күш-қайратына сенген Әбу Ашад ибн Килдаға қатысты түсті. Оның күштілігі соншалықты үлкен мал терісін жерге жайып өзі үстіне тұрып алып: «Мені орнымнан жылжытқан адамға пәлен беремін», – дейтін. Он адам болып тартып, тері жыртылып кетсе де, Әбу Ашад орнынан қозғалмайтын», – дейді.

يَقُولُ أَهْلَكْتُ مَالًا لُبِدًا

6. Ол: «толып жатқан малды сарп еттім», – дейді.

Сол кәпір: «Мұхаммедке дұшпандық ретінде көп мал-дүние жұмсадым», – дейді. Әлуси: «Ол мұсылмандарға мақтанып, даңдайсып: мен көп дүние сарп еттім деп көзбаяушылық пен мақтану үшін шашқан мал-мүлкін айтатын», – дейді.

أَيْحَسَبُ أَنْ لَمْ يَرَهُ أَحَدٌ

7. Сонда оны біреу көрмеді деп ойлай ма?

Алла Тағала оның іс-әрекетіннен бейхабар деген ойда ма? Жағдай ол ойлағаннан мүлде басқа. Алла Тағала барлық нәрсені көруші әрі бақылаушы. Қиямет күні барлық істің сұрауын алады.

أَلَمْ نَجْعَلْ لَهُ عَيْنَيْنِ. وَلِسَانًا وَشَفَتَيْنِ

8-9. Біз оған екі көзді жаратып бермедік пе? Әрі тіл мен екі ерінді?

Алла Тағала пендеге берген ең үлкен нығметінің бірін адам баласының есіне салуда. Айналаны көретін көз, көңілі мен жүрегіндегі ойын жеткізе алатын тіл және екі ерін бергенін баян етілуде. Бұл нығметтердің қадірін адам баласы ерекше ұғынуы тиіс.

وَهَدَيْنَاهُ النَّجْدَيْنِ

10. Оған екі жол көрсетпедік пе?

Адамға жақсылық пен жамандық, тура және адасу жолдарын баян еттік. Құранда: «*Расында оған тура жол көрсеттік. Мейлі шүкіршілік қылсын, мейлі қарсы келсін*²⁵», – деп айтылған.

فَلَا اقْتَحَمَ الْعَقَبَةَ

11. Ал, ол асудан өтуге тырыспады.

Дүниесін Мұхаммедке (ρ) дұшпандық үшін жұмсағанша, таудың асуынан өтуге бергені дұрыс болар еді. Таудың асуы – адамның нәпсісіне ауыр келетін амал. Бұл адамның өз нәпсісі, құмары және шайтанмен күресуі.

وَمَا أَدْرَاكَ مَا الْعَقَبَةُ

12. Асудың не екенін сен қайдан білесің?

²⁵ Инсан сүресі, 3-аят

Таудың асу «Ақаба» не екенін білесің бе?

فَاكُّ رَقَبَةٍ

13. Ол – құл азат ету.

Ақаба – Алла Тағала жолында құлды азат ету. Адам баласын құлдықтан босату. Өйткені, бір құлдың басына бостандық алып беру, ертеңгі күні тозақтан құтқарады.

أَوْ إِطْعَامٍ فِي يَوْمٍ ذِي مَسْعَبَةٍ

14. Немесе ашаршылық күнде тамақтандыру.

Ақаба – аштық заманда мұқтаждарға тамақ беру. Сауи: *«Аятта тамақ беруді аштық заманмен байланыстыруының себебі аштық заманда қаражат шығару адамның нәпсісіне ауыр соғады»,* – деген.

يَتِيمًا ذَا مَقْرَبَةٍ

15. Жақындығы болған жетімді.

Ақаба – туыстық байланысы бар жетімге тамақ беру. Оны асырап бағу.

أَوْ مِسْكِينًا ذَا مَتْرَبَةٍ

16. Немесе шаң-топырақтағы кедейді.

Ақаба – сіңірі шыққан байғұс кедейге тамақ беру.

ثُمَّ كَانَ مِنَ الَّذِينَ آمَنُوا وَتَوَاصَوْا بِالصَّبْرِ وَتَوَاصَوْا بِالْمَرْحَمَةِ

17. Кейін иман келтіріп, бір-біріне сабырды үгіттеген және өзара мейірімділікті насихаттап, кеңесін бергендерден болу.

Осы сауапты амалдардың барлығын тек Алла Тағала разылығы үшін жасап, сонымен қатар шынайы иманды болуы. Тәпсіршілер: *«Бұл аят аталмыш сауапты амалдар мен құлшылықтардың имансыз ешбір пайдасы жоқтығын*

көрсетуде», – дейді. Сонымен бірге, олар бір-бірін иман мен құлшылықта сабырға шақырады. Және мұқтаж бен кедей-кепшікке мейірімділік танытуға үндейді.

أُولَئِكَ أَصْحَابُ الْمَيْمَنَةِ

18. Міне осылар – оңшылдар.

Осы жақсы сипаттар бойынан табылған жандар амал кітаптарын оң жағынан алатын жаннат иелері. Олар нығметке тола жаннатқа кірумен шынайы бақытты болады.

وَالَّذِينَ كَفَرُوا بِآيَاتِنَا هُمْ أَصْحَابُ الْمَشْأَمَةِ

19. Ал, аяттарымызға қарсы шыққандар (сенбегендер), олар – солшылдар.

Аталмыш аятта ізгілер мен жамандарды салыстыруда. Жаннат иелері мен тозақи адамдардың арасындағы үлкен айырмашылықты көрсетуде. Олар амал кітаптарын сол жақтан алады.

عَلَيْهِمْ نَارٌ مُّؤَصَّدَةٌ

20. Олардың үстінен қамап алушы тозақ бар.

Олар тозаққа түскен соң, жаһаннам қақпалары мәңгілікке жабылады. Тозақтың ішіне ешбір ауа да, қош иіс те кірмейді. Және тозақтан кәпірлер еш уақытта шықпайды. Алла Тағала біздің жанымызды ашу-қаһармен алмасын, азабымен құрдымға жібермесін және мұның барлығынан сақтасын!

«ШӘМС» СҮРЕСІ

«Шәмс» сүресі Меккеде түскен. Бұл сүре екі тақырыпты қамтиды.

1.Адам баласының нәпсісі және Алла Тағала нәпсіге жаратқан жақсылығы мен жамандығы, тура жолы мен адасуы;

2.Адамның астамшылығы. Самуд қауымын мысал ете отырып, адамның астамшылығын баяндайды.

Сүре Алла Тағала жаратқан жеті құбылысқа серт етіп басталады. Олар күн, ай, күндіз, түн, ешбір тіреусіз тұрған аспан, төселіп жатқан жер және адам нәпсісі. Осы құбылыстармен серт ете отырып, адам баласы Алла Тағалаға тақуалық етсе жақсылыққа жететіні айтылуда. Ал, қарсылық білдіріп, мойынсұнбаса, бақытсыздыққа тап болатыны баяндалуда.

Соңыра, Салих қауымы Самуд жайы әңгімеленеді. Олар пайғамбарын жалғаншы деп, жер бетінде бұзықшылық жасайды. Самуд халқы Алла Тағала пайғамбарына мұғжиза ретінде жартастан жаратқан түйені бауыздап үлкен қылмыс жасайды. Шектен шыққан қауымның жермен жексен болуы кейінгі адамдарға ғибрат. Бұл қисса Алла елшісіне (ρ) сенбеудің салдары ретінде насихат болмақ.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الشَّمْسِ وَضُحَاهَا

1. Күн және оның жарығына.

وَالْقَمَرِ إِذَا تَلَّهَا

2. Және оның соңынан ілескен кездегі айға.

Күнмен серт етуінің сыры күн батқан кезде айналаны қараңғылық басып, әлем бейне бір өлікке айналады. Ал, күн шыққанда әлемнің тамырына тіршілік жүгіре бастайды. Бұл өлгендер қайта тірілгендей көріністі бейнелейді. Осы жағдай қиямет күнге ұқсайды. Ал, сәске уақыты мұсылмандардың

жаннатқа кірген сәтін елестетеді. Күн мен ай адамзат игілігі үшін жаратылған ғажайып жаратылыс.

وَالنَّهَارِ إِذَا جَلَّاهَا

3. (Күнді) көрсеткен кездегі күндізге

وَاللَّيْلِ إِذَا يَغْشَاهَا

4. Және оны жапқан кездегі түнге

وَالسَّمَاءِ وَمَا بَنَاهَا

5. Аспанға және оны тұрғызғанға

وَالْأَرْضِ وَمَا طَحَاهَا

6. Жерге және оны жайғанға

Көк аспанды ешбір тіреусіз жаратқан Құдіретке серт. Бұл ақыл иесі үшін Алла Тағаланың құдіретін көрсетеді. Және жерді жаратқан Аллаға серт. Ол жердің төрт бұрышын да жайып адамзат пен жануарларға тұрақ және мекен етті. Аятта жерден алынатын мол пайда айтылуда.

وَنَفْسٍ وَمَا سَوَّاهَا

7. Жанға және оны тепе-тең етіп толықтағанға

Адам нәпсісін, оны жоқтан бар қылып және кемел етіп жаратқан Алламен серт етуде. Адамның болмысы, оның сыртқы және ішкі құрылысы кемел жаратылыс. Кемелдіктің ең биік көрінісі адамға ақ пен қараны ажырататын ақылдың берілуі.

فَأَلَّهَمَّهَا فَجُورَهَا وَتَقْوَاهَا

8. Сөйтіп оған (жанға) жамандық әрі тақуалықты білдірушімен ант етемін.

Адам нәпсі мен оның жаратылысы және болмысын шебер жасаушы Аллаға серт. Алла Тағала адам нәпсісіне азғындық жолын үйретіп, одан сақтандырды. Сондай-ақ, жақсылық жолы

мен тақуалықты танытып, оған үндеді. Ибн Аббас: «Алла Тағала нәпсіге жақсылық пен жамандықты, мойынсұну мен қарсы шығуды, нені істеу керек, неден қашу керек екенін үйретті», – дейді. Тәпсіршілер: «Алла Тағала осы жеті құбылыспен серт ете отырып, өзінің Жалғыз Жаратушы және шексіз құдірет Иесі екенін көрсетуде», – деген.

فَذْ أفلحَ مَنْ زَكَّاهَا

9. Анығында, оны (нәпсіні) тазартқан мұрат-мақсатына жетеді.

Алла Тағалаға бойұсыну және күнә жасамау арқылы нәпсісін тазартқан адам жақсылыққа жетеді.

وَقَدْ خَابَ مَنْ دَسَّاهَا

10. Ал, оны (күнәға) батырған қор болады

Нәпсісін күнәдан тазалап, оны мойынсұну және тақуалықпен әсемдеген адам жеңіске жеткен. Ал, нәпсісін тәрбиесіз қалдырған зиянға ұшырайды. Бұл аят – серттің жауабы.

كَذَّبَتْ ثَمُودُ بِطَغْوَاهَا

11. Самуд азғындық кесірінен (елшіні) жалғаншыға шығарды

Аятта нәпсісіне еріп, Иесіне қарсы шыққан қауымды ғибрат етіп тұр. Салих пайғамбарға Самуд қауымы бағынбай, шектен шықты.

إِذِ انبَعَثَ أَشْقَاهَا

12. Оның (Самуд елінің) бейбағы қарсы шыққанда

Самуд қауымының қарсы шығуының белгісі мұғжиза ретінде жаратылған түйені Салих ескертсе де бауыздап салады. Самудты осындай ауыр қылмысқа

итермелеген қауымның ең абыройлы әрі дәулеттісі және ең жауызы Қадар ибн Салиф атты кісі еді. Осы қылмысы үшін оны аятта қауымының ең бақытсызы деп атап тұр.

فَقَالَ لَهُمْ رَسُولُ اللَّهِ نَاقَةَ اللَّهِ وَسُقْيَاهَا

13. Алла елшісі (Салих оларға: «Алланың түйесіне әрі оның суарылуына (килікпен-дер)», – деді.

Алайда, Алла елшісі Салих : «Сақ болыңдар! Бұл – Алланың түйесі, оған арам ниетпен қол тигізбеңдер (өлтірмеңдер) және түйенің су ішуіне кедергі болмаңдар», – деп ескертті.

فَكَذَّبُوهُ فَعَقَرُوهَا فَدَمْدَمَ عَلَيْهِمْ رَبُّهُم بِذُنُوبِهِمْ فَسَوَّاهَا

14. Бірақ олар оны (елшіні) өтірікші деп, (түйенің) тірсегін қиды (өлтіріп тастады). Міне, сонда Раббылары оларға қылмыстарының салдарынан (барлығына) апат жіберіп, жермен-жексен етті.

Бірақ, олар пайғамбарды жалғаншы деп, түйені өлтірді. Пайғамбар ескертуіне құлақ та салмады. Бұл қылмыстарына жаза ретінде Алла Тағала оларды жермен жексен етті. Қауым түгел қырылды.

وَلَا يَخَافُ عُقْبَاهَا

15. Және де, Ол (Алла) оның салдарынан қорықпайды.

Ақиқатында, мұндай кәпір және қылмыскерлерді жазалауда Алла Тағала ешкімнен қорықпайды. Өйткені, әлемдер Иесі өз ісі үшін ешкімнің алдында жауап бермейді.

«Ләйл» – меккелік сүре. Сүре адамның талпынысы мен іс-әрекеті жайлы. Оның өмірдегі күресі мен тай-таласы. Сосын адамның ақыры нығметке бөлеуші нәғим-жаннат немесе лаулаған от жәһим-тозақ па? Осы баян етіледі.

Сүре жер бетін қараңғылықпен қаптайтын түнгі уақыт және айналаны нұрландырып жарық ететін күндізге серт етіп басталған. Және ер мен әйелді жоқтан бар еткен Ұлы Жаратушыға серт етеді. Серт мақсаты, адамдардың қам-қарекеті және олардың жолдары әртүрлі екенін айту.

Келесі кезекте бақыт жолы мен бақытсыздық соқпағын түсіндіруде. Құтылу жолын сызып беріп, ізгілер мен бұзылғандар, жаннат пен тозақ иелерінің болмысын суреттейді.

Кейбір адамдар тірнектеп жинаған дүниесіне арқа сүйейтіні, бірақ ол қиямет күні ешбір пайда бермейтіндігі. Алла Тағала пенделеріне тура және адасушылық жолын көрсету хикметі естеріне салуда.

Бұдан кейін, Алла Тағала аяттары мен елшісін жалған деген меккеліктерге Жаратушының азабы бар екендігі ескертілген. Ол ыстықтығынан лаулап жанатын, оған тек бейбақ кәпір және Алла көрсеткен тура жолдан теріс айналған адам ғана түсетін тозақ оты.

Сүре соңында, ізгі мұсылман үлгісі көрсетіледі. Жақсылық жолында дүниесін аямайтын. Сонымен жанын тазалап, Алла азабынан өзін сақтайтын адам. Бұл аяттар Алла жолында Біләлді құлдықтан сатып алып, азат екен Әбу Бәкір (Алла Тағала екеуінен де разы болғай) туралы.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

وَاللَّیْلِ اِذَا یَغْشٰی

1. Қараңғылық басқан сәтте түнге серт.

وَالنَّهَارِ إِذَا تَجَلَّى

2. Жарқыраған сәтте күндізге серт.

Алла Тағала әр нәрсені өз қараңғылығымен бүркейтін түнге және түн пердесін түріп айналаға жарық пен сәуле шашатын күндізге серт етуде. Тәпсіршілер: «Алла Тағала түнмен серт етуі бұл мезгіл жаппай тіршілік тынығатын, адамзат та, жануарлар да өз баспанасына қайтатын уақыт. Түн жаратылыстың рақат алатын уақыты. Күндізбен серт етуі күллі жаратылыс қамқарекетке кірісіп, ризық-несибесін табатын тәулік бөлігі. Түн мен күндіз бірін-бірі ауыстырып, тіршілікке қисапсыз жақсылықтарын алып келуші құбылыс», – дейді.

وَمَا خَلَقَ الذَّكَرَ وَالْأُنثَى

3. Және ер мен әйелді жаратқанға серт.

إِنَّ سَعْيَكُمْ لَشَتَّى

4. Расында, сендердің талпыныстарың әртүрлі.

Ол адамзат пен жануар және өсімдіктерді жұп етіп жаратқан барлық нәрсеге Құдіреті жетуші. Ей, адамзат! Сендердің әрекеттерің мен амалдарың әртүрлі. Әрекеттеріңнің ішінде жаннатқа лайық амал да, тозаққа түсіретін амал да бар. Бұл – серттің жауабы.

فَأَمَّا مَنْ أَعْطَى وَاتَّقَى

5. Ал, енді кім берсе әрі тақуалық етсе.

Кімде-кім дүниесін жақсылыққа жұмсаса, зекетін берсе, Алла әмірлерін ұдайы орындап, тиымдардан аулақ жүрсе. Аталмыш аят Әбу Бәкірге (р.а.) қатысты түскен. Ол иман еткен әйелдер мен қарттарды құлдықтан сатып алып, бастарына бостандық беретін. Сонда әкесі *«Мен сенің әлсіздерді ғана құлдықтан азат еткеніңді байқап жүрмін»*, – деп сатып

алынған құлдарың түкке жарамайтындығын айтпақ болады. Әбу Бәкір (р.а.) әкесіне: «*Мен тек Алла құзырындағыны қалаймын*», – дейді. Сонда осы аят уахи етілген екен.

وَصَدَقَ بِالْحُسْنَى

6. Жақсылықты дұрыс деп білсе.

Алла Тағала жақсыларға әзірлеген жаннатын рас деп білсе. Ол ең жақсы сөзді растайды. Жақсы сөз – таухид сенімі, Алла елшілерін растау және Алла Тағала құлшылыққа сауап уәде еткеніне сену.

فَسُنِّيْسِرُهُ لِلْيُسْرَى

7. Сонда оның жолын оңайластырамыз.

Оны жеңіл жолға оңайлатып, ісін оңынан етеміз. Оған Алла Тағалаға құлшылық ету және жақсылыққа алып баратын себептерге жол сілтейміз.

وَأَمَّا مَنْ بَخِلَ وَاسْتَغْنَى

8. Ал, кім сараңдық істесе, елемесе.

Ал, жақсылық жолында мал-дүниесін сарп етуге сараңдық еткен. Және Алла Тағала сауабынан дүние құмарлығын артық санап, құлшылықтық тәрк етіп... Ибн Аббас: «*Бұл аят Умаия ибн Халаф жөнінде түсті*», – деген.

وَكَذَّبَ بِالْحُسْنَى

9. Жақсылықты өтірікке шығарса.

Алла Тағаланың ақыретте мұсылмандарға уәде еткен сауабын өтірікке шығарса.

فَسُنِّيْسِرُهُ لِلْعُسْرَى

10. Сонда оның ауырлыққа ұшырауын оңайластырамыз

Онда, оны қиын да ауыр жолға саламыз. Оның істеген ісі тек жамандық, тозаққа алып баратын әрекеттен тұратын болады.

Тәпсіршілер: *«Жақсылық жолын жеңіл деп атауы оның соңы жақсылық, нығмет мекені жаннатқа кіру болғандықтан. Ал, жамандық жолын қиыншылық деп атауы, оның соңы қиындыққа тола, тозаққа кіру себепті»,* – деген.

وَمَا يُغْنِي عَنْهُ مَالُهُ إِذَا تَرَدَّى

11. Ол жығылған кезде дүниесі оған пайда бермейді.

Ол құрдымға кетіп, тозаққа түссе мал-дүниесінен пайда болмайды. Тіпті, дүниесі оны құтқарып қалмайды.

إِنَّ عَلَيْنَا لَلْهُدَى

12. Ақиқатында, тура жол көрсету – Бізге тән.

Әділет пен даналық көрсету үшін тура жол мен адасу жолы бағытын Біз түсіндіреміз.

وَإِنَّ لَنَا لَلْآخِرَةَ وَالْأُولَى

13. Сөз жоқ, ақырет те, дүние де Біздікі.

Екі дүние және оның ішіндегі барлық нәрсе Алла иелігінде. Екі дүние де Алла Тағала қалауының құзырында. Кімде-кім қажетін Алладан басқа біреуден сұраса, сөз жоқ ол қателеседі.

فَأَنْذَرْتُكُمْ نَارًا تَلَظَّى

14. Және Мен сендерді жалындаған оттан сақтандырдым.

Ей, Мекке тұрғындары, лаулап жанған оттан сақ болыңдар!,- деп ескертемін.

لَا يَصْلَاهَا إِلَّا الْأَشْقَى

15. Оған ең сормандай ғана кіреді.

Бұл мәңгі отқа бақытсыз кәпір тасталады.

Ей, адам баласы! Менің әміріме қарсы шыққанды лаулап жанып тұрған тозақ отымен қорқытып, ескертемін. Ол отта мәңгі қалу және өртену Әбу Жәһіл және Үмайя ибн Халаф сияқты бақытсыз кәпірлерге жазылған. Ал, пасық күнәһар тозаққа түссе де, ол отта мәңгі қалмайды.

الَّذِي كَذَّبَ وَتَوَلَّى

16. Ол өтірік деп жалтарған.

Сондай-ақ, Құранды өтірік деп, Раббысына және елшілерге иман етуден теріс айналған әрі құлшылықтан бас тартқан ең бақытсыз адам.

وَسَيُجَنَّبُهَا الْأَتْقَى

17. Ал, аса тақуалық еткендер одан (тозақтан) алыстатылады.

Тозақ отынан Алла Тағаладан қорқатын тақуа және күнә істерден аулақ адамды алшақ етеміз. Ибн Әбу Хатим Уруадан риуаят етеді: «Әбу Бәкір жеті адамды азат етті. Олардың барлығы да Алла жолында азап шегуде еді. Осы және кейінгі аяттар сол жайлы түсті», – деген.

الَّذِي يُؤْتِي مَالَهُ يَتَزَكَّى

18. (Ол тақуа) мал-дүниесін сарп етіп тазарған.

Ол ешбір көзбояушылықсыз Алла жолында малын жұмсап бойын сарандықтан тазартады.

وَمَا لِأَحَدٍ عِنْدَهُ مِنْ نِعْمَةٍ تُجْزَى

19. Біреуге беруге міндетті болмаса да

إِلَّا ابْتِغَاءَ وَجْهِ رَبِّهِ الْأَعْلَى

20. (Ол) тек Ұлы Раббысының ризалығын ғана іздейді.

Ол бұл жақсылығы үшін ешкімнен қарымын сұрамайды.

وَأَسْوَفَ يَرْضَى

21. Және сөзсіз, таяуда разы болады.

Ол мұның барлығын Алла Тағала ризашылығын көздеп, мол сауапқа қол жеткізу үшін жасады. Ол жаннатта өзіне берілетін жақсылықпен ризашылыққа бөленеді.

«ДҰХА» СҮРЕСІ

«Дұха» Меккеде түскен сүре. Бұл сүреде пайғамбарымыздың (р) ұлы тұлғасы айтылады. Сонымен қатар, есепсіз нығметтерге шүкіршілік ету үшін Алла Тағала оған екі дүниеде берген кеңшілігі мен жақсылығы баяндалады.

Сүре серт етумен басталып, мүшріктер ойлап жүргендей Алла Тағала өз пайғамбарын тастап кетпегенін және оған ашулы да емес екені айтылады. Керісінше, Алла құзырында пайғамбар кәдірі биік екендігі құлаққағыс етіледі.

Сондай-ақ, ақыретте Пайғамбарға (р) берілетін үлкен сыйын сүйіншілейді. Алла Тағала пайғамбарына дайындап қойған сан-алуан тартулары, оның ішінде ең үлкені үмбетіне шапағат етуге берілген мүмкіндік.

Сосын пайғамбар (р) бала күнінде басынан өткерген: жетімдік, кедейлік, жоқшылық және жоғалып кете жаздауы айтыла келе, Раббысы оған пана беріп, еш нәрсеге мұқтаж етпеуі баяндалады.

Сүре соңында Алла кұзырынан берілген үш нығмет қайтарымы ретінде үш өсиет айтылады. Олар: жетімге жұмсақ болу, мұқтажға мейірімділікпен қарау, үмітсіздің көз жасын сүрту.

Сүренің түсу себебі

Алла елшісі (ρ) мазасызданып екі-үш күн тұра алмай жатып қалды. Әбу Ләһәбтың әйелі Үмму Жамил келіп: «Ей, Мұхаммед! Сені шайтаның тастап кетті деп үміт етемін. Ол саған ек-үш күннен бері жуымай қойды», – дейді. Сонда осы сүре түскен.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

وَالضُّحٰی

1. Сәске уақытына серт.

وَاللَّیْلِ إِذَا سَجٰی

2. Тым-тырыс түнге серт.

مَا وَدَّعَكَ رَبُّكَ وَمَا قَلٰی

3. Раббың сені тастамады және жеккөрген де жоқ.

Уа, Мұхаммед! Раббың сені таңдаған күннен бері тастамады, жақсы көрген күннен бері саған ашуланбады. Бұл мүшріктердің «*Оны Раббысы тастап кетті*», – деген сөздеріне жауап еді.

وَلَلْآخِرَةُ خَيْرٌ لَّكَ مِنَ الْأُولٰی

4. Әрине, сен үшін соңғысы (ақырет) алғашқысынан (осы дүниеден) жақсырақ.

Уа, Мұхаммед! Саған мына дүние өмірінен ақырет жақсы. Себебі, ақырет мәңгі, ал дүние өткінші. Сондықтан пайғамбарымыз (ρ): «*Уа, Раббым! Ақырет өмірінен басқа өмір жоқ*», – деп дұға жасайтын.

وَلَسَوْفَ يُعْطِيكَ رَبُّكَ فَتَرْضَىٰ

5. Әлбетте, Раббың саған береді де сен разы боласың.

Ақыретте саған разы болатындай сауап, керемет және шапағат беріледі. Ибн Аббас (р.а.): «Бұл пайғамбар разы болу үшін берілген үмбетіне шапағаты», – деген. Риуаятта: «Пайғамбарымыз (р) үмбетін есіне алған кезде: «Уа, Алла! Үмбетім, үмбетім» деп көзіне жас келеді. Сонда Алла Тағала Жәбірейілге : «Мұхаммедке бар да, оның неге жылағанын сұра», – дейді. Расында Алла Тағала барлығынан хабардар. Жәбірейіл сұрағанда пайғамбар себебін айтады. Алла Тағала Жәбірейілге: «Мұхаммедке барып айт: Біз саған үмбетіңе қатысты жамандық етпейміз, риза етеміз²⁶», – дейді.

Хадисте: «Әр пайғамбардың қабыл болған дұғасы бар. Барлық пайғамбар бұл дұғасын сұрап қойған. Мен дұғамды үмбетіме қиямет күні шапағат ету үшін сақтап қойдым²⁷», – делінген.

Хазинде: «Ең дұрысы аяттың сыртқы мағынасы. Бұл дүние мен ақырет жақсылығын бойына алғаны. Алла Тағала пайғамбарына (р) дүниеде қолдауы және дұшпандарының үстінен үстемдік, ілесушілері және жеңісінің көптігін, дінінің биіктігі және үмбетін басқалардан жақсырақ етуі. Ал, ақыретте жалпы шапағат және мақтаулы мәртебе сыйлаған», – деп айтылған.

أَلَمْ يَجِدْكَ يَتِيمًا فَآوَىٰ

²⁶ Мүслим

²⁷ Бұхари, Мүслим

6. Сені жетім күйде тауып, пана бермеді ме?

Жақсылықты уәде еткен соң, Раббысына шүкіршілік ету үшін бала күнінде берген нығметтерін есіне салуда. Уа, Мұхаммед! Сен жетім едің, Алла Тағала немере ағаң Әбу Тәліптің бауырына салды. Ибн Касир: *«Пайғамбар (р) ана құрсаңғында жатқанда әкесі көз жұмды. Ал, алты жасқа келгенде анасынан айырылды. Сосын атасы Абдулмутталибтың қамқорлығында болды. Сегіз жасқа келгенде атасы да қайтыс болды. Соңында немере ағасы Әбу Тәліптің қарауына өтті. Пайғамбар қырық жасқа толып, уахи келіп, елге дін тарата бастағанда да немере ағасы жанында болды. Әбу Тәліп өзі пұтқа табынса да інісін мүшріктерден қорғаумен жүрді. Мұның барлығы Алла Тағаланың пайғамбарды қорғап тұрғанын білдіреді»*, – дейді.

وَوَجَدَكَ ضَالًّا فَهَدَىٰ

7. Сені адасқан күйде тауып, тура жолға салмады ма?

Сен шарифат пен діннен бейхабар, жол таппай жүрдің. Біз сені тура жолға салдық.

Әбу Хайян: *«Гидаят сөзіне кереғар адасушылық болуы мүмкін емес. Себебі, пайғамбарлардың барлығы мұндайдан қорғалған. Пайғамбар (р) бала күнінде Меккенің маңайында адасып, Алла Тағала оны атасына қайтарған»*, – деген дерек бар. Және Шам жолында немере ағасымен адасып кеткен деген де риуаят бар.

وَوَجَدَكَ عَائِلًا فَأَغْنَىٰ

8. Сені кедей күйде тауып, байытпады ма?

Сен кедей әрі мұқтаж едің. Жұртқа мұқтаж болмауың үшін Алла Тағала саған сауда-саттық жолын оңайлатты. Осы үш нығметті айтып болған соң, үш нәрсені өсиет етуде.

فَأَمَّا الْيَتِيمَ فَلَا تَقْهَرْ

9. Ендеше, жетімді қор санама.

Жетімді қорлап, оның дүниесін иеленіп алма. Мұжаһид: *«Жетімді қорлама»*. Суфиян: *«Жетімнің дүниесін талан-тараж етіп оған зәбір жасама»*, – деп тәпсірлейді. Аяттың жалпы мағынасы: Жетімге мейірімді әкедей бол, өзің де жетім болдың.

وَأَمَّا السَّائِلَ فَلَا تَنْهَرْ

10. Сұраушыға зекіме

Кедейліктен және мұқтаждықтан сұраған кісіге зекіме, ауыр сөздер айтпа. Керісінше, көмек бер, әйтпесе көркем етіп жауап қайтар. Қатада: *«Міскінге жұмсақ және мейіріммен жауап беру»*, – деп тәпсірлеген.

وَأَمَّا بِنِعْمَةِ رَبِّكَ فَحَدِّثْ

11. Және де, Раббыңның нығметі мен игілігін айт.

Алла Тағаланың саған берген нығметтері туралы адамдарға айт. Өйткені, нығметтер жайлы айту шүкіршілік түрі. Алуси: *«Сен жетім, адасуда және мұқтаж едің. Алла Тағала пана, тура жол мен байлық берді. Алла Тағаланың саған берген үш нығметін ұмытпа. Жетімге жұмсақ, мұқтажға мейірімді бол. Себебі, сен де жетімдік пен мұқтаждық тауқыметін таттың. Алла Тағала сені тура жолға салғанындай пенделерді де һидаятқа баста»*, – дейді.

«Инширах» сүресі меккелік. Сүреде Алла елшісінің ұлық дәрежесі айтылған. Оның Алла құзырындағы орны биік. Сонымен бірге, Алланың құлы әрі елшісі Мұхаммедке (ρ) берілген бірнеше нығметтері де әңгімеленген. Сол нығметтерінің бірі кеудесін иманға ашуы, жүрегін даналық және іліммен нұрландыруы әрі күнә-қателіктерден тазартуы. Мұның барлығы Алла елшісінің (ρ) кәпірлер тарапынан көрген жәбірі себепті жұбату үшін еді. Және Алла Тағаланың берген нұрымен ойын тазарту үшін.

Сүреде тағы, Алла елшісінің (ρ) дүние мен ақыреттегі дәрежесін көтеруі және оның есімі Алла Тағала есімімен бірге айтылуы сөз етілген.

Алла елшісінің (ρ) Меккеде дін насихаттаған шақта мұсылмандармен бірге ол да кәпірлер тарапынан қыспақ пен зорлық көрді. Сондай-ақ, дұшпандардың үстінен таяу күндерге жеңіс табатыны айтылған.

Соңында, елшілігін жеткізгеннен кейін, Алла Тағала берген нығметтерге шүкіршілік етіп, Мұстафа (ρ) пайғамбарға барлығын доғарып құлшылық етуді есіне салуда.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

أَلَمْ نَشْرَحْ لَكَ صَدْرَكَ

1. (Ей, Мұхаммед) Біз сенің көкірегіңді ашпадық па?

Уа, Мұхаммед! Сенің жүрегіңді пайғамбарлық, тура жол мен иманды қабылдайтындай кең етіп ашпадық па? Және кеуденді білім мен даналыққа толтырмадық па? Бұл қуанышты білдіретін сөйлемдер.

Ибн Касир: *«Жүрегін нұрға бөлеп, кең етеміз. Алла Тағала оның жүрегін кеңіткені сияқты шариятын да кең, жеңіл де жұмсақ, ешбір қиындықсыз және ауыртпашылығы жоқ*

еткен», – дейді. Әбу Хайян: «*Кеудені ашу – оны даналықпен нұрландыру және уахиді қабылдау үшін кеңейтуі. Бұл жұмхур ғұламалар сөзі*», – деген. Ибн Аббастан (р.а.) риуаят етілгендей тағы бір мағынасы пайғамбарға бала күнінде Жәбірейіл келіп, оның кеудесін жару оқиғасын білдіреді.

Әнастан (р.а.) риуаят: «*Алла елшісі (р) кішкентайында балалармен ойнап жүргенінде Жәбірейіл келіп, баланы жерге жатқызып, жүрек тұсын жарады. Жүрегін шығарып, ондағы ұйыған қанды алып: «Бұл сендегі шайтанның үлесі», – деп, алтын ыдыстағы зәмзәммен жуып, орнына салады. Осы кезде, балалар анасына (сүт анасына) жүгіріп келіп, «Мұхаммед өлді», – дейді. Барлығы келіп жеткенде бала (Мұхаммед) түсі бозарып тұрған еді²⁸», – дей келе: «*Мен оның (пайғамбардың) кеудесіндегі тігісін көруші едім*», – деп жеткізген.*

وَوَضَعْنَا عَنْكَ وِزْرَكَ الَّذِي أَنْقَضَ ظَهْرَكَ

2. Және сенен жүгінді (ауыртпалықты) алып тастамадық па?

3. Арқана салмақ (ауыртпалық) түсірген?

Сенен иығына салмақ боп жүрген еліңді тура жолға салу жайлы ауыр уайымың мен олардың жәбір-жапасынан қорғану ойын алып тастадық. Ол жүк беліне ауыр келген еді. Тәпсірші ғалымдар: «*Ауырлық – пайғамбар жасаған ісі, ал оны алып тастау – оны кешіру. Ал, енді ауырлық дегені күнәлар емес, өйткені пайғамбарлар күнә жасаудан сақталған жандар. Алайда, пайғамбардың (р) өзі шешім қабылдап, соңынан ескерту алған жайттары бар. Мәселен, сылтау айтып сұранған мұнафиқтарға жорыққа шықпауына рұқсат беруі, Бәдр*

²⁸ Мүслим

шайқасындағы тұтқындар үшін құн алуы, көзі зағып адамның жүзіне қабақ шытып қарауы», – деп түсіндіреді. Тәшил кітабында: «Пайғамбарлар қателіктері, кішкентай әрі кешірілетін болса да, ауыртпалық деп бейнеленген. Өйткені, олар Алла Тағаладан қатты қорыққандықтан болмашы жайттың өзі оларға ауыр тиеді. Хадисте: «Мұсылман бір күнәсін өзінің үстіне құлап келе жатқан таудай көреді. Ал, пасық көп күнәларын мұрнының үстінде ұшып жүрген шыбындай көреді²⁹», – деген.

وَرَفَعْنَا لَكَ ذِكْرَكَ

4. Және сенің есіміңді жоғарылатпадық па?

Сенің есіміңді бұл дүние мен ақыретте пайғамбарлықпен биік еттік. Сонымен бірге, ташаһһуд (иман келтіру) сөзінде, азан және қамат айтуда Алла Тағала есімімен бірге қоса пайғамбар есімінің айтылуы.

Мәртебенді көтердік. Дүние мен ақыретте дәрежеңді биік еттік. Атыңды Өз есімімен бірге айтылатын еттік. Мұжаһид: «Менің есімім аталса, сенікі бірге айтылады», десе Қатада: «Алла Тағала оның есімін дүние мен ақыретте асқақ етті. Ешбір сөз бастаушы, куәлік калимасын айтушы, азаншы: «Мен Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алла елшісі», – демей сөз бастамайды, – деген.

Хадисте: Маған Жәбірейіл келіп: «Уа, Мұхаммед! Сенің Раббың: «Есіміңді қалай көтергенімді білесің бе?», – деп сұрап жатыр. Мен: «Алла Тағала білуші», – дедім. Сонда: «Менің есімім айтылғанда сенің атың да айтылады», – делінген.

²⁹ Тирмизи, Ахмед

فَإِنَّ مَعَ الْعُسْرِ يُسْرًا

5. Шындығында, қиыншылықпен бірге жеңілдік болады.

Расында, әрбір қиыншылықтан соң тез арада қуаныш келеді. Мүшріктердің пайғамбарымызға (р) көрсеткен қыспағынан кейін жеңілдігі мен жеңісі келуі. Бұл мүшріктер мұсылмандарды кедейлікпен мазақ еткен соң түсті. Осы аят түскенде пайғамбарымыз (р): *«Сүйінші, сендерге жеңілдік келді. Бір қиындық екі жеңілдікті ешуақытта жеңе алмайды³⁰»*, – деп айтқан. Демек, әрбір қиыншылықтан соң екі жеңілдік беріледі.

إِنَّ مَعَ الْعُسْرِ يُسْرًا

6. Анығында, қиыншылықпен бірге жеңілдік бар.

Қиыншылықтан кейін қуаныш бар. Тәпсіршілер: «Алла елшісі (р) сахабаларымен бірге Меккеде мүшріктердің зиян беру салдарынан қиыншылық пен қыспақта еді. Алла Тағала елшісіне жеңілдікті уәде етті. Алайда, бұдан бұрын сүре басында жұбату үшін нығметтерін айтып өтті. Бұл пайғамбар жанын тыныштандырып, үмітін күшейтті. Бейне бір Алла Тағала өз елшісіне: «Саған осы нығметтерді берген Раббың, сені оларға үстем етеді. Ісінді паш етеді, таяу арада қиыншылығыңды жеңілдікке айналдырады», – деп тұрғандай. Сондықтан да, бұл уәдесін екі қайтара айтуда. Ал, хадисте: *«Екі жеңілдікті бір ауыртпалық еш уақытта жеңбейді³¹»*, – деп келеді.

فَإِذَا فَرَغْتَ فَانصَبْ

³⁰ Ибн Жарир, Хасан Басри

³¹ Хахим, Байһақи

7. Ал, енді қолың босаса, тырысып талпын.

Уа, Алла елшісі! Егер дінді жеткізу және елшілік міндетінен қолың босаса дұға және құлшылық жасаумен және тоқтаусыз ғибадат етумен бол.

Адамдарды ақиқат дініне шақыруды бітірсең Жаратушыға құлшылық етуде күшінді аяма. Дүние ісін бітірсең, ақырет амалын жасаумен өзінді шаршат.

وَأَلِي رَبِّكَ فَارْغَبْ

8. Және Раббыңа ұмтыл.

Дұға мен мінәжатыңда тек Раббыңа бет бұр. Қалауыңды Раббыңнан басқадан тілеме, Ол барлығына құдіреті жетуші және тілекке жауап беруші.

Ойың мен қалауың Алла Тағала құзырындағы сыйлық болсын. Ойыңда бұл пәни дүние болмасын. Ибн Касир: *«Дүниенің ісі мен жұмысынан, оған қатысты жайттардан қолың босаса, құлшылыққа ден қой. Ғибадатқа ынталы, ойың таза, ниетің мен қалауыңды Алла разылығы үшін деп тұр»*, – деп тәпсірлеген.

«ТИН» СҮРЕСІ

«Тин» сүресі меккелік. Бұл сүреде екі маңызды тақырып қозғалған.

Біріншісі: Алла Тағаланың адамзатты құрметті етуі;

Екіншісі: есеп-қисапқа иман келтіру.

Сүре қасиетті жерлерге серт етумен басталған. Ол жерлерді Алла Тағала өз пайғамбарларына уахи түсіру үшін таңдаған. Олар: Байтул Макдис, Тур тауы және қасиетті Мекке. Серт етуі,

адам баласын қадірлі еткенін және ең көркем бейнеде және ерекше керемет кейіпте жаратқанын айту үшін. Ал, енді пенде Раббысына шүкіршілік етпесе тозақтың ең төмен жағына түсетіндігі ескертілуде.

Және адам ең жақсы бейнеде жаратылғаны иләһи құдіреттің ең айқын дәлелі екенін айтылса, қабірден шығып, қайта тірілуді мойындамағаны үшін кәпірді жазғыруда.

Сүре Алла Тағаланың мұсылманға сый беріп, ал кәпірді жазалауы әділдік екенін жеткізумен аяқталған.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

وَالزَّيْتُونِ وَالزَّيْتُونِ

1. Інжір мен зәйтүнге серт.

Бұл берекетті қос ағаш. Біріншісін адам жейді, ал екіншісін әрі жейді, әрі майын пайдаланады.

Інжір мен зәйтүннің берекеті мен пайдасы мол болғаны үшін серт етуде. Ибн Аббас (р.а.): «Бұл өздерің жеп жүрген інжір және майын сығып алатын зәйтүн», десе Икрима: «*Алла Тағала інжір мен зәйтүн өскен жерлермен серт етуде. Інжір көп өсетін жер Дамаск, ал зәйтүн көп өсетін орын байт Мақдис*», – деген. Бұл сөзді келесі аяттар қуаттай түскен. Алла Тағала аспан елшілігі және уахимен құтты еткен қасиетті жерлерді айтқан.

وَطُورِ سَيْنِينَ

2. Және Синин тауына серт.

Синин – Алла Тағала Мұсамен тілдескен құтты тау. Синин және Сәйнә осы тау орналасқан жер атауы. Бұл Тур Сайна атты ағашы көп және өте әдемі тау.

وَهَذَا الْبَلَدِ الْأَمِينِ

3. Және осы қауіпсіз қалаға серт.

Қағбамен қасиетті етіп, адамдарға амандық пен тыныштық мекені еткен Меккеге серт. Тыныштық қаласымен серт. Бұл – қасиетті Мекке қаласы. Меккеге кірген адам өзіне және мал-дүниесіне қауіпсіздік табады. Ибн Касир: *«Кейбір ғалымдар, бұл үш жер. Оның әрқайсысына Алла Тағала елші жіберген. Ол елшілердің барлығы улул азым және үлкен шаригат иелері.*

Бірінші: інжір мен зәйтүн орны, ол байт Құдыс, ол жерден Иса шыққан. Екіншісі: Тур Сайна тауы, ол тауда Алла Тағала Имранұлы Мұсамен тілдескен. Үшіншісі: қауіпсіз қала, оған кірген әрбір адам қауіпсіздікте. Бұл қаладан Алла елшісі Мұхаммед (р) шыққан», – дейді. Тәураттың соңында осы үш

қасиетті орын: «Алла Тур Сайнадан келді, бұл Мұсамен тілдескен тау. Кейін Сағир тауынан көрінді, яғни Иса елші болып келген байт Мақдис тауы. Сосын Фаран тауынан жария етілді, бұл Мекке таулары, ол жерден Мұхаммед (р) шыққан», – деп баяндалған. Тауратта ретімен, ал Құранда мәртебесімен көрсетілген.

لَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ فِي أَحْسَنِ تَقْوِيمٍ

4. Ақиқатында, адамзатты көркем бейнеде жараттық.

Адамзатты бейнесі мен түр-сипатын ең көркем жаратылыс еттік. Сосын адам баласының кейбірін, ішіндегі кәсірін тозаққа қайтардық. Ибн Аббас (р.а.): «Бұл қор өмірге қайтарылған бір топ кісілерге қатысты түсірілді³²», – деп айтқан.

Серттен кейін оның жауабы келеді. Жауабы: Біз адамзат бейнесін ең көркем етіп жараттық.

³² Ибн Жарир

تُمْ رَدَدْنَاهُ أَسْفَلَ سَافِلِينَ

5. Иле, адамды төмендердің төменіне қайтардық.

Сосын Біз жаратуымыздың себебі болған міндетін орындамағаны үшін адамды ең төмен дәрежеге түсірдік. Өйткені, адам көркем жаратылысына шүкіршілік етпеді, керемет болмысын құлшылыққа пайдаланбады. Сондықтан, ең төмен дәреже болған тозаққа түсіреміз. Мұжаһид пен Хасан: *«Тозақ сатыларының ең төмені»* десе, Даххак: *«Ол адамды ең қор өмір кезеңі, яғни жастықтан соң қарттыққа, күш-қайраттан соң әлсіздікке»*, – деп тәпсірлеген.

إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ فَلَهُمْ أَجْرٌ غَيْرُ مَمْنُونٍ

6. Тек қана, иман еткен және ізгі амал жасағандарды (қайтармаймыз). Оларға түгесілмейтін жақсылық бар.

Алайда, Алла Тағалаға және елшілеріне иман етіп, Алланың әмірлерін орындайтындарға ешбір үзілмейтін ақыреттік сауап бар. Ол тақуалар мекені жаннатта болу.

فَمَا يُكَذِّبُكَ بَعْدُ بِالذِّينِ

7. Осыдан кейін есеп-қисап күнін мойындамауға сені не итермелеуде?

Әй, адам баласы! Алла Тағаланың жаратылысты қайта тірілтуіне құдіретті екенін білдіретін айқын дәлелдерді көре тұра қиямет күнін қалайша жалған дейсің!?

Бұл адамның назарын аудару үшін үн қату тәсілі. Барлығын айқын дәлелдермен айтқан соң неге мұны жалған дейсің? Адам бір тамшыдан жаратылды, соған қарамай оның болмысы ең көркем де, кемел бейне. Бұл Алла Тағаланың жаратылысты қайта тірілтуі мен есеп-қисап етуінің ең айқын дәлелі. Осының

барлығын көріп тұрсаң да, ақырет есеп күнін неге мойындамасың?

أَلَيْسَ اللَّهُ بِأَحْكَمِ الْحَاكِمِينَ

8. Алла үкім (әділдік) етушілердің ең әділі емес пе?

Алла Тағала төрелікте, әділдікте және істі реттеуде ең әділ үкім шығарушы емес пе? Тирмизи Әбу Хұрайрадан (р.а.): *«Егер біреулерің Тинді соңына дейін оқыса: «Иә, мен оған куә етушілерденмін», – деп айтсын»³³*

Жоқтан бар етіп жаратқан Алла Тағала үкім шығаруда және пенделер арасында төрелік етуде ең әділ емес пе? Хадисте: Пайғамбарымыз (р) осы аятты оқыған соң: *«Иә, мен бұған куәлік етушілерденмін», –* дейді екен.

Хикая:

Имам Құртуби: Иса Һашими әйелін қатты жақсы көретін. Бір күні әзілдеп: *«Сен айдан сұлу болмасаң үш талақсың», –* дейді. Әйелі лезде басына орамалын салып, *«Сен мені талақ етіп қойдың», –* дейді. Иса Һашими өз ісіне қатты өкініп, халифа Мансурға барып мән-жайды айтады. Халифа фақиһ ғалымдарды шақыртып, пәтуа сұрайды. Келген ғалымдардың барлығы бірауыздан: *«Талақ түсті», –* дейді. Тек, Әбу Ханифаның бір шәкірті үнсіз тұра берді. Сонда халифа Мансур оған: *«Саған не болды, неге сөйлемейсің?» –* дейді. Сонда әлігі кісі: *«Уа, мұсылмандар әміршісі! Алла Тағала «Расында адам баласын ең көркем етіп жараттық»³⁴, –* деген. Демек, адамнан көркем нәрсе жоқ», – деп төрелігін айтады. Халифа оған: *«Рас айтасың», –* деп, Иса Һашимиге әйелін қайтартқан екен.

³³ Тирмизи

³⁴ Тин сүресі, 4-аят

«АЛАҚ» СҮРЕСІ

Сүренің әуелгі бес аяты ең алғаш түскен уахи аяттар. Ал, қалған аяттары Құрайыш арасында дін насихаттала бастап, мүшріктер мұсылмандарға қысым көрсеткенде түсті.

«Алақ» сүресі «Икра» сүресі деп те аталады. Бұл меккелік сүре, онда келесі жайттар баяндалады:

Бірінші: Пайғамбарлар соңғысы Мұхаммедке (ρ) уахи түсуінің басталуы;

Екінші: Адам баласы мал-дүниесі себепті шектен шығуы және Алла Тағала әміріне қарсы келуі;

Үшінші: Сормандай Әбу Жаһилдің қиссасы. Және оның пайғамбарды (ρ) намаздан тыймақ болған әрекеті.

Сүре Алла Тағаланың қадірлі елшісіне (ρ) мәңгілік мұғзижа Құран түсірумен құрмет көрсеткені жайлы әңгімемен басталады. Мұхаммед (ρ) пайғамбар Хира үңгірінде құлшылық етіп отырғанда, осы бақытты сәт орын алды. Міне, осы үңгірде Құранның ең алғашқы аяттары түсті.

Сосын адам баласының күш-қуат пен байлық себепті астамшылыққа баратындығы және байлығы себепті Алла Тағала әмірлерін мойындамай кетуі айтылады. Алайда, адамның міндеті берілген бұл жақсылықты мойындамай кету емес. Керісінше, шүкіршілік етуге тиіс еді. Сондай-ақ, әр ісінің есебін беру үшін Раббысының жанына қайтатынын есіне салуда.

Келесі аяттарда бұл үмбеттің перғауыны Әбу Жаһилдің оқиғасы айтылады. Ол пайғамбарды қорқытпақ болып, намазына бөгет жасағысы келді. Мұның барлығын өзі құлшылық ететін пұттар мен тастарды қолдау үшін жасады.

Сүре соңында сол бақытсыз кәпірге өзінің адасушылығы мен астамшылығынан тыйылмаса, ауыр азап күтіп тұрғаны ескертіледі. Және Өз елшісін (ρ) күнәһар бейбақтың сөзін тыңдамауға шақырады.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ

1. Оқы, жаратқан Раббыңның атымен.

Мұхаммед! Құранды Раббың атымен бастап оқы! Ол барлық нәрсені Жаратушы. Адам баласына берілген ең бірінші нығмет оның жаратылуы. Адам ұйыған қаннан жаратылған.

Бұл пайғамбарға (ρ) бағытталған ең алғашқы иләһи үн еді. Уахиде оқу мен жазуға және білімге шақыру бар. Өйткені білім іздеу Исламның талабы. Уа, Мұхаммед! Ұлық Раббыңның атымен бастап һәм жәрдем сұрап оқы. Ол күллі жаратылыстың Иесі, барлық әлемді жоқтан Жаратушы.

خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ

2. (Ол) адамды ұйыған қаннан жаратқан.

Ол адамды көркем бейнеде жаратқан Алла. Алла Тағала барлық тіршілік атаулының төресі адам баласын ұйыған қаннан жаратты.

اقْرَأْ وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ

3. Оқы! Сенің Раббың аса Жомарт.

Ей, Мұхаммед, оқы! Сенің Раббың ешкім тең келмейтін жомарт. Раббың ең жомарт екеніне сеніп оқы! Сен хат

танымасаң да оқуды үйретуі Оның жомарттығының бір көрінісі ғана.

الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ

4. (Ол) қалам арқылы үйретті.

Ол адам баласына қаламмен жазуды үйретті. Бұл Алла Тағаланың ұлық нығметі. Қалам – білім мен ғылымның құралы. Қаламды айта отырып, адамзатқа білмеген дүниесін үйреткенін жеткізуде.

عَلَّمَ الْإِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَم

5. Адамға білмеген нәрсесін үйретті.

Құртуби: «Алла Тағала жазу ілімінің артықшылығын ескертуде. Оның адам білмейтін пайдалары көп. Біздің күнімізге ілімдер мен даналықтар, тарих пен деректер және иләһи кітаптар хатқа түсіру арқылы жеткені мәлім. Жазусыз дүние мен дін істері толық емес, тіпті шолақ болар еді», - дейді.

Бұл ең алғаш түскен бес аят. Сахих хадисте: «Пайғамбар (ρ) Хира үңгірінде құлшылық етіп отырғанда періште түседі. Періште: «Оқы», – деді. Пайғамбар (ρ): «Мен оқу білмеймін», – дейді...

Ибн Касир: «Құраннан ең алғаш түскен осы құтты аяттар. Бұл Алла Тағаланың пенделеріне жіберген ең алғашқы мейірімділігі және нығметі еді. Бұл аяттарда адамның жаратылуы ұйыған қаннан екендігі, Алла Тағаланың кеңшілігі адам баласына ілім үйретуі, ілім адамды періштеден де биік ететін қасиет», – дейді.

كَلَّا إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ لَكَنَّاظٍ

6. Жоқ, олай емес. Күмәнсіз адам баласы шектен шығады.

Жоқ, расында көбінесе адам баласы күнә жасап шектен асады. Бұл аят Әбу Жәһилге қатысты түскен. Ол: «Мұхаммедтің намаз оқып жатқанын көрсем, мойнын аяғыммен жаншып, бетін топыраққа көлемін», – дейді. Сонда осы және кейінгі аяттар түскен.

أَنْ رَأَهُ اسْتَعْنَى

7. Өзін мұқтажсыз санағандықтан.

Адам бай-дәулетті болса шектен шығып, өзін ешкімге тәуелді еместей сезіне бастайды.

إِنَّ إِلِيَّ رَبِّكَ الرَّجْعَى

8. Ақиқатында, сенің қайтар жерің – Раббың құзыры.

Ей, адам! Қайтар орның Алла құзыры. Бұл аятта шектен шығудың салдары жайлы адамға қатаң ескерту бар.

أَرَأَيْتَ الَّذِي يَنْهَى

9. Кедергі жасағанды көрдің бе?

Ол – Әбу Жәһил еді. Ибн Аббас (р.а.): «Алла елшісі (р) намаз оқып тұрғанда Әбу Жәһил келіп тыймақ болды³⁵», – дейді.

عَبْدًا إِذَا صَلَّى

10. Намаз оқып тұрған құлға (кедергі етті)

Құл – Мұхаммед (р) пайғамбар еді. Әбу Жәһил осылай етуіне ақысы бар ма? Ол бұдан кейін жазадан қалайша жанын аман алып қалмақ?

أَرَأَيْتَ إِنْ كَانَ عَلَى الْهُدَى

11. Егер ол тура жолда болған болса ше?

³⁵ Ибн Жарир

Ей, құлақ түріп отырған жан! Әлігі адамның жағдайы жайлы хабар бер, ол тура және ақиқат жолда ма?

أَوْ أَمَرَ بِالْتَّقْوَى

12. Яки болмаса, тақуалықты бұйырып тұрса ше?

Ол Алла Тағалаға құлшылық етуден тыйған сәтте тақуалыққа және Алладан қорқуға бұйыруда ма?

Жоқ, ол тура жолда емес және тақуалыққа шақырып та тұрған жоқ.

أَرَأَيْتَ إِنْ كَذَّبَ وَتَوَلَّى

13. Оның жалған деп әрі қисық кеткенін көрдің бе?

Уа, пайғамбар! Сенің елші екендігіңді жалған деп, иманнан теріс айналған сол адамның күйін айт. Ол Біздің жазадан құтылып кетемін дей ме? Жоқ, олай болмайды.

أَلَمْ يَعْلَم بِأَنَّ اللَّهَ يَرَى

14. Сонда ол Алланың (барлығын) көріп тұрғанынан хабарсыз ба?

Жалғаншы әрі теріс айналушының Алла Тағала әрбір ісінен хабардар екенін білмей ме? Оның әрбір ісін Алла Тағала көріп тұрушы екенін білгені жөн.

كَلَّا لَئِنْ لَمْ يَنْتَهِ لَنَسْفَعَنَ بِالنَّاصِيَةِ

15. Жоқ, олай емес! Егер осылай етуін доғармаса, сөз жоқ Біз оның кекілінен ұстаймыз.

نَاصِيَةٍ كَاذِبَةٍ خَاطِئَةٍ

16. Өтірікші, әдейі қателесуші (адамның) кекілінен.

Аллаға серт, Біздің елшіміз Мұхаммедке кесір тигізуін қоймаса, кекілінен ұстап тозаққа тастаймыз.

فَلْيَذُغْ نَادِيَهُ

17. Ал, өз жақтастарын шақырып көрсін.

Міне, сол кезде Әбу Жәһіл өзінің әулеті мен руластарын көмекке шақыруына болады. Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбар (р) намаз оқып тұрғанда Әбу Жәһіл келіп: «Мен оған бұл әрекетіңді доғар демедім бе?» – деді. Пайғамбар (р) оған кейіді. Сонда Әбу Жәһіл: «Менен одақтасы көп ешкім жоқ екенін сен білесің ғой», – деп тәкаппарланады.

سَدُّعُ الزَّبَانِيَّةِ

18. Біз де қатал періштелерді шақырамыз.

Ибн Аббас (р.а.): «Егер Әбу Жәһіл одақтастарын шақырса, сол сәтте оны азап періштелері алып кетер еді³⁶», – деген.

كَأَلَّا لَا تُطْعُهُ وَاسْجُدْ وَاقْتَرِبْ

19. Жоқ, олай емес. Сен оған құлақ салма! Сәжде ет әрі жақындай түс.

Алла разылығы үшін намаз оқып, Оған жақындай түс.

«ҚАДІР» СҮРЕСІ

«Қадір» сүресі меккелік. Бұл сүре Құран Кәрімнің түсуі жайлы әңгімелейді. Және қадір кешінің басқа айлар мен күндерден артықшылығы айтылады. Өйткені бұл кеште атырапқа раббани нұр мен иләһи леп тарайды. Мұның барлығы Құран Кәрімнің түскенінің құрметіне орын алады. Бұған қоса, періштелердің таң атқанша жер бетіне түсетіндігі де

³⁶ Құртуби тәпсірі

баяндалады. Бұл құтты кеш Алла Тағала құзырында мың айдан да абзал.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ فِي لَيْلَةِ الْقَدْرِ

1. Ақиқатында, Біз оны (Құранды) қадір түні түсірдік.

Тәпсіршілер: *«Құран [] Лаухул Махфуздан дүние аспанына түсірілген. Сосын [] Жәбірейіл жиырма үш жыл бойы Пайғамбарға (р) уахи етіп жеткізіп тұрған», – деген. Ибн Аббас (р.а.): «Алла Тағала Құранды Лаухул Мазхфуздан бір сәтте дүние аспаны Байтул Ғиззаға түсірді. Сосын оқиғаларға байланысты елшісіне бөліп жиырма үш жыл уахи етті», – деген.*

وَمَا أَدْرَاكَ مَا لَيْلَةُ الْقَدْرِ

2. Қадір түні не екенін білесің бе?

Уа, Мұхаммед! Бұл қасиетті түннің артықшылығы жайлы не білесің? Осылайша сауал қоя отырып, бұл мәселенің орны бөлек екендігін аңғарту Құранның тәсілі. Келесі аяттарда бұл түннің үш қасиеті сөз болмақ.

لَيْلَةُ الْقَدْرِ خَيْرٌ مِنْ أَلْفِ شَهْرٍ

3. Қадір түні – мың айдан қайырлы.

Бұл түнде Құран түскендіктен мың айдан да артық. Тәпсіршілер: *«Осы түні жасалған ізгі амал өзге мың айда жасалған амалдан артық», – дейді. Риуаятта: «Бір кісі сауыт киіп Алла жолында мың ай соғысқан деп айтылады. Пайғамбарымыз (р): «Уа, Раббым! Менің үмбетім өмірі қысқа, амалдары тым аз халық болды», – деп мінәжат етті. Сонда Алла Тағала қадір түнін беріп: «Қадір түні саған және үмбетіңе Алла*

жолында соғысқан адамның мың айынан да артық³⁷», – деген екен. Мұжаһид: «Мың ай бойы жасаған ізгі амал, тұтқан ораза және түнде оқыған намаздан да артық³⁸», – деген.

تَنْزَلُ الْمَلَائِكَةُ وَالرُّوحُ فِيهَا بِإِذْنِ رَبِّهِمْ مِنْ كُلِّ أَمْرٍ

4. Раббысының рұқсатымен періштелер мен Рух (Жәбірейіл) барлық істермен (жерге) түседі.

Жәбірейіл бастаған періштелер Алла Тағала әмірімен жер бетіне түседі. Олар Алла Тағала осы түннен келер жыл аралығындағы бекітетін амалдар себепті түседі. Бұл мүбәрак түннің екінші қасиеті.

سَلَامٌ هِيَ حَتَّى مَطْلَعِ الْفَجْرِ

5. Таң атқанша есендік жалғасады.

Күн басталып, келесі күннің таңы атқанша есендік жалғасады. Осы түні періштелер мұсылмандарға амандық тілеп сәлем береді. Қадір түні Алла Тағала адам баласына тек жақсылықты белгілейді.

«БӘЙИНӘ» СҮРЕСІ

Әнас ибн Малик (р.а.) риуаяты: «Алла елшісі (р) Убай ибн Каъбқа: «Расында, Алла Тағала саған «ләм якунил ләзинә кәфәруды» оқып беруіме әмір етті, – деді.

– Сізге менің атымды атады ма? – деді.

³⁷ Ибн Аббас, Мұжаһид

³⁸ Мұхтасар тафсир Ибн Касир

– Иә, – деді пайғамбар (с.ғ.с). Сонда Убай көзіне жас алды»³⁹.

«Бәйинә» сүресі «*Ләм якун сүресі*» деп те аталады. Сүре Мәдина қаласында түскен. Сүреде келесі жайттар баян етіледі:

1.Хазірет Мұхаммед (р) пайғамбарлығына қатысты кітап иелерінің көзқарасы;

2.Құлшылықты Аллаға деген ықыласпен жасау;

3.Ақыретте бақыттылар мен бақытсыздардың қайтар орны.

Қасиетті сүре басында яһуди мен насаралардың Алла елшісі (р) насихатына қатысты ұстанымдары жайлы әңгімеленуде. Кітап иелері пайғамбарлық келгенде, ақырзаман пайғамбарының (р) сипаттарын білетін. Тіпті, соңғы пайғамбардың келуін күтуде еді. Алайда, елшілердің сұлтаны келген кезде, оның пайғамбарлығын жалған деп, қарсылық пен қырсықтық танытты.

Кейін сүре иманның маңызды құрамдас бөлігі – құлшылықтағы ықылас жайлы баян етеді. Пенде сөзінде, іс-әрекетінде және ғибадатында тек Алла Тағала разылығын ниет етуі – ықылас.

Сондай-ақ, кітап иелері мен мүшріктерден құралған кәпірлердің қайтар жері жайлы, олардың мәңгілікке қалатыны айтылады. Сонымен бірге, мұсылмандар жағдайы, олардың ең биік мәртебелері және жаннатты мәңгі мекен ететіні әңгімеленеді. Олар жаннатта пайғамбарлар, шыншылдар, шейіттер және ізгілермен бірге. Бұл олардың әлемдер Раббысына құлшылық етуі және разылығын іздеуінің сыйы.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

³⁹ Ахмед, Бұхари, Мұслим, Тирмизи, Нәсаи

لَمْ يَكُنِ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ وَالْمُشْرِكِينَ
مُنْفَكِينَ حَتَّى تَأْتِيَهُمُ الْبَيِّنَةُ

1. Кітап иелерінен және мүшріктерден (Аллаға серік қосушылардан) қарсы шыққандар (күпірлік еткендер) өздеріне бір ашық дәлел келгенге дейін ажырамаған еді.

Кітап иелері – яһуди мен насаралар. Ал, мүшріктер – пұтқа табынушылар. Ашық дәлел – Құран немесе Алла елшісі (ρ).

رَسُولٌ مِنَ اللَّهِ يَتْلُو صُحُفًا مُطَهَّرَةً

2. (Ол дәлел) кіршіксіз таза жазбаларды оқитын Алла тарапынан жіберілген – Пайғамбар (еді).

Бұл дәлел – Алла құзырынан жіберілген елші Мұхаммед (ρ). Алла елшісі (ρ) оларға Құранды жатқа ешбір бұрмаламай және жалған сөз қоспай оқып беруде. Әсілі, Пайғамбар (ρ) оқу-жазуды білмейтін кісі болды.

فِيهَا كُتِبَ قَيِّمَةٌ

3. Ол (жазбаларда) ең тура үкімдер бар.

Нұсқаларда жазылған аяттар еш бұрмалауы жоқ үкімдер. Бұл нұсқаларда ізгілік пен тура жол бар. Өйткені, Құран – Алла Тағала түсірген кітаптардың жемісі.

وَمَا تَفَرَّقَ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ إِلَّا مِنْ بَعْدِ مَا جَاءَتْهُمْ الْبَيِّنَةُ

4. Дегенмен, өздеріне кітап берілгендер оларға ашық дәлел келгеннен кейін-ақ бөлінді.

Кітап иелері Мұхаммед (ρ) пайғамбарға қатысты анық дәлел келген кезде ішінара жақтаушы мен қарсы келушілерге бөлініп кетті. Кейбірі иман етсе, кейбірі қарсы шығып кәпір болды.

وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ
حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقِيَمَةِ

- 5. Олар ғибадатты нағыз Аллаға, шынайы ынтамен намаз оқулары, зекет берулері үшін әмір етілген. Міне, осы – дұрыс дін.**

Кітап иелері өздеріне түскен Тәурат пен Інжілде Алла Тағалаға серік қоспай құлшылық етуге, құлшылықтарын тек Аллаға арнауға (ықылас етуге), серік қосудан аулақ болуға, жалғаннан қашып ақиқатқа жақын болуға, парыз намаздарын өз уақытында толық оқуға және зекетті мұқтаждарға беруге әмір етілген еді. Міне, бұл – тура дін. Алайда, олар кітаптарын бұлмалап, өзгертіп ғалымдары мен діндарларына құлшылық ете бастады. Құранда: *«Олар (яһуди, насаралар) ғалымдары мен машайыхтарын және Мәриямұлы Исаны Алладан өзге тәңір етіп алды...⁴⁰»*, – делінген.

Хашият әс-Сауиде: *«Бұл аятта құлшылықтар арасынан намаз бен зекетті айрықша етіп айтуы, намаз бен зекет қалған құлшылықтардан дәрежесі жоғары болғандықтан»*, – дейді.

إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ وَالْمُشْرِكِينَ فِي نَارِ
جَهَنَّمَ خَالِدِينَ فِيهَا أُولَئِكَ هُمْ شَرُّ الْبَرِيَّةِ

- 6. Анығында, кітап иелерінен күпірлік еткендері (Құран мен елшіні мойындамағандары) және мүшріктер мәңгіге тозақ отында қалады. Міне, солар – жаратылғандардың ең жаманы.**

Кітап иелері яһуди мен насаралардан шыққан кәпірлер мен пұтқа табынушылардың қиямет күні қайтар жері тозақ оты.

⁴⁰ Тәубе сүресі, 31-аят

Олар жаһаннамда мәңгілікке қалады. Міне, олар жаратылыс ішіндегі жағдайы ең жамандары. Бұл олардың көреалмаушылық пен адасушылыққа салынып ақиқаттан бас тартқаны үшін берілген жаза.

إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ أُولَٰئِكَ هُمْ خَيْرُ الْبَرِيَّةِ

7. Ақиқатында, иман еткен және ізгі іс жасаушылар міне, олар – жаратылғандардың ең жақсысы.

Аллаға және елшісіне сенгендер, сонымен қатар Алла Тағала өмір еткен ізгі амалдарды істегендердің қайтар орны мен жағдайы ең тамашасы.

جَزَاؤُهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ جَنَّاتٌ عَدْنٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ ذَلِكَ لِمَنْ حَسِبَ رَبَّهُ

8. Раббыларының құзырындағы олардың сыйлықтары – астынан өзендер ағатын Ғадын жаннаттары. Олар онда мәңгі мекен етеді. Алла олардан разы, олар да Алладан разы. Міне, бұл – Раббысынан қорыққан кісі үшін.

Иман және ізгі амалдар үшін қиямет күні берілетін сауап Алла Тағаланың жаннаты. Ғадын – жаннат атауларының бірі. Жаннат баулары мен бөлмелерінің астынан өзендер ағады. Олар жаннатта мәңгіге қалады. Өміріне бойұсынғандары үшін Алла разы болады. Олар да берілген сауапқа қуанып риза болды. Міне, бұл әрбір амалында Раббысына тақуалық еткенге ұсынылатын сыйлық.

Ықылас жайлы

Ықылас – құлшылықтың өзегі. Құдси хадисте: «(Алла Тағала) Маған ортақ етіп қосылғандардан Мен биікпін. Кімде-

кім Маған біреуді ортақ етіп амал етсе, ол адамды серігімен бірге қалдырамын», – деп айтылған.

Ғұламалар амалды үшке: әмірлер, тыйымдар және мүбәхтар (ерікті) деп бөлген. Әмір амалдарды орындаудағы ықылас Алла Тағала разылығын көздеу. Әмір амалда Алла Тағаладан басқаны ниет ету көзбояушылық болып, амал қабыл етілмейді. Тыйым амалдардан ешбір ниетсіз бас тарту жай істемеу болып, ешбір сауап жазылмайды. Ал, тыйымды Алла разылығын қалап бас тартса, тыйымды тәрк еткені үшін сауап алады. Ал, мүбәх: тамақтану, ұйықтау, әйелімен бірге болу секілді әрекеттерді ешбір ниетсіз істесе, оған сауап жоқ. Алла Тағала разылығын ниет етсе, сауап жазылады. Әрбір мүбәх қарапайым әрекет Алла разылығын ниет етумен Жаратушыға жақындататын амалға айналады. Мәселен, тамақтануда құлшылық үшін әлдену, әйелімен болуда күнәдан пәк болуды ниет ету сияқты.

«ЗІЛЗӘЛ» СҮРЕСІ

Абдулла ибн Амр (р.а.) риуаяты: «Бір кісі келіп: *«Уа, Алла елшісі! Маған барлығын бойына қамтыған бір сүре оқып беріңіз», – деп өтінді. Пайғамбарымыз (р): «Жер сілкіндіріп қозғалған сәтте...»* деп толығымен оқып шыққанда, әлгі кісі: *«Сізді ақиқатпен пайғамбар етіп жіберген Алламен ант етейін, осыдан артығын істемеймін», – деді. Сонда пайғамбарымыз (р): «Мына жігіт мақсатына жетті (жақсылыққа жетті)⁴¹», – деген екен.*

⁴¹ Тирмизи, Әбу Дәуіт, Нәсаи

Әнас ибн Малик (р.а.): Алла елшісі (р): «*Жер сілкіндіріп қозғалған сәтте...*» Құранның төрттен бірі⁴²», – деген.

«*Зілзәл*» сүресі мәдиналық. Бірақ, тәсілі меккелік сүрелерге ұқсайды. Өйткені, бұл сүреде қиямет күннің қорқыныштары мен үрейлері жайлы айтылады. Қиямет күні болатын ауыр зілзәла жайы да баяндалады. Бұл зілзәладан заңғар таулар да жермен жексен болады. Сол сәтте адам баласы қорқатын жердің сыртқа мәйіттерді шығарып тастау, алтын-күміс қазыналарының шығуы сияқты оқиғалар орын алады. Сондай-ақ, жер әрбір адамның жер бетінде істеген ісіне куәлік етіп: «*Мына күні былай, былай істедің*», – дейді. Мұның барлығы сол күннің үрейлі оқиғалары. Сондай-ақ, адамдардың махшар алаңынан жаннат және тозаққа бет алуы, бақытсыз бен бақытты болып бөлінуі баян етіледі.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

اِذَا زُلْزِلَتْ اَلْاَرْضُ زِلْزَالَهَا

1. Жер сілкініп зілзәлә болған сәтте.

وَاٰخِرَ جَبْتِ الْاَرْضِ اَنْقَالَهَا

2. Және де жер ішіндегі жүгін сыртқа шығарған сәтте.

Қиямет күні сырнай үрленген кезде немесе одан кейін жер сілкініп, ішіндегі адам денесі мен қойнауындағы қазыналарды сыртқа шығарады.

وَقَالَ الْاِنْسَانُ مَا لَهَا

3. Адам баласы: «Бұған не болды?» – деген кезде.

يَوْمَئِذٍ تُحَدِّثُ اٰخْبَارَهَا

4. Ол күні (жер) өз хабарын (жайын) айтады.

⁴² Тирмизи

Мұның барлығын өз көзімен көрген кәпір қорқыныштан: «Жерге не болып жатыр?» – деп үрейленеді. Сонда жер Алла қалауымен өзінің жағдай тілімен жер бетінде жасалған жақсы да, жаман істің барлығын айтады.

بِأَنَّ رَبَّكَ أَوْحَىٰ لَهَا

5. Раббыңның оған уахи етіп білдіруімен.

Алла Тағала әмір етуімен жер өз қойнауындағыны түгелдей сыртқа шығарып, барлығы жайлы хабар береді.

يَوْمَئِذٍ يَصُدُّ النَّاسُ أُمَّتَاتًا لِّبُرُؤِهِمْ

6. Сол күні адам баласы топ-тобымен өз амалдары көрсетілу үшін шығады.

Адамдар қабірлерінен шығып есеп-қисап алаңына бет алады.

فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ

7. Сонда кім тозаңның түйірі салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді.

Дүниеде шаңның тозаңындай жақсылық істеген ақыретте оның сауабын алады. Әбу Хұрайра (р.а.) риуаяты: Бұл аят хақында пайғамбарымыз (р): «Барлығын бойына қамтыған дара аят⁴³», – деген.

وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ

8. Ал енді кім тозаңның түйірі салмағындай жамандық істесе, оны да көреді.

Сағид ибн Жабир (р.а.): «Тамақты жақсы көре тұра міскінге, жетімге және тұтқынға жегізеді»⁴⁴ аяты түскенде,

⁴³ Бұхари, Мұслим

⁴⁴ Инсан сүресі, 8-аят

мұсылмандар бұдан төмен амал үшін сауап берілмейді деген ойда болды. Ал, кейбіреулері өтірік, көз салу, кісі артынан сөйлеу сияқты жеңіл күнәлар үшін жазғырмайды, себебі: *«Расында Алла Тағала үлкен күнәлар үшін тозақ деп ескертті»*, – деуші еді. Сонда осы екі аят түсті⁴⁵», -деп риуаят етті.

«ҒАДЯТ» СҮРЕСІ

«Ғадят» – Меккеде түскен сүрелер қатарына жатады. Бұл сүре дін жолындағы жауынгерлердің сәйгүліктері, тұлпарлары жайлы баяндайды. Тұлпарлардың желмен жарысқан жылдамдығы, тасқа тиген тұяғынан шарпыған ұшқынын суреттейді. Мұның барлығы жауынгер аттардың Алла құзырындағы артықшылығын білдіреді. Сүренің келесі бөлігінде адамның нығметке қайырымсыздығы туралы бар. Адам Алланың берген сансыз нығметтерін алғыссыз қабыл алатындығы тілге тиек етілді. Оның бұл ниеті сөзінен және іс-әрекетінен байқалып тұрады. Сондай-ақ, адам болмысынан дүниені шектен тыс жақсы көретіндігі. Сүре соңында барлық жаратылыс атаулының Жаратқан құзырына есеп беруге баратындығы ескертіледі. Ақырет күні жиған дүние мен атақ-абыройдың ешбір пайдасы жоқтығы, ол күні тек ізгі амал ғана пайда беретіндігі айтылады.

⁴⁵ Ибн Әбу Хатим

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالْعَادِيَاتِ ضَبْحًا

1. Қатты ентігіп шабатынмен серт.

Алла Тағала жорыққа шыққан әскердің сәйгүліктерімен серт етуде. Ибн Аббас (р.а.) риуаяты: «Алла елісі (р) атты әскерді шығарып салды. Бір ай бойы олардан хабар-ошар келмеді. Соңынан осы сүре уахи етілді»⁴⁶.

فَالْمُورِيَاتِ قَدْحًا

2. (Тұяғынан) ұшқын шығаратынмен серт.

Тұяғымен жердегі тасты теуіп ұшқын шығаратын

فَالْمُغِيرَاتِ صُبْحًا

3. Таң сәріде шабуыл жасайтынмен серт.

فَأَتْرُنَّ بِهِ نَفْعًا

4. Онымен шаңдата шабатын.

فَوَسَطْنَ بِهِ جَمْعًا

5. Сөйтіп жаудың ортасына топ болып кіретін аттармен (серт).

Жорғалаған ат жаудың бетін шаң еткенде, таңсәріде жаудың ортасына жарып кірген сәтте.

إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ لَكَنُودٌ

6. Шын мәнінде, адам Раббысына тым шүкірсіз.

Адамзат Алла Тағаланың берген нығметіне шүкіршілік жасамауда.

⁴⁶ Баззар, Хахим

وَإِنَّهُ عَلَىٰ ذَٰلِكَ لَشَهِيدٌ

7. Және оның өзі де бұған куә.

وَإِنَّهُ لِحُبِّ الْخَيْرِ لَشَدِيدٌ

8. Сондай-ақ ол байлықты өте жақсы көреді.

Әрі оның шүкіршілік жасамағандығына өз әрекеті куә. Өйткені, шүкіршілік етпеу оның бойынан байқалып-ақ тұр. Бар жүріс-тұрысы соны көрсетуде. Ол дүниені әдеттен тыс қатты жақсы көреді. Дүниеге сараңдық танытады немесе дүние табу үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

أَفَلَا يَعْلَمُ إِذَا بُعْثِرَ مَا فِي الْقُبُورِ

9. Ал ол қабірдегілер қопарылып шығарылған кезде не болатынынбіле ме?

وَحُصِّلَ مَا فِي الصُّدُورِ

10. Және көкіректегілер ашыққа шығарылатын сәтте.

إِنَّ رَبَّهُم بِهِمْ يَوْمَئِذٍ لَّخَبِيرٌ

11. Анығында, сол күні Раббылары олар жайлы толық хабар алушы.

Адам баласы қабірдегі өлі денелер қайта тірілген кезде, олардың кеудесіндегі жасырын жатқан жақсы-жаман амалдары, дұрыс және теріс ниеттері паш етілгенде не боларын біле ме? Өлемдердің Раббысы олардың көкірегіндегі жасырын ниетінен хабардар, сол күні пенде амалына лайықты есеп береді.

«ҚАРИҒА» СҮРЕСІ

«Қарига» – меккелік сүре. Бұл сүреде қиямет пен оның қорқынышы, ақырет пен оның қиыншылығы баян етіледі. Және сол күні адамдардың қабірден шығуы, бойларын билеген үрей мен қорқыныштан көбелекше шашырай жайылатындығы. Таулар болса, шағылып ауада түтілген жүндей ұшатындығы айтылады. Таулар жердің тепе-теңдігін ұстап тұратын қазық сияқты мықты қағылғаны белгілі. Сүреде адам мен тауды салыстыруда. Қиямет күні жерді ұстап тұрған таудың өзі жұмсақ жүндей боп ұшқанда ет пен сүйектен жаралған әлсіз адамның не күй кешетінін елестету қиын емес.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الْقَارِعَةُ

1. Қариға (үлкен апат).

مَا الْقَارِعَةُ

2. Үлкен апат ол не нәрсе?

Қиямет не екенін білесің бе? Ол күні адам баласының ойына келмейтін қорқынышты алапат оқиғалар болады. Оны бейнелеу немесе суреттеу мүмкін емес.

وَمَا أَدْرَاكَ مَا الْقَارِعَةُ

3. Үлкен апаттың не екенін білесің бе?

Қариға (түнделетіп есік қағушы) деп аталған қиямет күні адамның жүрегіне ғана емес, жер бетіндегі алып тау секілді жаратылысқа да үрей салады. Аспандар жарылып, жер сілкініп, таулар шағылып, жұлдыздар құлайды.

يَوْمَ يَكُونُ النَّاسُ كَالْفَرَاشِ الْمَبْتُوثِ

4. Ол күні адам баласы шашырап ұшқан көбелектей болады.

Сол күні адамдар шашырап ұшқан көбелектей күй кешеді. Алла Тағала қабірден шыққан адамзатты көбелекке теңеуінің себебі бұл жәндіктер үріккен кезде бір жаққа емес әрқайсысы өз бетінше басы ауған жаққа бытырай ұшады.

وَتَكُونُ الْجِبَالُ كَالْعِهْنِ الْمَنْفُوشِ

5. Таулар түтілген жүндей болады.

Бұл қиямет күндегі жағдайдың екінші көрінісі. Таулар түтілген жүндей ауада ұшып жүреді. Әс-Сауиде: «Адамзат пен таулардың жағдайын бірге айтуда. Оның сыры қиямет алпауыт тауларға осыншама әсер етуде. Алайда тауларға құлшылық міндет емес. Ендеше, құлшылыққа міндетті, ертеңгі күні әрбір істеген амалына есеп беретін сонымен бірге әлсіз жаратылған адам баласының жағдайы қандай болмақ», – деп тәпсірленген.

فَأَمَّا مَنْ تَقَلَّتْ مَوَازِينُهُ

6. Міне, сонда кімнің таразысы ауыр тартса.

Кімнің амалдары таразыға тартылған кезде сауабы күнәсінен басым келсе...

فَهُوَ فِي عِيشَةٍ رَاضِيَةٍ

7. Онда ол разы болатын бір тіршілікте болады.

Міне, солар бақытты өмірге қолы жеткен жандар. Олардың барар жері нығметке тола мәңгілік мекен жаннат болмақ.

وَأَمَّا مَنْ خَفَّتْ مَوَازِينُهُ

8. Ал енді кімнің таразысы жеңіл тартса.

Ал, кімнің сауабы күнәсінен аз болып қалса, жақсы амалы жамандығынан басым түспесе... Күнәлары оны ұстап қалса...

فَأُمَّهُ هَٰوِيَةٌ

9. Онда оның анасы (барар орны) хауия.

Бұл бейбақтың барар жері тозақ оты. Аятта сөзбе-сөз «Оның анасы тозақ түбі» деп айтылған. Оның себебі баланың барар жері ананың құшағы болғандығы секілді, күнәһарлардың барар жері тозақтың түбі болмақ.

وَمَا أُذْرَاكَ مَا هِيَ

10. Оның (хауияның) не екенін білесің бе?

«Хауия» – тозақ атауларының бірі. Ол өте терең және оның түбіне кәпірлер мен күнәһарлар ұзақ құлдырайды. Риуаятта тозақилар оттың түбіне дейін жетпіс жыл құлап барады делінген.

نَارٌ حَامِيَةٌ

11. Ол – жалындаған от.

Ол өте ыстық от. Ыстықтығы әдеткі қалыптан да күшті. Жер бетіндегі ең ыстық оттың өзін тозақпен теңеуге келмейді.

Ескерту: Қиямет күніндегі таразы шынайы, оның екі табағы және ортасында тілі бар. Таразыға сауап және күнә амалдар жазылған парақшалар тартылады. Ибн Аббастан (р.а.) риуаят етіледі: *«Ізгі амалдар көркем бейнеде, ал жаман амалдар ұсқынсыз бейнеде келтіріліп, таразыға тартылады. Кімнің сауабы басым түссе бақытты болады. Ал, кімнің жамандығы басым түссе сорлайды».*

«Тәкәсүр» – меккелік сүре. Сүре адам баласының дүние ләззатымен әуре-сарсаңға түсетіндігін баян етуде. Және пәнидің құнсыз заттарын жинаудағы таластарын айтуда. Ақыры соңы өлім олардың рақатына нүкте қояды. Өлім тосыннан аяқ асты келеді. Өлім адамзатты зәулім үйден зұлмат қабірге алып кететінін ескертуде. Сүреде қайта-қайта пәниді бақиға айырбастамау керектігін, бұл үлкен қателік екендігін баяндайды.

Сүре соңында қиямет күніндегі қорқынышты жағдайларды айта отырып, одан тек ізгі амал жасаған мұсылман ғана аман қалатындығы айтылады.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

اَلْهٰكُمُ النَّكَاتُ

1. Сендерді көбейтіп еселеу бәсекелестігі (өзіне қаратып) шұғылдандырып қойды.

Әй, адамдар! Сендерді өз араларындағы дүние жинау, балашаға мен ағайын-туыстың көптігімен мақтану бәсекелестігі құлшылық етуден және ақырет күніне дайындық көруден шалғытты.

حَتّٰی زُرْتُمْ الْمَقَابِرَ

2. Тіпті, қабірлеріңе барғандарыңа (өлген-деріңе) дейін.

Ақыры өлім келіп жетіп, қабірге көмілдіңдер.

كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُوْنَ

3. Жоқ, олай емес! Сендер таяу арада білесіңдер.

Ей, адамдар! Сақ болыңдар, қорқыңдар. Пайдасы жоқ іспен айналыспаңдар. Әйтпесе, құлшылығың ұмытқан адамның залалын көрсетеді.

تُمْ كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ

4. Әсте олай емес! Сендер жуырда білесіңдер.

Екерту артынан тағы ескерту. Бұл – жамандықтан сақтандырудың тәсілі. Тек дүние жинаумен, ағайын-туыстың көптігімен ғана мақтанып өмір кешкен адам өлім келген сәтте, барлығына анық көзі жете бастайды.

Ибн Аббас: *«Жоқ, олай емес. Тез білесіңдер» аятын: Қабірде азап тартқан кезде білесіңдер. Ал, «Тағы олай емес. Жуырда білесіңдер» аятын: Ақыретте нағыз азапқа қалған кезде білесіңдер⁴⁷», – деп түсіндіреді.*

كَلَّا لَوْ تَعْلَمُونَ عِلْمَ الْيَقِينِ

5. Жоқ! Егер сендер анық білген болсаңдар.

Ақиқатында құлшылық етпей дүние жинаудың және дүние рақаты сендерді алдап соққанын шынайы түрде білсеңдер. Түсініп ақыретке дайындық еткен болар едіңдер. Пайғамбарымыз (р): *«Менің білгенімді білсеңдер, аз күліп, көп жылар едіңдер», – деген.*

لَتَرَوُنَّ الْجَحِيمَ

6. Әлбетте, тозақты көресіңдер.

Бұл аят жасырын сертке жауап. Мағынасы: Алла Тағалаға серт, сендер өз көздеріңмен тозақты көресіңдер.

تُمْ لَتَرَوُنَّهَا عَيْنَ الْيَقِينِ

7. Сонан кейін сендер әрине көзбен көресіңдер.

تُمْ لَنَسْأَلَنَّ يَوْمَئِذٍ عَنِ النَّعِيمِ

⁴⁷ Құртуби

8. Сол күні (дүниеде берілген) әр нығмет үшін сөзсіз сұраққа тартыласыңдар.

Иә, ақырет күні дүниеде берілген амандық және денсаулық сияқты нығметтер ақысынан сұраласыңдар. Сонымен бірге, ішіп-жеген несібе, мінген көлік, төсенген көрпе-жастық барлығынан түгелдей сұраласыңдар.

Әбу Хұрайра (р.а.): «Бірде кешке Алла елшісі (ρ) сыртқа шығады. Сөйтсе, Әбу Бәкір мен Омар (р.а.) да тұр екен.

– Бұл уақытта не себепті үйден шықтыңдар?

– Уа, Алла елшісі аштықтан, – деді.

– Жанымды құдіретті уысында ұстаған Затпен ант етемін, мені де сол жайт мазалады, – деді. «*Жүріңдер*», – деп оларды алып ансарлық бір кісінің үйіне ертіп келеді. Ол үйінде жоқ екен. Әйелі көріп: «Қош келдіңіздер, төрлетіңіздер», – деді. Алла елшісі (ρ) әйелге: «*Пәленше қайда?*» – деп сұрап жатты. Әйелі: «*Үйге тұщы су алып келуге кетті*», – деді. Сол арада үй иесі келіп қалып, қонақтарға қарап: «*Аллаға шүкір, бүгін менікіндей қадірлі қонақ ешкімде жоқ*», – деп лезде тұрып сулы, кепкен құрманың шоғын алып келіп: дәмнен алыңыздар, – деп, өзі қолына пышағын алып есікке беттеді. Пайғамбар (ρ): «*Сауын малға тиіспе*», – деді. Үй иесі бір қой сойып, қонақтардың алдына тартты. Бұған қоса, құрма суын да әкелді. Тамаққа тойып, сусынмен шөлдерін басқан соң Алла елшісі (ρ) Әбу Бәкір мен Омарға қарап: «*Осы нығмет үшін қиямет күні сұраласыңдар. Өйткені, үйлеріңнен аштық алып шыққан еді, осы нығметке тап болдыңдар, – деген екен*⁴⁸»

Тирмизиде: Абдулла ибн Шиххир әңгімелейді: Мен Алла елшісінің (ρ) жанына келгенімде «*Сендерді көбейтуде*

⁴⁸ Мұслим

бәсекелесу айналдырды...» аятын оқып отыр еді. Сосын: *«Адам баласы дүнием, дүнием, – дейді. Дүниеңнің саған тиетіні ішіп-жеп тауысқаның, киіп тоздырғаның және садақа етіп қалдырғаның емес пе?»* – деген екен.

«АСЫР» СҮРЕСІ

«Асыр» – Меккеде түскен сүре. Бұл сүреде өте қысқа түрде адамды бақытты және бақытсыз ететін себепті және дүниеде жетістікке жету мен шығынға ұшырау салдары баян етілген.

Алла Тағала ғасырмен серт етуде. Ғасыр адам ғұмыры, бұл иләһи құдіретті көрсететін түрлі ғажайыптар мен ғибраттар орын алатын уақыт кеңістігі. Серт ете отырып, адамзат зиян шегуде екенін баяндайды. Бұл зияннан төрт қасиет: иман, ізгі амал, ақиқатқа шақыру және сабырлыққа үндеу ғана құтқарады. Аталған қасиеттер жақсылықтың бастауы және діннің негізі. Сондықтан да имам Шафиғи: *«Алла Тағала осы сүреден басқа сүре түсірмесе де адамзатқа жеткілікті болар еді»*, – деген.

Убайдулла ибн Хафс (р.а.): *«Алла елшісі (р) сахабаларынан екі кісі жолығып қалар болса, бірі екіншісіне Асыр сүресін оқып бермейінше, сосын бір-біріне амандық тілемейінше қош айтыспайтын»⁴⁹*, – деген.

⁴⁹ Табарани, Байһақи Әбу Хузайфадан риуаят етеді

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالْعَصْرِ

1. Ғасырға серт.

إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ

2. Ақиқатында, адам баласы зиянда.

Тәпсіршілер: «Ғасыр – жүз жылдық және сол аралықтағы ғажайыпты қамтитын уақыт, күн батар шақтағы уақыт және асыр намазы», – деп түсіндірген. Адам баласы шайтанмен саудаласып, дүниені артық санап шығын көруде. Ал, Алла Тағаламен саудаласса адамның пайдасы мәңгі болар еді. Бұл сауда Жаратушыға мойынсұну және ақыретті басқадан биік көру. Міне, бұл серттің жауабы.

إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَّاصُوا

بِالْحَقِّ وَتَوَّاصُوا بِالصَّبْرِ

3. Бірақ иман келтірген, ізгі амал жасаған, бір-біріне шындықты үгіттеген және бір-біріне сабырды насихаттағандар зиянға ұшырамайды.

Адамзат Аллаға және елшісіне иман етсе, Алла Тағала әмір еткен ізгі амалдарды орындап, бірін-бірі ақиқатқа шақырса зияннан құтылар еді. Ақиқат – Алла әмірін орындау, иман етіп жақсылық жасап, жамандықтан қашу. Және бірін-бірі құлшылықта, күнәдан тыйылуда сабырлы және қиыншылыққа төзімді болуға шақыру.

Сүреде осы төрт қасиетті бойына сіңірмеген адамның барлығы да зиян көретіні айтылып тұр. Адам өзін иман және ізгі амалмен кемелдендірсе, басқаны насихат және тура жол көрсетумен кемел етсе, жамандық атаулыдан құтылары анық.

Мұндай адам Алла Тағала ақысы мен пенделер ақысына мән беруші мұсылман.

«ҺУМӘЗӘ» СҮРЕСІ

«Һумәзә» меккелік сүре. Сүре адамдардың кемшілігін сөз ететін, ар-намысына ешбір шімірікпей қол салатын, ақымақтарша мазақ етіп, мінейтіндер жайын әңгімелейді.

Сондай-ақ, дүние жинаған, байлығын мал тезегіндей етіп қаптаған адамдар жайын сөз етуде. Олар мына жалғанда мәңгі қалатындай күйде. Тым надандығы мен асқан ғапылдығы оларды мал-дүниесі пәни дүниеде мәңгі қалдыратындай ойда жүретіндігін айтуда.

Сүре соңында, сол бақытсыз бейбақтардың ешқашан сөнбейтін отқа тасталғандағы жағдайы көрсетіледі. Ол от Алла Тағалаға қылмыс жасаған адамдарды парша-парша ететіндігі айтылады. Өйткені, тозақ оты тым қорқынышты.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

وَيٰۤاَيُّهَا الَّذِیْنَ اٰمَنُوْا لِمَ تَرٰوْنَ
لِذٰلِكَ اَنْتُمْ تَعْبُدُوْنَ

1. Әрбір айып тағушы және тілдеушіге қасірет!

Әрбір тоқтаусыз тілдейтін және үнемі жамандайтын адамға ауыр азап бар. Ол адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне тіл тигізеді. Мысқылдаушыға да ауыр азап. Ол жасырын түрде тілімен, көзімен, қолымен тіпті ымдап адамдардың бойындағы мінді көрсетуші.

الَّذِي جَمَعَ مَالًا وَعَدَّدَهُ

2. Олар мал жиып, оны санаушы.

Ол мал-дүние жинаумен әлек. Дүниесін қайта-қайта санаумен әбігер. Соның салдарынан адамдарды жақтырмай, оларды өзінен төмен көреді.

يَحْسَبُ أَنَّ مَالَهُ أَخْلَدَهُ

3. (Ол) Мал-дүниесі өзін мәңгі қалдырады деп ойлайды.

Жиған-тергені оны өлмейтін мәңгі тірі адамға айналдырады деген ойда. Ол бейне бір өлімді ойына да алмайтын адамның күйін кешуде.

كَلَّا لَيُنْبَذَنَّ فِي الْحُطَمَةِ

4. Жоқ, олай емес! Әлбетте, ол Хұтамаға тасталады.

Осы іс-әрекеттерге тоқтау айтуда. Шын мәнінде, Алла Тағала мұндай адамды әрбір нәрсені күйрететін тозаққа тастайды.

وَمَا أَدْرَاكَ مَا الْحُطَمَةُ

5. Хұтаманың не екенін қайдан білесің?

«Хұтама» тозағы не екенін білесің бе? Ол ақыл жетпейтін қорқыныш.

نَارُ اللَّهِ الْمَوْقَدَةُ

6. Ол – Алланың жағылған оты.

Ол лаулап жанған, еш уақытта сөнбейтін тозақ оты.

Әбу Хұрайра (р.а.) риуаяты: «*Тозақ оты мың жыл жағылып қып-қызыл болды. Сосын тағы мың жыл жағылып аппақ болды. Және мың жыл жағылып қап-қараға айналды. Тозақ оты қазір зұлымат басқан қараңғы*»⁵⁰

⁵⁰ Тирмизи

الَّتِي تَطَّلُعُ عَلَى الْأَفْنَدَةِ

7. (Ол от) жүректерді шарпиды.

Ол жүректің, жалпы барлық заттың, ортасына дейін жетіп, тұтастай отқа орайды. Адам бойындағы қате және бұрмаланған сенімнің тұрақтайтын орны жүрек болғандықтан әдейі жүректі айтуда.

إِنَّهَا عَلَيْهِمْ مُّوَصَّدَةٌ

8. Ақиқатында, ол от олардың үстерінен жауып тұрады.

فِي عَمَدٍ مُمَدَّدَةٍ

9. Ұзын (созылған) бағаналарға байланады.

Ол тозақ оты ұзын діңгек ішінде қамалған адамдарды шарпиды. Бұл аят онда түскен адамның барлық тараптан үміті үзілетіндігін және одан қашып құтылу мүмкін емес екендігін аңғартуда. Тозақ есіктері жабылған соң, аяқ-қолдары шынжырланады.

«ФИЛ» СҮРЕСІ

«Фил» сүресі Меккеде түскен. Сүреде піл иелерінің қиссасы баян етіледі. Олар Қағбаны бұзуға бет алады. Бірақ Алла Тағала оларды өз қаруымен жойып жіберді. Осылайша Жаратқан Ие өзінің үйін олардың жаулап алуынан қорғап қалды. Абраһаның әскері ең әлсіз мақлұқтар арқылы жермен жексен болып

жойылды. Ол құстар тұмсығы мен аяғына кішкене тас алып келді. Алайда, бұл тастар қорғасын оқтан да опатты боп тиді. Аталған тарихи оқиға пайғамбарымыз Мұхаммед ибн Абдулла (р) дүниеге келген 570 жылы болды. Айтулы оқиға пайғамбарымыздың (р) елшілігін растайтын ең үлкен ирхасаттардың бірі.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصْحَابِ الْفِيلِ

1. Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрдің бе?

Уа, Мұхаммед! Қасиетті Қағбаға жаугершілік ниетімен келген піл иелерінің жағдайы жайлы саған хабар жетті ме?

Риуаятта: «Йемен патшасы Абраһа Сана қаласында шіркеу тұрғызады. Ондағы ойы қажыларды шіркеуге тарту. Кинана руынан бір кісі түнделетін келіп шіркеуді мазақ етіп ішін нәжістеп, қабырғаларын ластап кетеді. Ашуына мінген Абраһа Қағбаны бұзамын деп ант етеді. Ол піл мінген үлкен әскерімен Меккеге келеді. Әскер Меккеге таяп келгенде, қала тұрғындары қорқып тауға қашады. Абраһа әскеріне қарсы Алла Тағала қара құстарды жібереді. Құстар тұмсығы мен екі аяғында бір-бір түйір майда тас алып келеді. Құстар лақтырған майда тастан әскер тып-типыл болып, жансыз денелері жерде сұлап жатты. Бұл басқаларға ғибрат оқиға болды. Сонымен бірге, пайғамбарлықтан бұрын болған ирхасат оқиға еді.

أَلَمْ يَجْعَلْ كَيْدَهُمْ فِي تَضَلُّلٍ

2. Олардың айла-қулықтарын адасуға айналдырмады ма?

Оларды жойып, Қағбаны бұзбақ болған әрекеттерін зая етті.

وَأَرْسَلْنَا عَلَيْهِمْ طَيْرًا أَبَابِيلَ

3. Және де оларға құстарды топ-тобымен жібермеді ме?

Оларға топ боп келген құстарды жіберді. Құстар әскерді жан-жақты қоршап алды.

تَرْمِيهِمْ بِحِجَارَةٍ مِنْ سِجِّيلٍ

4. (Құстар) оларды балшықтан күйдірілген тастармен атқылады.

Құстар әскерді тасқа айналған балшықпен атқылады. Ол балшық оқ сияқты тиген адамды өлтіріп жатты.

فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَأْكُولٍ

5. Сөйтіп оларды дәні мүжілген сабандай етті.

Оқ тиген әскер ағаштан жерге үзіліп түсіп, мал жеп тезек етіп кеткен жапырақ секілді күйге түсті. Бұл қиссада Алла Тағаланың Қағбаны құрметті еткендігін және Құрайышты жаудан қорғағаны айтылады. Сондықтан, Құрайыш Алла Тағалаға құлшылық етіп, шүкіршілік жасауға міндетті. Піл оқиғасы Алла Тағала жауларынан есе алуының ғажайып көрінісі бар. Бахр кітабында: «Бұл үлкен әскердің жойылуы пайғамбарымыздың (р) дүниеге келген жылы орын алды. Піл оқиғасында пайғамбарлықтың ирхасаты. Өйткені, бұл оқиғаны дүйім жұрт өз көзімен көріп, куә болды. Алла Тағала үлкен әскерді, әдетте ешбір зияны жоқ әлсіз құстардың көмегімен жойды⁵¹» – деп тәпсірленген.

⁵¹ Бахр Мухит 8/512

«ҚҰРАЙЫШ» СҮРЕСІ

Бұл сүре Алла Тағаланың меккеліктерге берген нығметтері жайлы әңгімелейді. Меккеліктер сауда-саттық мақсатымен екі жаққа: қыста Йеменге, ал жазда Шам өлкесіне сапар шегетін. Алла Тағала Құрайышқа берген нығметтерінің ең үлкен екеу, олар: тыныштық пен тұрақтылық және молшылық пен жеңілдік еді.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

لِیْلَافِ قُرَیْشٍ

1. Құрайыштың бейбітшілігі (ғажайып іс).

إِیْلَافِهِمْ رِحْلَةَ الشِّتَاءِ وَالصَّیْفِ

2. Олардың қысқы және жазғы сапарларын-дағы қауіпсіздігі (ғажайып).

Бейбітшіліктің арқасында Алла Тағала қыста Йеменге, ал жазда Шамға сауда-саттық сапарын оңайлатты. Олар сауда жасап азық-түлік пен киім-кешек алып келетін. Барғанда да, қайтқанда да олжалы оралатын. Олардың жолы қатерсіз, ешкім оларға жамандық ойламайтын. Себебі арабтың басқа рулары Құрайыш жайлы: *«Олар Алла Тағаланың көршісі, қасиетті жер тұрғындары, олар Алла Тағаланың жұрты, өйткені Қағбаның иелері. Оларға зиян тигізбеңдер, забір көрсетпеңдер»,* – деуші еді.

Алла Тағала піл иелерін жойған соң, меккеліктерге деген құрмет артты. Патшалар мен әмірлердің Құрайышқа деген құрметі өсті. Меккеліктердің саудасы да, пайдасы да еселене түсті. Сондықтан Құранда Құрайышқа осы берілген нығмет туралы айтылуда. Оларға Алла Тағаланың бұл нығметтерін еске алып, Жаратушыны Бір деп білуге және Оған шүкіршілік етуге шақыруда.

فَلْيَعْبُدُوا رَبَّ هَذَا الْبَيْتِ

3. Ендеше, олар осы үйдің (Қағбаның) иесіне құлшылық етсін.

Тек өздеріңе ғана тиесілі етілген осы нығметтерге шүкіршілік ретінде Раббыларыңа құлшылық етіндер. Тәпсіршілер: *«Алла Тағаланың берген басқа нығметтері үшін құлшылық етпесе де, ашық та айқын нығметі болған осы қауіпсіз екі сауда сапары үшін құлшылық етсін. Өйткені, меккеліктер – жерінде егін шықпайтын, малы аз халық»,* – деп тәпсірлеген.

الَّذِي أَطَعَهُمْ مِنْ جُوعٍ وَأَمَّنَّهُمْ مِنْ خَوْفٍ

4. Қатты аштықтан соң тамақтандырған және қатты қауіптен соң тыныштық берген Аллаға (құлшылық етсін).

Мекке халқы сауда сапарында және өз қалаларында да тыныштық пен қауіпсіздікте күн кешті. Құранда: *«(Мекке халқы) маңындағы адамдар ұрланып, тоналып жатқанда Меккені ардақты және бейбіт орын еткенімізді көрмеді ме?»*⁵². Сондай-ақ, : *«... Раббым! Бұны бір тыныш қала қыла көр!... Әр түрлі өнімдермен ризықтандыр...»*⁵³, деген тілек жасаған аталары Ибраһимнің дұғасының берекетімен. Құрайышқа Ұлық Аллаға ғана құлшылық ету парыз емес пе? Ол меккеліктерге қорек беріп, қауіпті заманда тұрақтылық берген Жаратушы емес пе?

Сүреге қатысты жайт:

⁵² Ғанкабут сүресі, 67-аят

⁵³ Бақара сүресі, 126-аят

Имам Фахр: «Алла Тағаланың нығметі екеу. Оның бірі Піл сүресінде айтылғандай жамандықтан сақтау. Ал, екіншісі: пайда мен олжа беру. Бұл осы сүреде айтылған. Алла Тағала құрайыштықтарға осы үлкен екі нығметті берген соң, құлшылық етуге және шүкірішілік жасауға әмір етті», – дейді.

«МАҒУН» СҮРЕСІ

«Мағун» – Меккеде түскен сүре. Бұл сүреде қысқаша екі түрлі топ жайы әңгімеленген. Олар:

1. Алла Тағала нығметін мойындамаушы кәпірлер. Олар қиямет күні болатын есеп-қисапты жалған деушілер;

2. Жасаған амалында Алла Тағала ризашылығын ниет етпеуші екіжүзді мұнафиқтар. Олар әрбір амалын, тіпті намазын көзбаяушылықпен жасайды.

Бірінші топ: Алла Тағала олардың қор мінездерін айтқан. Олар жетімге еш нәрсе бермей, «жоқ» деген жауабын сыпайы айтпай, дәрекілік көрсетеді. Олар жақсылық жасамайды. Тіпті, міскін-кедейлерге жақсылық жасаңдар деп айтуға тілдері бұралмайды. Өздері Раббыларына құлшылық етуді жарытпағаны сияқты, пенделерге де жақсылық етуді білмейді.

Екінші топ: Екіжүзділер. Намаздан бейхабар. Олар намазды өз уақытында орындамайды. Екіжүзділер намазды тек сұлба болып сурет түрінде оқып, бірақ мән-мағынасына көңіл бөлмейді. Мұнафиқтар құлшылықты көзбаяушылықпен жасайды. Сүреде осы екі топқа азап бары ескертілуде.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

أَرَأَيْتَ الَّذِي يُكْذِبُ بِالذِّينِ

1. Сен есеп күнін (қайта тірілуді) жоққа санаушыны көрдің бе?

Мұхаммед! Ақыретте Алла Тағала құзырындағы есеп-кисапты өтірік дейтіндерді көрдің бе? Олардың кім екенін және олардың белгілері қандай екенін біле алдың ба?

فَذَلِكَ الَّذِي يَدْعُ الْيَتِيمَ

2. Міне, ол – жетімді қақпайлайды,

Олар жетімді өте қаталдықпен және дөрекілікпен бетін қайтарушы. Жетімді басынатын және зәбір көрсетіп ақысын бермейтіндер.

وَلَا يَحْضُنُّ عَلَى طَعَامِ الْمِسْكِينِ

3. Кедей-кепшікті тамақтандыруға ынталандырмайды.

Олар бір-бірін кедей-кепшікке тамақ беруге ешбір үндемейді. Әбу Хайян: *«Аяттағы «қызықтырмайды» деген сөз, олардың шамасы келсе де кедейге тамақ бермейтіндігін көрсетеді»,* – дейді. Өйткені, сараңдығы әрі қаттылығы себепті кедейді тамақтандыруға басқаны ынталандырмайды. Демек, өзі кедейге тіпті тамақ бермейді деген сөз. Жетімнің ақысын жеген залым өз қаражатынан еш уақытта кедейлерді тамақтандырмайды.

فَوَيْلٌ لِلْمُصَلِّينَ

4. Намаз оқушыларға нендей қасірет!

Екіжүзді жаман мінезді намаз оқушылар құрысын.

الَّذِينَ هُمْ عَنْ صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ

5. Олар намаздарына немқұрайлы.

Олар намаздың уақытын ұмытып кететіндер. Немқұрайлық танытып, намаз уақытын кешіктіретіндер. Ибн Аббас (р.а.): «Ол намаз оқыса, сауабын үміт етпейтін, намазын тастаса, жазадан қорықпайтын намазхан», – деген. Әбу Алия: «Намазды өз уақытында оқымайтын және рукуғ пен сәждесін толыққанды орындамайтын намаз оқушылар», – деген.

الَّذِينَ هُمْ يُرَاءُونَ

6. Олар (амалдарын) басқаларға көрсету үшін жасайды.

Олар жұрт ізгі екен деп ойлау үшін намазын адамдардың көзінше оқитын, тақуа екен деу үшін қорқып тұрғандай, жомарт десін деп садақа беретін адамдар. Барлық ізгі амалды мақтан және абырой үшін істейтіндер.

وَيَمْنَعُونَ الْمَاعُونَ

7. Сондай-ақ, олар тұтыну заттарын бермейді.

Олар адамдарға тіпті ине, балта, қазан, тұз, су және тағы басқа аса бағалы емес күнделікті тұтынатын заттарды беруге де сараңдық жасайды. Бұл сараңдықтың шегі. Тым сараңдық кісінің адамгершілігіне сын.

«КӘУСАР» СҮРЕСІ

«Кәусар» Меккеде түскен сүре. Сүреде екі дүние сұлтаны пайғамбарымызға (р) Алла Тағаланың берген артықшылықтары баян етіледі. Бұл дүние және ақыретте берілген үлкен

жақсылықтар және ұлық нығметтер айтылады. Солардың бірі – Кәусар өзені. Бұдан қоса, басқа да көптеген жақсылықтар тарту етілген. Сүре Алла елшісін осы нығметтерге шүкіршілік ретінде намаз оқуға және құрбан шалуға шақыруда.

Сүре соңында пайғамбар дұшпандарының оңбайтыны және ашуына тигендер қорлық көретіндігі айтылады. Олар дүние және ақыретте жақсылық атау-лыдан мақұрым қалады. Ал, Алла пайғамбарының аты биік мұнаралар мен мінберлерде жар салып айтылады. Және қиямет қайымға дейін адамдардың аузынан түспейтіндігі баяндалады.

Әнас ибн Малик (р.а.): *«Пайғамбардың (р) көзі шамалы уақытқа ілініп кетті де, сосын жүзіне күлкі ұялады. Сөйтсек осы сүре түскен екен. Кәусарды: «Раббым жаннатта берген өзен. Оның көп жақсылығы бар. Үмбетім қиямет күні сол өзенге барады», – деп түсіндірген».*⁵⁴

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ

1. (Мұхаммед) шын мәнінде, Біз саған Кәусарды бердік.

Уа, елшім! Саған дүние және ақыретте пайғамбарлық, Құран, даналық, білім, шапағат, мақтаулы дәреже, үмбетіңнің көптігі, жауларыңнан үстем болу мен жеңіс және де басқа мол жақсылық бердік. Соның бірі – Кәусар. Кәусар – молшылықтың шегіне жеткен жақсылық. Ол Ахмед және Мұслим риуаяттарында айтылғандай жаннаттағы өзен. Хадисте: *«Ол жаннаттағы өзен. Қос жағасы алтын, суы маржан және жақұт үстінен ағады, топырағы мисктен де қош иісті, суы*

⁵⁴ Ахмед

балдан тәтті, қардан ақ. Кімде-кім одан бір рет ішсе, мәңгілік шөлдемейді», – делінген.

فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَنْحَرْ

2. Раббың үшін (айт) намаз оқы және құрбандық шал.

Ендеше, нығметке шүкіршілік етіп парыз намазынды Алла ризашылығы үшін жалғастыр. Сондай-ақ айт намазын оқы. Және тек Алла атына және разылығы үшін құрбан шал. Жаһилиетте арабтар құлшылығы мен құрбандығын Алладан басқа әлдекімдер үшін жасайтын.

إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ

3. Ақиқатында, сені жеккөрушінің өзі ұрпақсыз.

Пайғамбарымыздың (ρ) Қасым есімді ұлы шетінейді. Мүшріктердің мықтыларынан Ас ибн Уаил: *«Жә, оны қойыңдар, енді оның ұрпағы жоқ. Егер қайтыс болса, аты өшеді»*, – дейді. Сонда осы сүре түскен. Алла Тағала әлігі кәпірдің өзі көп балалары бола тұра ұрпақсыз екендігін айтуда. Өйткені, ол Алла Тағала рақымынан мақұрым қалған бейбақ.

Уа, елші! Сені ренжіткен адам дүние және ақырет жақсылығынан құр қалады. Тіпті, артынан жақсы аты да қалмайды. Қала берсе, олардың жаман аты тозақта да өздерімен бірге болады. Ал, сенің (пайғамбардың) жақсы есімің және жақсылығың ел аузында қиямет күніне дейін және ақырет өмірде де жалғаса береді.

«КӘФИРУН» СҮРЕСІ

Жәбир (р.а.): «Алла елшісі осы сүрені және «құл һуа Аллаһу Ахадты» тауафтың екі ракағатында оқыды⁵⁵», – деп риуаят етеді.

Әбу Хұрайра (р.а.): «Алла елшісі (ρ) осы сүрені таң намазында оқыды», – дейді.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ

1. Айт: «Әй, кәпірлер!

Ей, Мұхаммед! Тас пен пұтқа табынушы мына кәпірлерге айт! Тәпсіршілер: «Құрайыш Алла елшісіне (ρ) бір жыл олардың құдайларына табынуды, бір жыл оның Құдайына құлшылық етуді ұсынды. Пайғамбар (ρ): «Алла Тағалаға бір нәрсені ортақ қосудан, Алланың Өзі сақтасын»,-деді. Құрайыш: «Біздің құдайларымыздың біріне қол тигізсең болғаны, сені пайғамбар деп мойындап Құдайыңа құлшылық етеміз»,-деді. Сонда осы сүре уахи етілді. Алла елшісі (ρ) әл-Харам мешітіне барып Құрайыштың қақ ортасына тұрып, осы сүрені оқып берді. Осы сәтте, олардың пайғамбарды көндіруден толықтай үміттері үзілді », -дейді. Бұдан кейін Құрайыш Пайғамбарға (ρ) және оның серіктеріне зәбір көрсете бастады.

Аяттағы «Айт!» деген сөз Пайғамбар (ρ) Алла Тағала құзырынан айтуға әмір етілгендігін білдіреді. Ал, Құрайыштың өзіне ашуланатынын біле тұра, оларға «Әй, кәпірлер!» деп үн қатуы, Пайғамбардың (ρ) Алла Тағала тарапынан қорғаулы екенін аңғартады.

لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ

2. Сендердің табынғандарыңа мен құлшылық етпеймін.

Мен сендер құлшылық етіп жүрген ешбір пайда бермейтін, зиян да тигізе алмайтын пұт құдайларыңа ешуақытта сиынбаймын.

وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ

3. Әрі сендер де менің құлшылық еткеніме құлшылық жасамайсыңдар.

Ей, мүшріктер! Сендер де мен құлшылық ететін Хақ Құдайға құлшылық етпейсіңдер. Мен әлемдер Раббысы Хақ Аллаға құлшылық етемін. Ал, сендер болса тастар мен пұттарға табынасыңдар. Рахман Аллаға құлшылық ету мен пұттарға табыну екеуі екі бөлек нәрсе.

وَلَا أَنَا عَابِدٌ مَا عَبَدْتُمْ

4. Сірә, мен сендердің табынған нәрселеріңе құлшылық жасаушы емеспін.

Және де мен сендер шоқынған пұттарға әуелде және қазір де сиынбаймын. Мен сендердің жалған құлшылықтарыңды жасамаймын.

وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ

5. Сондай-ақ, сендер де менің құлшылық еткеніме құлшылық қылушы емессіңдер.

Сендер де мен құлшылық етіп тұрған Жаратушыға ғибадат етпейсіңдер. Сендер менің дұрыс құлшылығымды жасамайсыңдар.

لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ

6. Сендерге – өз діндерің, маған – менің дінім», – де.

Сендердің өздеріңе тән Аллаға серік қосу діндерің бар. Ал, менің Ислам және Алла Тағаланы Жалғыз дейтін дінім бар. Бұдан бас тартпаймын.

Сендер мен біздің құдайымыз бір емес. Және құлшылықтарымыз да басқа-басқа. Сендердің өздерің жауап беретін діндерің бар. Менің де өзім жауапты дінім бар.

«НАСЫР» СҮРЕСІ

«Насыр» сүресі Мәдина қаласында түскен. Бұл сүреде *Меккенің жеңісі* жайлы әңгімеленуде. Мекке жеңісі мұсылмандарды күшейте түсті. Бұл оқиғадан кейін Ислам араб түбегіне түгел тарады. Күпірлік пен серік қосу жұрнақтары түп-тамырымен жойылды. Бұл жеңістің нәтижесінде адамдар Алла Тағала дініне қауым-қауым болып кіре бастады. Исламның туы көкте желбіреді. Ал, пұтқа табынушылар қалдығы құрып бітті. Мекке жеңісі иләһи сүйінші хабар еді. Өйткені, мұсылмандар әлі Меккеге аттанбай тұрып осы сүре түскен еді. Бұл өз кезегінде пайғамбарлықтың ең айқын дәлелінің бірі.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ

- 1. (Мұхаммед) Алланың жәрдемі және жеңіс келген кезде.**

Алла Тағала пайғамбарға (ρ) және мұсылмандарға: *«Уа, Мұхаммед! Алладан дұшпандарыңның үстінен жеңіс келген*

сәтте және Мекке жеңісі болғанда» деп, берген нығметін айтып үн қатуда. Бұл аят пайғамбарлықтың айқын дәлелі. Өйткені, сүре Мекке жеңісі болмай тұрып-ақ түскен.

وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ اللَّهِ أَفْوَاجًا

2. Сондай-ақ, адамдардың Алланың дініне топ-тобымен кіргенін көргенінде.

Арабтардың ешбір соғыссыз және қан төгіссіз ру-ру болып дінге кіріп жатқанын көргенінде. Ибн Касир: *«Барлық араб рулары Мекке жеңісін күтіп: Егер Мұхаммед өз еліне үстем болса, пайғамбар болғаны»,* – деуші еді. Мекке фатх етілген соң араб рулары, тайпалары дінге кіре бастады. Екі жыл өтпей-ақ араб жері толығымен мұсылман болды. Араб жазирасында тек Ислам дінінің мерейі үстем болды.

فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا

3. Мақтаулар айтып Раббыңды дәріптеп һәм жарылқау тіле. Негізінен Алла – тәубені қабыл етуші.

Дұшпанға үстемдік, Мекке жеңісі және адамдардың дін қабылдауы сияқты үлкен нығметтер үшін Алла Тағалаға мақтау айт. Әрі өзіңе және үмбетіңе жарылқау тіле. Ақиқатында, Алла Тағала өте Кешірімді және мұсылман пенделеріне ерекше Мейірімді.

Бұл сүреде пайғамбарымыздың (р) дүниемен қош айтысуы мензелген. Сондықтан, сүренің екінші аты *«Тәудиг»* (қоштасу). «Насыр» сүресі түскенде пайғамбарымыз (р) Айша (р.а.) анамызға: *«Менің уақытымның тақазанын көріп тұрмын»,* – деген екен. Абдулла ибн Омар (р.а.): *«Бұл сүре қоштасу қажылығында Мина жерінде түсті, артынан «Бүгін сендерге*

діндеріңді толық еттім...»⁵⁶ аяты түсті. Бұдан кейін пайғамбар (р) 80 күн өмір сүрді»⁵⁷, – дейді.

Абдулла ибн Аббас (р.а.): «Омар мені бадрлық үлкен кісілермен бірге мәжіліске кіргізетін. Олардың кейбіріне бұл жақпай: *«Баланы неге кіргізесің, біздің де балаларымыз бар емес пе?»*, – дейді. *«Оны сендер дұрыс танымайсыңдар»*, – деп, бір күні мені шақырып мәжіліске кіргізді. Мені оларға көрсету үшін шақырғанын түсіндім. Омар оларға: *«Алла Тағаланың «Алланың жәрдемі және жеңіс келген кезде» аяты жайлы не дейсіңдер?»*, – деді. Отырғандардың бірі *«Алла Тағаладан жәрдем келсе, жеңіс болса мадақ айтып, жарылқау тілеуге әмір етіліп тұр»* – деді. Ал, кейбірі үндемеді. Омар: *«Аббастыңұлы! Сен не дейсің?»* – деді. Мен: *«Олай айтпаймын»* – дедім. Омар: *«Сен не дейсің?»* – деді. Мен: *«Бұл Алла елшісінің (р) ажалы келгенін өзіне білдіруде. Аят пайғамбардың дәм-тұзының азайғанының белгісі»*, – дедім. Омар: *«Уаллаһи, мен сен айтқаннан басқасын білмеймін, – деді»*⁵⁸.

«МӘСӘД» СҮРЕСІ

⁵⁶ Маида сүресі, 3-аят

⁵⁷ Құртуби, 20/233

⁵⁸ Жамъ фауаид уә аъзабу мәуәрид, 2/285

«Мәсәд» сүресі меккелік. Бұл сүре «Ләһәб» және «Тәббәт» деп те аталады. Сүре Алла Тағаланың және елшісінің дұшпаны Әбу Ләһәбтың құрдымға кетуі жайлы әңгімелейді. Әбу Ләһәб пайғамбарға қаскөй дұшпан болып алды. Барлық шаруасын қойып, Алла елшісінің (р) соңына түсіп, насихатына килігіп, адамдарды иманнан қайтармақ боп тырысты. Сүре ақыретте оған лаулап жанған отқа оранатындығын уәде етуде. Әбу Ләһәбпен бірге әйелі де азапталады. Әйеліне арнайы ауыр азап беріледі. Оның мойнына отты арқан салынып, тозаққа сүйретіледі. Бұл оны қорлау үшін.

Сүренің түсу себебі

Ибн Аббас (р.а.) риуаят етеді: *«Жақын ағайындарыңа ескерт!⁵⁹»*, – аяты түскенде, Пайғамбар (р) Сафа жотасына шығып: *«Ей, Бәну Фихр! Ей, Бәну Ади!»*, – деп Құрайыш руына жар салды. Жұрт түгел жиналды, келе алмағаны кісі жіберді. Жиналғандардың арасында немере ағасы Әбу Ләһәб та келді. Жұрт: *«Не айтпағың бар?»* – деді. Пайғамбар (р): *«Сендерге мына жотаның арғы жағында шабуылдайын деп тұрған жау бар десем, маған сенесіңдер ма?»* – деді. Олар: *«Иә, сенен еш уақытта өтірік естіп көргеніміз жоқ»*, – десті. Сонда пайғамбар (р): *«Расында мен сендер үшін келетін қатты азапты алдын ала ескертуші ғанамын»*, – деді. Сонда Әбу Ләһәб: *«Құрып кеткір, Мұхаммед! Осы үшін бізді жинадың ба?!»* – деді. Сонда Алла Тағала *«Әбу Ләһәбтың екі қолы құрысын! Құрыды да»* деген сүрені түсірді.

Тариқ әл-Мұхариби: *«Мен Зул-мажаз базарында едім. Ол кезде жас жігіттің. Бір кісі жұртқа: «Алладан басқа тәңір жоқ деп айтыңдар, жақсылыққа жетесіңдер», – деп жар*

⁵⁹ Шұғара сүресі, 214-аят

салып жүрді. Ал, артынан біреу тас лақтырып табаны мен балтырын жаралап: «Уа, халайық! Бұл өтірікші, оның сөзін құптамаңдар», – деп айтып жүр. Мен «Бұл кім?» – дедім. Жұрт: «Мұхаммед, өзін пайғамбармын дейді, ал анау немере ағасы Әбу Ләһәб, оны өтірікші деуде⁶⁰», – деп жауап берді.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

تَبَّتْ يَدَا أَبِي لَهَبٍ وَتَبَّ

1. Әбу Ләһәбтың екі қолы құрысын! Құрыды да.

Әуелгісі қарғыс болса, екіншісі оның расында да құритындығын білдіретін ескерту. Тәпсіршілер: «Қол» деп айтқанымен адам тұтастай меңзеледі. Араб салтында бір нәрсе жайлы айтарда оның бөлшегін ғана (адамды айтпақ болғанда оның басы, мойны немесе қолын ғана) айту әдеті бар. Әбу Ләһәбтың есімі Абдулузза ибн Абдулмутталиб. Әйелі, соқыр Үмму Жәмил, Әбу Суфиянның әпкесі. Бұл екеуі пайғамбарымызға (ρ) қатты дұшпандық жасаған.

Ерлі-зайыпты өздері жайлы аят түскенін естігенде, Алла елшісіне (ρ) келеді. Пайғамбар (ρ) мешітте Қағбаның жанында Әбу Бәкір екеуі бірге отырған еді. Әйел қолына тас алып, пайғамбарға (ρ) жақындап келгенде, Алла Тағала оның көзін байлап, әйел тек Әбу Бәкірді ғана көріп тұрды. Әбу Бәкірге: «Жолдасың маған тіл тигізіп жүргенін естідім. Оны көрсем мына таспен аузынан ұрамын», – деп кетіп қалды. Әбу Бәкір: «Уа, Алла елшісі! Қарасаңызшы, сізді көріп тұр емес пе?» – деді. Пайғамбар (ρ): «Мені көрген жоқ. Алла Тағала оның көзін байлап қойды», – деп жауап берді.

⁶⁰ Құртуби 20/236

Құрайыш пайғамбарымызға (р) тіл тигізіп, «Мұхаммед» (Мақтаулы) деудің орнына «Музаммим» (Мазақ етілуші) дейді. Ал, пайғамбарымыз (р): *«Алла Тағала Құрайыштың зиянын менен қалай бұрып алып кеткеніне таң қалмайсыңдар ма? Олар маған тіл тигізіп, музаммим дейді. Ал, мен Мұхаммедпін»,* – дейтін.

Араб салтында кісі күниямен (пәленшенің әкесі деп) аталса, ол кісінің абыройлы әрі құрметті екенін аңғартады. Неге аятта Абдулузза деп емес, Әбу Ләһәб деп айтылған? Хазин: «Бұның бірнеше жауабы бар:

1. Ел аузында ол атымен емес күниясымен танымал болатын. Егер атымен айтылса, ел әңгіме кім жайлы екенінен бейхабар болар еді;

2. Узза – арабтарды пұт құдайы. Уззаның құлы есімі Алла Тағалаға серік қосу мағынасын білдіреді;

3. Бұл бақытсыз тозақи адам болғандықтан Әбу Ләһәб – «отқа оранушы» деген аты затына лайық болып тұр⁶¹.

مَا أَغْنَىٰ عَنْهُ مَالُهُ وَمَا كَسَبَ

2. Оның малы да, кәсібі де өзіне пайда бермеді.

Оған жинап-терген мал-дүниесі де, атақ-абыройы да түк пайда бермейді. Ибн Аббас (р.а.): «Кәсібі» деген бала-шағасы. Себебі, бала – адамның кәсібі», – дейді. Риуаятта: *«Алла елшісі (р) өз жұртын иманға шақыра бастаған кезде, Әбу Ләһәб: «Бауырымның баласы шақырып жүрген нәрсе шын болып шықса, мен мал-дүние мен бала-шағамды құрбан етіп азаптан*

⁶¹ Тафсир Хазин 4/317

жанымды аман алып қаламын», – дейді. Сонда осы аят уахи етілді⁶².

Әл-Әлуси: «Әбу Ләһәптың үш ұлы: Ұтба, Мұғтаб және Ұтайба бар еді. Мекке азат етілген күні алғашқы екі ұлы иман етті. Және Хунайн және Тауф жорықтарына қатысты. Ал, Ұтайба иман етпеді. Ұтайбаның әйелі Алла елшісінің (р) қызы Үмму Күлсім еді. Ал, әпкесі Руқия Ұтбаның әйелі болатын. Осы сүре түскен кезде Әбу Ләһәп ұлдарына: «Сен екеуің Мұхаммедтің қыздарымен ажыраспаңдар, маған харамсыңдар», – дейді. Олар әкесіне көніп ажырасып кетеді. Ұтайба әкесімен Шамға аттанып бара жатып: «Мен Мұхаммедке барып, оны қорлаймын», – деп: «Уа, Мұхаммед! Мен сенің сөздеріңе сенбеймін», – деп пайғамбарымыздың қарсы алдына түкіріп Үмму Күлсіммен сол арада ажырасады. Пайғамбарымыз (р) ашуланып: «Раббым, оған Өзіңнің иттеріңнің бірін айдап сал», – деп дұға жасады. Осы сапарда бейбақты арыстан жыртып тастаған еді.

سَيَصْلَى نَارًا ذَاتَ لَهَبٍ

3. Ол жақын арада жалындаған отқа кіреді.

Ал, Әбу Ләһәбтың жағдайы Құран уәде еткендей болды. Бадр шайқасынан кейін жеті күннен соң оба сияқты жұқпалы аурудан өлді. Ол үш күн көмілмей жатып қалды. Саси бастаған соң, масқара болудан қорқып қазылған шұңқырға таяқпен итеріп тастап, отбасы үстін таспен көміп тастады.

وَأْمُرْ أَتَّهُ حَمَّالَةَ الْحَطَبِ

4. Әйелі отын көтеріп кіреді.

⁶² Мұхтасар Ибн Касир 3/690

Оның «соқыр» әйелі Үмму Жамил өсек тасып, адамдар арасына дұшпандық пен өшпенділік салумен әлек еді. Әбу Саъуд: *«Ол бір бума тікен алып түнделетіп зиянкес жасау үшін пайғамбарымыздың жолына жайып тастайтын»*, – дейді.

فِي جِدِّهَا حَبْلٌ مِنْ مَسَدٍ

5. Оның мойнында – есілген арқан болады.

Қиямет күні азапталуы үшін мықты арқан мойына салынады. Мұжаһид: *«Темірден ноқта»* десе, Ибн Мусаяб: *«Оның жасауһардан өте бағалы алқасы болатын Ол: Лат және Уззамен ант етемін, мұны Мұхаммедке дұшпандық жолында жұмсаймын, – дейтін»*, – дейді.

«ЫҚЫЛАС» СҮРЕСІ

«Ықылас» – меккелік сүре. Ықылас сүресі затында және сипатында Бір Алла Тағаланың сипаттары жайлы әңгімелейді. Алла Тағаланың сипаттары кемел. Ешбір нәрсеге тәуелді, мұқтаж емес. Кемшіліктен пәк. Насара діндегілер құдайды үшеу дегені және мүшріктер құдайдың ұрпағы мен балалары бар деп айтқан сияқты сипаттары ешбір жанның сипатына ұқсас та, шамалас та емес.

Сүренің түсу себебі:

Бір топ мүшріктер Алла елшісіне (р) келіп: *«Уа, Мұхаммед! Бізге Раббыңды сипаттап (суреттеп) бер, Ол алтыннан ба, күмістен бе, меруерттен бе әлде жақұтан ба?»* – дейді. Сонда осы сүре уахи етілген.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ

1. (Мұхаммед) Айт: Ол, Алла Ахад (Жалғыз).

Тәпсірі: «Әй, Мұхаммед! Мазақ еткен мүшріктерге: мен құлшылық ететін және сендерді де Оған құлшылық етуге шақырып жүрген Раббым Жалғыз және Дара. Оның серігі жоқ, затында, сипатында және ісінде ұқсасы мен шамаласы да жоқ. Ұлық Алла затында жалғыз және сипатында дара. Насаралар сеніміндегідей үшеу: әке, бала және киелі рух емес. Сондай-ақ, мүшріктер сеніміндегідей құдай көп емес. Ташилде: «Біліңіз, Алла Тағаланы жалғыз деп сипаттаудың үш мағынасы бар. Оның барлығы да Алла Тағала хақында дұрыс:

Бірінші: Ол Өзімен бірге жұптасы жоқ бір. Бұл сан тұрғысынан пәктеу.

Екіншісі: Ол Жалғыз, теңі мен серігі жоқ. Мәселен, пәленше заманының жалғызы дегендей. Яғни, оған тең келер ешкім жоқ деген мағынада.

Үшіншісі: Бөлінбейді және бөлшектенбейтін Жалғыз.

Сүреде мүшріктерге жауап ретінде Алла Тағаланың серігі жоқ екендігі айтылуда. Алла Тағала уахданият⁶³ жайлы Құран Кәрімде көп айқын дәлелдер келтірген. Мұндай дәлелдер өте көп. Олардың ең айқыны төртеу: біріншісі: *«Жаратушы біреу, жарата алмайтын біреумен тең бе?...»⁶⁴* *«Егер жер мен көкте Алладан басқа да тәңірлер болса еді, әлбетте екеуі де бұзылып*

⁶³ Алла Тағала заты мен сипатында һәм ісінде жалғыз. Ешбір серігі мен теңдесі жоқ

⁶⁴ Нахыл сүресі, 17-аят

кетер еді...⁶⁵» «(Мұхаммед (р) Егер Алламен бірге олардың айтқандарындай тәңірлер болса, онда әрине ғарышының Иесіне бір жол іздер еді⁶⁶», «Алла еш бала иемденбеді. Онымен бірге тәңір де жоқ. Ондай болғанда, әрине әр тәңір өз жаратқанын алып кетер еді де бір-біріне үстемдік етер еді...»⁶⁷.

اللَّهُ الصَّمَدُ

2. Алла – Самад (мұқтажсыз, ал барлық жаратылыс Оған мұқтаж)

Жаратылыс үнемі Оған мұқтаж. Ал, Ол ешбір нәрсеге мұқтаж емес. әл-Әлуси: «Самад (Мұңсыз) – өзінен жоғары ешкім жоқ мырза. Жұрт оған сүйенеді. Адамдар өз істерінде және мұқтаждығында Оған сүйенеді», – деп ашықтайды.

لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ

3. Ол тумады да туылмады.

Оның ұл және қыз перзенті жоқ. Өйткені, Оның сипаттары шексіз кемел және мінсіз һәм кемшіліксіз. Тәпсіршілер: «Бұл аят Алла Тағаланың баласы бар дегендерге жауап. Яһудилер өз сөздерінде: «...Ұзайыр Алланың ұлы...⁶⁸» десе, насаралар: «...Иса Алланың ұлы...⁶⁹» деген. Және араб мүширіктері «Тағы олар, Аллаға қыздарды ұйғарды (періштелерді Алланың қыздары

⁶⁵ Әнбия сүресі, 22-аят

⁶⁶ Бәну Исраил, 42-аят

⁶⁷ Мүминун сүресі, 91-аят

⁶⁸ Тәубе сүресі, 30-аят

⁶⁹ Тәубе сүресі, 30-аят

дейді)» деген. Мұның барлығына жауап. Бала әкесінің қанынан туады. Алла Тағала әзәли мәңгі. Оған ұқсайтын еш нәрсе жоқ. Оның баласы болуы мүмкін емес. Және бала тек жұбайы барда ғана болады. Бұл жайлы Құранда: «Көктер мен жерді жоқтан бар етуші. Оның баласы қалайша болады? Оның бір жұбайы жоқ...⁷⁰», – деп айтылған.

Және Өзі де әке-шешеден тумаған. Өйткені әрбір туылған тіршілік жоқтан пайда болады. Ал, Алла Тағала бастауы жоқ мәңгі құдірет. Бұл жан-жақты ешбір жағынан серігі жоқ екеніне дәлел.

وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ

4. Әрі Оған ешкім тең емес.

Алла Тағаланың ешбір тұсынан ұқсасы, теңі немесе қатары жоқ. Жаратқан заттарының ешқайсысы Оған ұқсамайды. Затында да, сипатында да және ісінде де. Құдси хадисте: «Алла Тағала: Адам баласы Мені өтірікке шығарады. Оның бұлай етуге ақысы жоқ еді. Маған тіл тигізеді. Оның бұлай етуге ақысы жоқ еді. Мені өтірікке шығаруы: мені жаратқаны сияқты, қайта жарата алмайды, – деп айтуы. Оны алғаш жаратуым, қайта бар етуден қиын емес. Ал, Маған тіл тигізуі: Алланың баласы бар, – деп айтуы. Мен Жалғыз Мұңсызбын. Мен тумаған және туылмаған және Оған ешкім тең емес Алламын, – дейді», – делінген.

Бұл сүре төрт аяттан құралған. Сүре өте қысқа бірақ ерекше ғажап. Алла Тағаланың сипаттарын қамтиды. Сонымен бірге, кемшілік және нұқсан сипаттардан Жаратушыны пәктеуде. Бірінші аят Алланың бірлігін, екінші аят кемелдігін дәлелдеп,

⁷⁰ Әнғам сүресі, 101-аят

үшінші аят кемшілігін жоққа шығаруда, ал төртінші Жаратқанның ұлылығын айта отырып, ұқсас пен теңі жоқтығын баян етуде.

Хадис: *«Кімде-кім «құл һуа Аллаһу Ахадты» оқыса, Құранның үштен бірін оқығандай болады⁷¹»* деген. Ғалымдар: *«Құранның ілімі: таухид, үкімдер және қиссалардан тұрады»,* – деген. Бұл сүре таухидты баяндағандықтан тақырыптық тұрғыдан ескерсе Құранның үштен бірі болып табылады. «Ықылас» сүресін сол ниетпен оқыған адамға да Құранның үштен бір сауабы тиеді.

«ФӘЛӘҚ» СҮРЕСІ

«Фәләқ» – меккелік сүре. Бұл сүре пенделерге Рахман Алланың қорғауына ғана паналауды үйретуде. Адам баласы Жаратушының ұлылығы мен патшалығынан пана іздейді. Алла Тағаланың жаратқан мақлұқаттарының зиянкестігінен, қараңғы түскен түннің жамандығынан. Түнде жамандық пен бұзықтық жайылатындықтан қараңғыда адам бойын үрей билейді. Және әрбір көреалмаушы мен сиқыршының жамандығынан тек күдірет Иесі Алладан пана сұрауды үйретеді. «Фәләқ» – пайғамбарымыз (р) дем салған екі муғаууиз⁷² сүренің бірі.

⁷¹ Ахмед, Нәсаи

⁷² Муғаууиз-Нәс және Фалақ сүрелері. Мұғаууиз - Алла Тағаладан пана сұрау дегенді білдіреді.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ

1. (Ей, Мұхаммед) Айт: «Таңның иесінен қорғау тілеймін».

Тәпсіршілер: «Пана сұрап, дұға етуде таң уақытын арнайы айтуының себебі, қап-қараңғы түннен кейін таң нұры жарып шығуы қиындықтан кейінгі қуанышты суреттейді. Сондай-ақ, адам таңның атуын асыға күткені сияқты қорқудағы адам да құтылуды тағатсыз күтеді», – дейді.

مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ

2. Жаратқан нәрселерінің жамандығынан.

Барлық мақлұқаттың: адам, жын, жануарлар және жәндіктер жамандығынан. Өзің жаратқан әрбір зиянкестен қорға.

وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ

3. Қараңғылық басқан сәтте түннің жамандығынан.

Түн келіп, қараңғы түскен сәттегі жамандықтан қорға. Түннің қараңғылығында адам және жынның жамандары жер бетіне тарала бастайды. Сондықтан да арабта «Түн жамандықты жасырады» деген мәтел бар. Рази: «Адам түннің жамандығынан пана сұрауға әмір етілуі түнде жыртқыш апанынан, жәндік ұясынан шығады, ұры-қары үйге түседі, өрт те түнде болады және түнде көмекке келуші де аз мезгіл», – деген.

وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ

4. Және түйіндерге үрлеушілердің (дем салушы) жамандығынан.

Жіпке түйін салып, дұға оқитын сиқыршылардың жамандығынан сақта. Сиқыршылар бұл әрекетімен жұртқа зиян жасап, күйеуі мен әйелін ажыратады.

әл-Бахр: *«Пана сұрау «мұғаууизатайн» екі сүренің түсуіне Ләбид ибн Асам атты сиқыршы қиссасы себеп болды. Сиқыршы Алла елшісінің (р) тарағына дуа жасайды. Тараққа он бір түйін түйін, оны инемен түйреп қояды. Сонда осы екі сүре уахи етілді. Пайғамбарымыз (р) бұл сүрелердің әрбір аятын оқыған сайын бір түйін шешіліп, бойын жеңіл сезіне бастайды. Ең соңғы түйін шешілгенде, бұғаудан босаған сияқты бойы сергіп қалған екен», – дейді.*

وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ

5. Және күншілдердің көре алмаған кездегі жамандығынан (пана іздеймін)», – де.

Кісіден жақсылықтың кеткенін қалайтын көре алмаушының жамандығынан сақта. Ол Алланың берген нығметіне разылық танытпайды іші тар бейбақ.

«НАС» СҮРЕСІ

«Нас» сүресі – меккелік. Бұл екі мұғаууиз⁷³ сүренің екіншісі. Аталмыш сүреде қас дұшпан Ібіліс және оның адам мен жыннан болған көмекшілерінің жамандығынан әлем Рабысынан пана

⁷³ Мұғаууиз-Нас және Фалақ сүрелері. Мұғаууиз - Алла Тағаладан пана сұрау дегенді білдіреді.

сұрау әңгімеленген. Шайтан және көмекшілері адам баласын түрлі азғыру жолдарымен арбауда.

Құран Кәрім екі муғауиз сүремен тәмамдалып, Фатиха сүресімен басталған. Бұл тәсіл – жақсылықпен бастау және жақсылықпен аяқтау қосындысы. Көркемдік пен жақсылықтың ең шыңы. Өйткені, пенде Алла Тағаладан істің басынан аяғына дейін жәрдем сұрап, пана тілейтіні белгілі.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

قُلْ اَعُوْذُ بِرَبِّ النَّاسِ

1. «(Ей, Мұхаммед) Айт: «Адамдардың Раббысынан қорғауын тілеймін.

Адамдарды Жаратушы, оларды тәрбиелеуші, жоқтан бар етуші және түрлі нығметтерге бөлеуші Алладан пана сұраймын. Тәпсіршілер: «Алла Тағала барлық тіршілікті Жаратушы, бірақ мұнда адамды ерекшелеп айтуы адамзаттың басқа мақлұқаттардан қадірлі әрі мәртебелі екенін аңғартады. Өйткені, Алла Тағала адамға жаратылысты бағындырып, ақыл және біліммен күшейткен. Періштелерге адамға сәжде жасауды әмір етуінің сыры да осында жатыр.

مَلِكِ النَّاسِ

2. Адамдардың иесінен (Шын билеушісінен).

Алла Тағала барлық жаратылыстың жалпы, толық әрі кемел Иесі. Оларға төрелік етеді, амалдарын реттейді, қадірлі етеді, қор етеді, бай етеді, кедей етеді, – дейді.

اِلٰهِ النَّاسِ

3. Адамдардың Тәңірінен.

Құртуби: «Алла Тағала: «Адамдардың Иесіне. Адамдардың Тәңіріне» деп айтуы адамдар арасында да патшалар бар,

алайда шынайы патшалық Оған тән. Адамдар арасында да Алладан басқаға құлшылық ететіні бар, алайда шынайы Тәңір және құлшылық етілетін тек Алла екенін естеріне салуда. Және пана сұрау мен сиынуға патшалар мен ұлықтар емес Алла Тағала ғана лайықты», – дейді. Сүренің тәртібінде асқан шеберлік байқалады. Өйткені, тәрбиелеудің түрлерін көрген соң адам әуелі Раббысын тани түседі. Сол себепті әуелгі аят - «Адамдардың Раббына». Тағы ой жүгіртсе, адамдардың іс-әрекетін реттеуші Раббы жаратылғандарға мұқтаж емес. Демек, Ол Алла - «Адамдар иесі». Және пікірлей түссе, Ол құлшылыққа лайықты құдірет екенін түсінеді. Өйткені, еш нәрсеге мұқтаж емес һәм барлық тіршілік Оған мұқтаж зат «Адамдардың Тәңіріне» ғана құлшылық етуге лайықты. Бұл үш аятта жай ғана «олардың» деп есімдікті қолданбай «адамдардың» сөзін қайталауының сыры адам баласының қадірі мен мәртебесін аңғартады. Олардың жағдайына аса мән беретіндігін көрсетеді.

Ибн Касир: «Бұл үш сипат: «Рубубиет, Иелік, Иләһиет» тек Алла Тағалаға тән. Алла Тағала барлық тіршілік һәм мақлұқат атаулының Раббысы, Иесі және Тәңірі. Барлық тіршілік иелері Оның жаратылысы және мүлкі. Сондықтан пана сұраушы осы үш сипаты бар тәңірге сиыну тиіс», – дейді.

مِنْ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ

4. (Алла Тағаланы еске алған кезде) сыбырлап азғырушының кесірінен.

Көңілге жаман ой салатын шайтанның жамандығынан және күнә іске азғыратын адамның жамандығынан сақта. «Ханнас» пенде Раббысына жалбарынса жасырынып, шегіншектейтін шайтан. Ал, пенде Алланы ұмыта бастаса шайтан қайта азғыра бастайды.

الَّذِي يُؤَسِّسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ

5. (Ол) адамдардың көкейлеріне уәсуәса салатын.

Жамандығының қаттылығынан адам баласының жүрегіне түрлі азғырулар мен ойларды салады. Құртуби: «*Азғыру – жүрекке естілмесе де ұғымы жететін жасырын сөз*», – дейді.

مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ

6. Жын мен адамдардан (болған бүкіл азғырушылардың кесірінен Аллаға сиынамын), – де.

Бұл аятта адам және жын атаулының шайтанынан қоса пана сұрау қажеттілігі баяндалуда. Адамның шайтандары жын шайтандарынан әлдеқайда қауіпті екені белгілі. Өйткені, жынның шайтаны тек сыбырлайды. Ал, адамның шайтаны арсыздық пен тыйым амалдарды әдемі етіп көрсетеді. Мұндай азғырулардан тек Алла сақтаған адам ғана қорғана алатыны ақиқат.

Айша (р.а.) анамыз риуаят етеді: «*Алла елшісі (р) төсегіне жатарда, екі алақанын қосып «құл һуа Алланы» және екі тағаууз сүрелерін оқып, денесін қолы жеткен жеріне дейін сипалайтын. Ол басынан және жүзінен бастайтын. Бұл әрекетін үш рет қайталайтын»*⁷⁴.

⁷⁴ Барлық сүнән кітаптарында бар

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	3
Кіріспе	6
«Нәбә» сүресі	9
«Назиғат» сүресі	19
«Ғабаса» сүресі	30
«Тәкуир» сүресі	40
«Инфитар» сүресі	48
«Мутаффифин» сүресі	53
«Иншиқак» сүресі	64
«Буруж» сүресі	72
«Тарик» сүресі	79
«Ағлә» сүресі	85
«Ғашия» сүресі	92
«Фәжр» сүресі	99
«Бәләд» сүресі	108
«Шәмс» сүресі	114
«Ләйл» сүресі	119
«Дұха» сүресі	125
«Инширах» сүресі	130
«Гин» сүресі	135
«Алақ» сүресі	140
«Қадір» сүресі	146
«Бәйинә» сүресі	148
«Зилзәл» сүресі	153
«Ғадят» сүресі	156
«Қариға» сүресі	159
«Тәкәсүр» сүресі	162
«Асыр» сүресі	166
«Һумәзә» сүресі	168

«Фил» сүресі	171
«Кұрайыш» сүресі	174
«Мағун» сүресі	177
«Кәусар» сүресі.....	180
«Кәфирун» сүресі	182
«Насыр» сүресі	185
«Мәсәд» сүресі.....	188
«Ықылас» сүресі.....	193
«Фәләқ» сүресі	197
«Нас» сүресі	200

ҚМДБ наиб мүфтиі,
«Әзірет Сұлтан» мешітінің
Бас имамы Серікбай ОРАЗ

ТӘПСІР ТҰНЫҒЫ

(30-ПАРА)

Редакторы: Құдайберді Бағашар, Руслан Қамбаров

Корректоры: Руслан Қамбаров

Көркемдеуші дизайнері: Бекболат Алтынбекұлы